

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN**

**«І.ЖАНСУГІРОВ АТЫНДАҒЫ ЖЕТІСУ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕ АҚ
НАО «ЖЕТЫСУСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ И.ЖАНСУГУРОВА»
«ZHETYSU UNIVERSITY NAMED AFTER ILYAS ZHANSUGUROV»**

**«ҒАЛИ ОРМАНОВ МҰРАСЫНЫҢ ҚАЗІРГІ ӘДЕБИЕТТАНУДАҒЫ
ОРНЫ МЕН МАҢЫЗЫ»**

Республикалық ғылыми-тәжірибелік (онлайн) конференция

МАТЕРИАЛДАРЫ

МАТЕРИАЛЫ

Республиканской научно-практической онлайн-конференции

**«РОЛЬ И ЗНАЧЕНИЕ НАСЛЕДИЯ ГАЛИ ОРМАНОВА
В СОВРЕМЕННОМ ЛИТЕРАТУРОВЕДЕНИИ»**

MATERIALS

of the Republican scientific and practical online conference

**«THE ROLE AND SIGNIFICANCE OF THE LEGACY OF GALI
ORMANOV IN MODERN LITERARY CRITICISM»**

УДК 821.512.122.0

ББК 83.3 (5 Каз)

Ғ32

Редакция алқасы

Редакционная коллегия: Қ.М. Баймырзаев (бас редактор), А.С. Бахтаулова (бас редактордың орынбасары), Л.Н. Карашолакова, А.Г. Толамисов

Editorial colleague: K.M. Baimyrzaev (editor-in-chief), A.S. Bakhtaulova (deputy of editor-in-chief), L.N. Karasholakova, A.G.Tolamisov

«ҒАЛИ ОРМАНОВ МҰРАСЫНЫҢ ҚАЗІРГІ ӘДЕБИЕТТАНУДАҒЫ ОРНЫ МЕН МАҢЫЗЫ» Республикалық ғылыми-тәжірибелік (онлайн) конференция материалдары. - Талдықорған, І.Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, 2022. 88 б.

Материалы Республиканской научно-практической онлайн-конференции

Ғ32

«РОЛЬ И ЗНАЧЕНИЕ НАСЛЕДИЯ ГАЛИ ОРМАНОВА В СОВРЕМЕННОМ ЛИТЕРАТУРОВЕДЕНИИ» – Талдықорған, Жетысуский университет им. И.Жансугурова, 2022. 88 с.

«THE ROLE AND SIGNIFICANCE OF THE LEGACY OF GALI ORMANOV IN MODERN LITERARY CRITICISM» *Materials of the Republican scientific and practical online conference* – Taldykorgan, Zhetysu University named after I.Zhansugurov, 2022. 88 p.

ISBN 978-601-216-808-2

Жинақ материалдары білім беру мен ғылым саласында инновациялық зерттеу жұмыстарымен айналысатын ғалымдарға, докторанттарға және магистранттарға арналған.

Материалы сборника предназначены ученым, докторантам и магистрантам, занимающимся исследованиями инноваций в образовании и науке.

Collection of materials is intended for scientists, Master and Doctor students, who are interested in innovative research in education and science.

УДК 821.512.122.0

ББК 83.3 (5 Каз)

ISBN 978-601-216-808-2

**І.Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің Басқарма Төрағасы - Ректор,
география ғылымдарының докторы, профессор,
Ы.Алтынсарин атындағы ұлттық білім академиясының академигі
Қ.М. Баймырзаевтың**

АЛҒЫ СӨЗІ

Қадірменді әріптестер, қонақтар, І.Жансүгіров атындағы Жетісу университетінде өткізіліп отырған «Ғали Орманов мұрасының қазіргі әдебиеттанудағы орны мен маңызы» атты Республикалық ғылыми тәжірибелік конференцияға қош келдіңіздер!

Халқымыздың ардақты ақындарының бірі, талантты лирик, ғажап аудармашы, білікті әдебиетші, қаламы жүйрік журналист, қазақ поэзиясының көрнекті көркемсөз шеберлерінің бірі – Ғали Орманов. Ол – жан сырларын, табиғат сипаттарын суреттеген, лирикалық жырларын азаматтық әуендермен тоғыстыра білген айтулы ақын. Көптеген өлеңдер жинағының, бірнеше поэма, әңгіме және очерктердің авторы.

Ақын Жер жәннаты Жетісу өлкесінде, қазіргі Алматы облысының Қапал ауданына қарасты Ешкіөлмес тауының бауырында дүниеге келген. Ғали бастауыш мектепте білім алып, сауатын ашқан соң, Алматыдағы халық ағарту институтының дайындық курсында оқиды. Абай атындағы Қазақ педагогика институтын бітірген соң, біраз жыл мұғалім болып, одан кейін «Социалистік Қазақстан» (қазіргі «Егемен Қазақстан») газетінің редакциясында қызмет атқарады. 1939-1945 жылдары «XX ғасырдың Гомері» атанған, жыр алыбы – Жамбылдың әдеби хатшысы болды.

Ұлы Отан соғысы жылдары «Майдан» альманахының редакторы, соғыстан кейін «Әдебиет және искусство» журналының жауапты редакторы болып бірнеше жыл жұмыс істеді. Қазақтың мемлекеттік көркем әдебиет баспасында бас редактор, Қазақстан Жазушылар одағында хатшы қызметтерін атқарды.

Бізде әдетте лирика жайында сөз болса, Ғ.Ормановтың аты аталмай кетпейді. Бұл заңды да. Өйткені қазақ кеңес поэзиясының лирика жанрын дамытуда, оны өзгеше бояу-реңктермен молықтыруда Ғали Ормановтың еңбегі ерекше. Қазақтың қалың оқушы жұртшылығы оны күйлі де сырлы нәзік лириканың майталман шебері деп таниды. Оның ақындық қуаты шығармаларының сыршылдығында, әсерлілігінде ғана емес. Ол саф мөлдір, тұнық ойларын «тас бұлақтың суындай» келісті де көркем өлең жолдарына құя біледі. Оның тілі мейлінше бай, әрі ойлы да образды. Ол не туралы жырласа да, қысылып-қымтырылмай, еркін жазады.

Бүгінгі таңда Ғали Орманов қырық жыл бойы көркем әдебиет саласында жемісті еңбек етіп, тарихта аты алтын әріппен жазылатын қазақтың атақты ақындарының бірі ретінде мәңгі-бақи халқының жүрегінде сақталады.

Баршаңызға бүгінгі конференцияда сәттілік, шығармашылық табыс тілеймін!

UDC 541

METHODS AND MEANS OF TEACHING LEGAL DISCIPLINES

Mussekenova A., Master of Law, lecturer

Valiyeva A., student

Zhetysu University named after I. Zhansugurov

This article deals with the problem of introducing modern educational and information technologies into the educational process, which make it possible to form the key competencies of future specialists by creating educational and dialogical situations in the educational environment.

Keywords: *competent specialist; key competencies; pedagogical innovations; information and communication technologies; personality-oriented model; educational and dialogical situations.*

Бұл мақалада білім беру ортасында оқу-диалогтық жағдайларды құру арқылы болашақ мамандардың негізгі құзыреттерін қалыптастыруға мүмкіндік беретін заманауи білім беру және ақпараттық технологияларды білім беру процесіне енгізу мәселесі қарастырылады.

Тірек сөздер: *құзыретті маман; түйінді құзыреттер; педагогикалық инновациялар; ақпараттық-коммуникациялық технологиялар; жеке тұлғаға бағытталған модель; оқу-диалогтік жағдайлар.*

В данной статье рассматривается проблема внедрения в образовательный процесс современных образовательных и информационных технологий, позволяющих формировать ключевые компетенции будущих специалистов с помощью создания учебно-диалогических ситуаций в образовательной среде.

Ключевые слова: *компетентный специалист; ключевые компетенции; педагогические инновации; информационно-коммуникационные технологии; личностно-ориентированная модель; учебно-диалогические ситуации.*

The priority directions characteristic of the education system in the Republic of Kazakhstan at the present stage of development highlight the innovative role of education in providing the country with competent specialists.

The evaluation of the results of the development of the educational program is complex and is expressed by the degree of formation of the graduate of the competencies provided by the standard.

When hiring modern specialists, employers impose high professional requirements, including readiness for independent performance of professional actions and evaluation of the results of their work. In the sphere of social security and social protection of citizens, as in many other spheres of activity, social responsibility and efficiency in decision-making, mobile response to non-standard situations is of great importance.

Pedagogical innovations contribute to the implementation of these priority requirements. Innovations in educational activities are the use of new knowledge, techniques, approaches, technologies and methods of active and interactive learning [1, p. 35].

When teaching legal disciplines in the specialty «Law and organization of social security», such active and interactive teaching methods as a problem lecture, independent work with literature and normative legal acts, collective thought activity, creative tasks, project method, "everyone teaches everyone", as well as training based on the use of information technologies are most often used technologies.

The introduction of modern educational and information technologies into the educational process allows the formation of key competencies among students, the consolidation of skills and abilities in various fields of activity; the development of thinking, the ability to independently plan their educational, self-educational activities; to cultivate habits of strict adherence to the requirements of the discipline in the organization of training sessions.

The use of a multimedia projector in the classroom during the study of theoretical material makes it possible to create a qualitatively new information and educational basis for the development and improvement of the system of assimilation of educational material by students, as well as during practical classes and course design to use the most effective, consistent actions that require less time, material and intellectual resources to achieve the goals set for students.

The most successful educational technology used in teaching legal disciplines is a personality-oriented model based on the creation of educational and dialogical situations in which students become full participants in the educational process. Personality-oriented training implies an individual approach to each student, taking into account both the level of his abilities and intelligence, as well as training in interdisciplinary courses and professional modules.

Any study group is heterogeneous, since the study groups differ in many parameters: the level of training, the ability to master educational material and the ability to communicate, intellectual abilities, motivation to study the subject. But even students with insufficient motivation when using personality-oriented technology in the classroom increase their personal indicators, thus showing interest in their future profession [6, p. 278].

For the diversity of the educational process in the professional training of lawyers, it is advisable to use lessons-excursions to law enforcement agencies, social security and social protection agencies on the territory of the Republic of Kalmykia. Also, modern informational and video material of court sessions in civil cases is widely used, which is used in classes in the disciplines of the specialty Law and social security organization. In the office of professional disciplines, a file of video films of trials in various cases has been compiled. The scheme of application of video materials is as follows: the topic of the lesson is announced, a plan with questions that are proposed for study is recorded, the video material is viewed, then discussion and compilation of a brief summary on the topic, sometimes with repeated viewing of some fragments. Homework is the preparation of a test for 5-10 questions on the material studied in the classroom. Such classes are always interesting for students. For a more in-depth study of theoretical material and independent work, it is advisable to divide the study group into small groups. Each small group is invited to prepare a question on the topic in the form of an oral presentation by each with a general multimedia presentation. In preparation for such a lesson, students are explained what work in cooperation is, what their task is, and how everyone's participation will affect the result of the work of a small group. In the course of such independent activity, students are given the opportunity to express their opinion, correct or correct the answer. If difficulties arise, the method of "brainstorming" can be used, that is, a collective search for the right solution. In these situations, the teacher is a consultant, providing competent assistance to the participants of the discussion [3, p. 56].

The use of information and communication technologies makes it possible to significantly speed up the process of mental activity of each student, automate his work, since today's students read very little printed publications, but communicate with each other continuously via cellular communication, and a modern mobile phone is a minicomputer [2, p. 47].

The use of innovative technologies is advisable when performing practical exercises in the professional training of future lawyers in the field of social security and social protection of citizens, for example, in the computer program Power Point.

During the final conference on industrial practice in the specialty "Law and organization of social security", the use of information and communication technologies allows each student to show how he worked during practice, the level of individual task performance and to show a multimedia presentation of the practice report, accompanied by oral explanations.

Currently, it looks relevant to train future specialists in professional skills using the method of course design (course work). Coursework is one of the main types of training sessions and a form of control of students' academic work. Course work is the main type of cognitive activity of students, contributes to the development of general and professional competencies, independent decisions, the desire to find answers to emerging questions, check the correctness of their answers

based on the analysis of legal information, the ability to work with scientific and educational literature, regulatory legal acts.

The completion of the course work gives students the opportunity to show educational and cognitive, informational, social and labor knowledge, skills and abilities, communicative ability, which determine the further success of the functioning of a specialist in the conditions of professional life. The future lawyer perceives his work as a necessary and in-demand research on the analysis of existing legal norms, the results achieved help to realize that professional competencies are a necessary means to ensure a person's ability to make decisions, adapt to society, form self-confidence as a specialist [4, p. 194].

An important stage of the course work is its protection. For many students, this is the first public speech in their lives, when they need not just to correctly tell the memorized text, but to answer opponents' questions, justify them correctly, defend their decisions. This is the first experience in preparing for the implementation and defense of the final qualifying work.

Course design (course work) gives the teacher the opportunity to get an objective picture of the level of mastery of students' general and professional competencies, assess the actual situation, make the necessary adjustments.

In the professional training of future lawyers, gaming technology is effectively used in the form of business games. Thanks to this technology, each student works enthusiastically, students receive new knowledge freely, competencies in their chosen specialty are successfully formed. What seemed difficult, even unattainable to the students in the lesson, is easily assimilated during the business game lesson.

In the context of the innovation strategy of the holistic pedagogical process, the role of teachers as direct carriers of innovative processes is significantly increasing. With all the variety of teaching technologies: didactic, computer, problem, modular and others — the implementation of the leading pedagogical functions remains with the teacher. The teacher reserves the role of a consultant, adviser, educator. Today, in order to successfully conduct a modern lesson, teachers need to rethink their own position, understand why and why changes are needed, and, above all, change themselves [5, p. 158].

Thus, by applying innovative teaching technologies in the innovative educational process, each teacher makes the educational process more complete, interesting, and saturated.

REFERENCES:

1. Alekseeva L. N. Innovative technologies as an experimental resource/ L. N. Alekseeva // Teacher. - 2014. - No. 3. - p. 78.
2. Bychkov A.V. Innovative culture / A.V. Bychkov // Profile school. - 2015. - No. 6. - p. 83.
3. Deberdeeva T. H. New values of education in the information society / T. H. Deberdeeva // Innovations in education. - 2015. - No. 3. – p. 79.
4. Kvasha V.P. Management of innovative processes in education. Dis. Candidate of Pedagogical Sciences. M., 2014. – 345s.
5. Klimenko T.K. Innovative education as a factor in the formation of a future teacher. Autoref. Dis. Khabarovsk, 2015. – 289 p.
6. Slastenin V.A. et al. Pedagogy: Textbook for students. higher. ped. studies. institutions / V. A. Slastenin, I. F. Isaev, E. N. Shiyanov; Edited by V.A. Slastenin. - M.: Publishing Center «Academy», 2016. – 576 p.

ӘОЖ 841. 411. 127

ФОРМАТИВТІ БАҒАЛАУ - ОҚУШЫНЫҢ ОҚУ ЖЕТІСТІГІН САПАЛЫ БАҒАЛАУ КЕПІЛІ

Адилбекова Г.А.

Талдықорған қаласы Білім беруді дамыту оқу-әдістемелік орталығының әдіскері

E-mail: adilbekova.gulmira@mail.ru

Мақалада жаңартылған оқу бағдарламасы негізінде формативті бағалаудың маңызы, оқушының сабақты өз бетінше ынтамен және жауапкершілікпен оқуынның, өзіндік бақылау-бағалауының маңызы туралы ой-пікір тұжырымдайды.

Тірек сөздер: объективті, репрезентаттық, портфолио, талдау, қадағалау, бағалау.

В статье излагается мысль о значении формативного оценивания на основе обновленной учебной программы, о значении самоконтроля-оценивания, достижения учеником самостоятельности и ответственности за изучение урока.

Ключевые слова: объективный, репрезентативный, портфолио, анализ, наблюдение, оценка.

The article presents the idea of the importance of formative assessment based on the updated curriculum, the importance of self-assessment, the student's achievement of independence and responsibility for the study of the lesson.

Keywords: objective, representative, portfolio, analysis, observation, evaluation.

Педагогикалық әрекеттің негізгі қағидасы - білім алушының дамуына ықпал ету. Баланың үйренуі мен дамуы әр уақытта өзгеріс үстінде болады. Оқушының өз бетінше жігерлі және жауапкершілікпен оқуына қол жеткізу үшін оқушының өзіндік бақылау-бағалауы маңызды роль атқарады. Бұл өзінің және бірге оқитын сыныптастарының іс әрекетін бақылап және бағалауы, оқуда қиындық туғызатын жағдайларды анықтап, содан шығудың жолдарын анықтай алу деген сөз. Бұл дағдыларды күнделікті іс тәжірибеде формативті бағалауды жүйелі қолдану арқылы қалыптастыруға болады.

Сабақтың әр кезеңінде сыныпта жүргізілетін формативті бағалау оқушының икемділігі мен оның дамуының айқын, объективті және репрезентаттық (көзін жеткізу үшін үшін ұсынылатын фактілер) көрінісін бере алады. Формативті бағалау оқушының оқу жетістігін сапалы бағалауға мүмкіндік береді. Ол жүйелі және әрдайым жүргізіледі және нақты жағдайларды сипаттау, күнделіктерді талдау, оқушы жұмыстарының үлгілері, әңгіме, портфолио, тапсырмалар және басқа да жолдармен қадағалау арқылы құжаттандырылған оқудың шынайы және маңызды тәжірибесіне негізделеді. Формативті бағалау оқушы үшін маңызды, оқу мақсатын өзі қоя отырып, оған жетудің жолдарын айқындап, әрекеттері мен жетістіктерін бағалай алады.

Қазақ тілі сабағында жүргізілетін формативті бағалау әрбір жеке оқушымен жүргізілетін жұмысқа бағытталады, оқушының жетістіктерін анықтай отырып, қалыптасқан білігі мен дағдысының деңгейін анықтауға, әрбір оқушы жетістігін нақты және шынайы бағалауға, оқушының қызығушылығы мен қабілетін ескере отырып, оның дамуына мүмкіндік туғызады.

Мұғалім бағалау тәртібі мен оған деген өзінің позициясын мақсатты түрде өзгертеді: бағалауды бірлескен әрекет түрінде ұйымдастырады да, біртіндеп бағалау бастамасын оқушының өз қолына өткізіп береді.

Мақсатты айқындау. «Кім мақсатының соңын айқындай алмаса, оған жете алмағанына өзі танданады» (Марк Твен). Мақсат —бұл тарау немесе тараушаны оқып

біткен кездегі сабақтың соңында мұғалімнің ғана емес оқушының да қол жеткізетін жоспарлаған нәтижесі. Сабақ мақсаты оқушы талпынатындай нәтижелерге негізделеді. Жақсы ойластырылған және айқын қойылған мақсатты қоюдың алғышарттары:

1. Мақсат – оқу материалының мазмұнын анықтай отырып, сабақта неге қол жеткізетіндігінді, сондай-ақ оқыту әдістері мен пайдаланылатын әдебиеттерді айқындауға негіз болады.

2. Айқын қойылған мақсат қана оқушыға тиесілі білім көлемін анықтауға көмектеседі. Мақсат айқын қойылмаған жағдайда оқушыларға ұсынылатын тапсырмалардың орындалу мақсаты да ашылмай қалады.

3. Мақсат - ұсынылған материалдың маңызды тұстарына оқушының назарын аудартуға, осы мақсатқа жету үшін күш жігерін саналы түрде оқу процесіне бағыттауға көмектеседі.

4. Мақсаттың айқын еместігі белсенді, саналы және тиімді оқуға кедергі келтіреді, соған сәйкес оқуға деген қызығушылығын жояды.

Кесте 1

Ойлау дағдыларының жүйесі (Б.Блум таксономиясы бойынша)

Деңгейі	Оқушы әрекеті	Оқушы қызметін анықтайтын етістіктер	
Білу (айтады, көрсетеді, бағыттайды)	Қабылдайды, еске түсіреді, анықтайды	жіктейді, есте сақтайды, атайды	
Түсіну (салыстырады, қарама-қарсы қояды, көрсетеді)	Түсіндіреді, түрлендіреді, көрсетеді	Талқылайды, анықтайды, айтады	
Қолдану (бақылайды, көмектеседі, сынайды)	Мәселелерді шешеді, білімін көрсетеді	Қолданады, есептейді, өзгертеді, таңдайды, классификациялайды, аяқтайды, көрсетеді, табады, зерттейді, эксперимент жүргізеді, дәлелдейді, түсіндіреді, түрлендіреді, әрекет етеді, жаттығады, жоспарлайды, нобайын жасайды, шешеді, қолданады	
Талдау (бағыттайды, зерттейді, ақпарат береді)	Даралайды, талқылайды, ашады	Талдау жасайды, топтастырады, санамалайды, жіктейді, салыстырады, байланыстырады, қарама-қарсы қояды, талқылайды, ажыратады, зерттейді, тәжірибе жүргізеді, түсіндіреді, алып шығады, ретке келтіреді, ара қатынасын анықтайды, таңдайды, бөледі, тексереді	
Бағалау (анықтайды, мүмкіндік береді, үйлестіреді)	Талқылайды, бағалайды, таңдайды	Дәлелдейді, таңдайды, салыстырады, қорытынды жасайды, сендіреді, дәлелдейді, шешеді, негіздейді, түсіндіреді, өлшейді, болжайды, саралайды, ұсыныс жасайды, айқын-дайды, жинақтайды, қолдау көрсетеді, тексереді, бағалайды	
Шығармашылық (жинақтайды, бағалайды, талқылайды, жасайды)	Жинақтайды, тұжырымдайды, жоспарлайды	Топтастырады, жинақтайды, араластырады, құрастырады, жасайды, өңдейді, қалыптастырады, жинақтайды, біріктіреді, ойлайды, түрлендіреді, ұйымдастырады, жоспарлайды, дайын-дайды, ұсынады, қайтадан топтастырады, қайтадан жазады, орнатады, ауыстырады	

Б.Блум таксономиясы оқыту нәтижелерін жоспарлаумен тікелей байланысты: егер сабақтағы оқу мақсаты оқушылардың есте сақтауы мен еске түсіруіне негізделеді, сабақтағы барлық іс әрекет осыған (ауызша және жазбаша жұмыстар) бағытталады.

Шартты түрде мақсаттың екі деңгейге бөлуге болады: 1) Түсіну мен есте сақтау дағдыларына бағытталған мақсат (төменгі деңгей), 2) әр түрлі ойлау дағдыларын дамытуға бағытталған мақсат (жоғары деңгей).

Мақсаттың деңгейіне сәйкес мұғалім дағдыларды дамыту үшін тапсырмаларды жоспарлайды.

Түсіну мен есте сақтауға арналған тапсырмалар оқудың бірінші кезеңінде қолданылады. Бұлар қазіргі тәжірибеде кеңінен қолданылады.

Жоғары деңгейдегі ойлауды дамытуға арналған тапсырмаларды орындауда оқушылар талдау жасайды, қорытынды шығарады, Оқушылар үшін ойлаудың мұндай дағдылары маңызды болғанымен, мұндай тапсырмалар қазіргі тәжірибеде өте сирек қолданылады.

Оқушыларды оқу үрдісіне тарту үшін сабақ нәтижесінде олардың нені үйреніп, нені меңгере алатындықтарын алдын-ала хабардар ету маңызды. Сондықтан да мұғалімнің сабақ жүргізгендегі алғашқы қадамы оқудың мақсатын түсіндіруден басталады.

Сабақ мақсатын оқушылардың түсінуі мен қабылдауы формативті бағалау компоненті әрекетіне қадам басуды білдіреді, оны П.Блек пен Д.Уильям «Білім алушылардың өзін-өзі оқытудағы белсенді әрекеті» деп айқындады.

Сабақ мақсатын әр түрлі тәсілдермен іске асыруға болады.

Мысал №1

Мұғалім тақтаға сабақ мақсатын жазды: *«Дауысты дыбыстар» ұғымына анықтама беру, анықтамасына сүйене отырып, олардың сипатты белгілерін анықтау».*

Содан соң мұғалім сыныпқа сұрақ қойды: *«Сабақ соңында біз не білеміз?» Сабақ соңында біз не жасай аламыз? Қандай жаттығу жұмыстарын орындаймыз? Біраз оқушылардың жауабын естігеннен кейін мұғалім келесі кезеңге өтеді.*

Үзіндіні талдау

Сіз қалай ойлайсыз, сабақ мақсатын түсіндіру не үшін міндетті?

Себебі:

- Оқушыда жауапкершілік пайда болады;
- Оқушының не білгені және не білетінінің арасындағы байланысты қамтамасыз ету үшін;
- Жаңа білім, дағдыларды меңгеру үшін оқушының қызығушылығын ояту;
- Белгілі білім, білік, дағдыны алуға оқушыны бағыттау;
- Оқушының өзіне сын көзбен қарауын қалыптастыру (оқушы өз білімін өзі бағалайды да, оны ары қарай жетілдіру жолдарын анықтайды)

Мұғалім тақтаға дауысты дыбыстардың тізбегін жазып шығады да бұл қазақ тіліндегі дауысты дыбыстар екендігін айтады. Содан соң мынадай сұрақ қояды: *Қалай ойлайсыңдар біз бүгін немен айналысамыз?*

Оқушылардың мүмкін жауабы төмендегідей болды:

- тақтадағы дауысты дыбыстарды өтеміз
- олардың дыбысталу ерекшелігін өтеміз
- түрлерін өтеміз т.б.

Мұғалім оқушылар жауабын мақұлдай отырып, оны өз тарапынан толықтырады: *«Дұрыс, біз бүгін дауысты дыбыстарды өтеміз және оларды дыбыстау үшін қатысатын ауыз қуысындағы кейбір мүшелердің қызметін, соған орай олардың жіктелуін өтеміз». Енді мынадай сұрақ қояды: Осы дауысты дыбыстарды бізге білу не үшін қажет? т.с.с.*

Формативті бағалау мұғалім мен оқушы арасындағы кері байланысты тиімді қамтамасыз етеді. Мұнда мұғалім әр оқушының оқу материалын қалай меңгергендігі туралы объективті ақпарат алады, дер уақытында оқушының меңгермей қалған, жіберіп алған тұстарын анықтайды. Бағалаудың бұл түрі оқушылардың жас ерекшелігіне байланысты жүргізіледі.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Әлімов А. Интербелсенді әдістерді жоғары оқу орындарында қолдану. – Алматы, 2009. -328 бет.
2. Әбілқаев А. Қазақ тілін оқыту әдістемесі.- Алматы: Санат, 1995. -120б.
3. Исабаев Ә. Қазақ тілін оқытудың дидактикалық негіздері. -Алматы: Қазақ университеті.1993. -159 б.
4. Әлімжанов Д., Ы.Маманов. Қазақ тілін оқыту методикасы.-Алматы: Мектеп,1965.-248.
5. Рахметова С. Қазақ тілін оқыту методикасы. - Алм: Ана тілі, 1991.-184

ҰЛТТЫҚ МАЗМҰНҒА ИЕ МӘТІНДЕРДІ ТАНЫМДЫҚ-КОНЦЕПТІЛІК ТҰРҒЫДА ЗЕРТТЕУ МОДЕЛІ

Алтай Айдын Алтайұлы

Қазақ тілі мен әдебиеті мамандығының 1-курс магистранты
І.Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, Талдықорған қаласы

E-mail: altai.aidyn@bk.ru

Мақалада ұлттық мазмұнға ие мәтіндер мен құрылымдарды танымдық-концептілік негізде зерттеу жолы қарастырылды. Концептілік талдау моделі негізінде тарихи контекстке ие мәтіндерді саралаудың әдісі ұсынылды.

Тірек сөздер: концепт, ұғым, түсінік, вербализация, репрезентация, концептуалдану, таным, лексика-семантикалық топтар, зерттеу моделі.

В статье рассмотрен путь изучения текстов и структур, имеющих национальное содержание, на когнитивно-концептуальной основе. Предложен метод дифференциации текстов, имеющих исторический контекст, на основе модели концептуального анализа.

Ключевые слова: концепт, понятие, вербализация, репрезентация, концептуализация, познание, лексико-семантические группы, модель исследования.

The article considers the way of studying texts and structures with national content on a cognitive-conceptual basis. A method of differentiation of texts with a historical context based on a model of conceptual analysis is proposed.

Keywords: concept, verbalization, representation, conceptualization, cognition, lexico-semantic groups, research model.

Қазіргі тіл білімінде ұлттық ментальды ерекшеліктерге негізделген мәтіндерді зерттеуге үлкен мән беріліп отыр. Бүгінде, лингвистиканың барлық салалары бұл мақсатқа жұмылдырылды деп айтуға толық негіз бар. Алайда осы мазмұндағы мәтіндер мен туындыларды зерттеудің ең басты міндеті тіл арқылы беріліп отырған халықтық идея мен ұлттық болмысты зерделеу екені белгілі. Бұл күрделі мақсатты қарапайым тілдік зерттеулердің көмегімен жүзеге асыруға болмайды. Сол себепті біз ұлттық реңкі бар тарихи мәтіндерді зерттеуде когнитивті лингвистиканың принциптерін қолдануды жөн көреміз.

Когнитивті лингвистика және оның негізгі арналарының бірі концептологияның ең басты зерттеу нысаны – тілдің танымдық қызметі [1]. Таным мен тіл феномендерінің өзара байланысы болып есептеледі. Адам санасында жүретін бұл күрделі процесстің тіл формаларына да үлкен әсері бар. Анығында, тіліміздегі барлық маңызды ұғымдар мен түсініктер тікелей таным функциясының жемісі болып табылады. Мұндай ұғымдар белгілі бір халықтың дүниені, қоршаған әлемді қабылдауы барысында сол ұлттың жаратылыс ерекшеліктеріне байланысты түзіледі. Кейіннен, адам санасындағы күрделі менталды формадан тіл формасына ауысады. Яғни, концептілер мен ұғымдардың вербалдану процесі өтеді. Нәтижесінде, тілде жаңа мазмұнды бірліктер қалыптасады. Когнитивті лингвистика тіл мен адам танымының байланысын қарастыруы себепті, біз ұлттық мазмұнға ие тіл материалдарын тікелей осы бағытта зерттеу үлкен нәтижелерге жетуге мүмкіндік береді деп сенеміз.

Тілдік деректер мен ақпараттарға, материалдарға анализ жасау арқылы ұлт үшін үлкен мәні бар ұғымдарды саралауға болады. XX ғасырда когнитивист ғалымдар зерттеу жұмыстарын жүргізе келіп, концептінің бірнеше түрлері болатынын анықтады. Ғалымдар концептілердің: ментальды-танымдық, әлеуметтік, жеке-тұлғалық, тарихи, этномәдени, ұлттық типтерін ажыратады [2]. Концептілер таным әрекеті негізінде қалыптасатынын

айтып өттік. Алайда олар тілдік орта мен кең қолданысқа енгеннен кейін, құрылымдық өзгерістерге ұшырайды. Демек, белгілі бір үлкен ұғым вербалдану арқылы лексика-семантикалық мағынаға мен тілдік сипатқа ие болады. Былайша айтсақ, оның мағыналық және лексикалық қатары қалыптасады. Бұл субъективті-индивидттік деңгейде емес керісінше, жалпы әлеуметтік сатыда өрбитін құбылыс. Концепт тіл кеңістігіне енгеннен соң, оның танымдық белгілерімен қатар, мағыналық және лингвистикалық ауқымы уақыт өткен сайын арта береді. Аталмыш жағдайдың орын алуы интролингвистикалық және экстралингвистикалық факторлар есебінен жүзеге асады. Осылайша, концепт тілде жүздеген бірліктерді құрайтын үлкен феноменге айналады. Мәселен, қазақ танымындағы «денсаулық» немесе «әділет» концептілерінің әрқайсысы 200-ден астам сөз бен ұғымдарды топтастырады [1]. Ол топтың ішіне екі ұғымның негізгі, жанама, қарсы, жаңа семантикалық белгілері бар тілдегі барлық бірліктер кіреді. Мысал ретінде алынып отырған екі концепттің де ұлттық және этномәдени белгілері басым. Сондай-ақ бұл концептілердің әлеуметтік, саяси, жеке-тұлғалық белгілерін де ажыратуға болады. Осы сынды тілімізде үлкен ауқымы бар ұғымдар мен концептілер жеткілікті. Жалпы, біздің пікірімізше концептілер арқылы халық болмысын зерттеуде олардың этномәдени және халықтық реңктеріне баса назар аударған орынды. Бұл мақсаттағы зерттеулер бізге белгілі бір түсінік пен оның қалыптасуына негіз болған жағдайлар туралы және халықтың танымы жайлы толық дерек алуға мүмкіндік береді. Әрі осындай зерттеулер нақты тілдік материалдарға негізделетіндіктен, дәлелді нәтижелер туралы айтуға болады.

Ұлттық ерекшеліктерге ие мәтіндер мен олардың ұғымдарын зерттеу барысында объективті картина қалыптасуы үшін негізгі ақпарат көздерін айқындап алу аса маңызды. Сондықтан, тарихи құндылығы бар түрлі жанрдағы туындыларды зерттеу нысаны ретінде қарастыруды дұрыс деп есептейміз. Осы арқылы біз біріншіден, ұлттық мазмұнға ие мәтіндерді сұраптап алып, олардың белгілерін саралаймыз, екіншіден, аталмыш материалдар негізінде ұлттық таным мен болмыстың тілдік ерекшеліктерін толық талдай аламыз, үшіншіден, жаңа моделді қолдана отырып, зерттеу жұмыстарын когнитивті лингвистиканың басты талаптарына сай жүргізу мүмкіндігін аламыз.

Өткен ғасырда түрлі зерттеушілер мен зерттеу ағымдары концепт құрылымы мен типологиясына байланысты өз нәтижелерін жариялады. Бұл жұмыстар ұлттық концептілерді де қамтыды деп айта аламыз. Әлбетте, зерттеу мақсаттарының әр алуан болуы себепті концептілерді талдаудың әмбебап әдістемесі қалыптасқан жоқ. Қазіргі уақыттағы зерттеулерді қорыта келіп, біз фундаменталды принциптерді сақтаған методика мүлдем жоқ айта аламыз. Түрлі зерттеулердің басты міндеттері мен нәтижелеріне шолу жасай отырып және дербес бақылау қорытындысы бойынша біз ұлттық мазмұнға ие тарихи маңызы бар мәтіндерді концептілік-когнитивті жағдаятта зерттеудің тың нұсқасын ұсыну қажет деп топшылаймыз. Айта кетерлігі, біз айқындап отырған әдіс осы уақытқа дейінге жүргізген зерттеулердің қорытындысы негізінде туып отыр.


Тарихи және әдеби мәтіндерді концептілік тұрғыда саралау үшін ең алдымен анализдің алғашқы сатысын жасау қажет. Зерттеудің басты мақсаты танымдық объект болғандықтан бірінші, тілдік материалдардың семантикасы жан-жақты талданады. Белгілі бір көркем мәтін зерттеу нысаны ретінде алынып, оның ішкі құрылымына талдау жүргізіледі. Яғни, мәтіннің логикалық конструкциясы, негізі идеясы, мәтін ішіндегі басты ойлар, жанама ұғымдарды жинақтаушы негізгі ұғым анықталуы шарт. Көп жағдайда мәтіннің негізгі идеясы мен басты ұғым бір болып келеді.

Анализдің екінші сатысында, басты ұғым белгілі болғаннан кейін, оның лексика-семантикалық және вербалды топтары айқындалуы қажет. Демек, ұғымның тілдік бірліктері, сөз орамдары, түрлі категориялары топтастырылады. Барлық бірліктер жинақталғаннан кейін, олардың ішкі семасын, түп мағынасы, этимологиясын, басты мағыналарын саралау керек. Яғни, ұғымның негізгі мағынасы мен оның бірліктерінің арасындағы мағыналық байланыс қаралады. Семантикалық кеңістікті тануға бағытталған

анализдің екі сатысын аяқтау нәтижесінде, біз белгілі бір ұғымның туу төркінін, қалыптасу жолын, басты мағынасы мен қосымша мағыналық бедерін тани аламыз. Аталғанның барлығы тікелей концепттің танымдық бастауларын көрсетеді. Осылайша, біз концепттің халық пен ұлт танымы, мәдениеті үшін қандай мәнге ие екенін айқындаймыз. Нәтижесінде концепттің маңызы бары не жоғы толық белгілі болады. Анализдің бұл сатысында қосымша халық менталитетін зерттеуге бағытталған еңбектерді де негізге алу қажет. Бұл талдау қортындысын дәйектеуге және анықталған тұжырымдарды нақтылауға мүмкіндік береді. Жоғарыда сипатталған қадамдарды орындаумен зерттеудің бірінші, кіріспе бөлігі аяқталады. Бұл сатыда ең басты міндет концепттің танымдық ауқымы және тілдегі кеңістігі белгілі болуы шарт. Оны бір көлемді материал негізінде немесе бірнеше тақырыптас, сюжеттік желісі ұқсас келетін деректер негізінде атқаруға болады. Бұл талдаудың алғашқы кезеңі.

Екінші сатыда анықталған концептті материалдар негізінде талдау жұмыстары атқарылады. Бұл жағдайда біздің ойымызша, ең алдымен концепттің халық танымындағы орнын белгілеп алу маңызды. Ол үшін сұрыптап алынған тілдік бірліктерді топтастыру жұмыстарын орындау қажет. Тілдік материалдар мағыналық ерекшеліктері мен қолданысына қарай жинақталады. Осы арқылы, нақты бір ұғымның барлық бірліктері толық реттестіріледі. Бұл анализдің когнитивті-концептілік бөлігін жүзеге асыруға негіз болады.

Концепт тілдік материалдар негізінде сараланғаннан кейін, оның құрылымы мен ауқымы белгіленуі шарт. Концепттердің типологиясын жасай отырып зерттеуге байланысты И.А. Стернин, Попова және В.Убийконың ұстанымдарын қолдануға болады. Мәселен И.А. Стернин мен Попова өз зерттеулерінде концептілерді екі топқа бөліп қарастырады олар: микроконцептілер және макроконцептілер [3]. Бұл белгілі бір күрделі ұғымды жіктеуге мүмкіндік беретін құрылым. Дегенмен, кейбір концептілер үлкен ауқымға ие. Сол себепті, бұл әдісті толықтыру қажет деген пікірдеміз. В.Убийко болса концептілерді суперконцепт, базалық концепт ретінде қарастыру жөн деген ойда [4]. Ғалымдар ұсынып отырған екі тұжырымды да қабылдауға болады. Әйткенмен, зерттеу барысында нақтылық пен жүйелі нәтижені қалыптастыру үшін біз концептілерді төмендегі сызба бойынша жіктеп қарастыруды ұсынамыз.



1-сурет.

Концептілердің жоғарыдағы ұсынылған сызбасы оларды толық талдауға және олардың иерархиясын нақты бақылауға жағдай туғызады. Бұл жүйеде біз ұсынылған екі тұжырымды қоса отырып, толықтырулар енгіздік. Осы сызба негізінде ұғымның құрылымы бағыныш сатысы жасалады. Нәтижесінде, концепттің классификациялық қалыбы пайда болады. Зерттеудің екінші кезеңінде анықталған ұғымның толық тізбегі жасалады.

Жоғарыда біз көрсетіп отырған концептілік жүйе тікелей тілдік материалдарға негізделеді. Когнитивті-тілдік анализдің негізгі сатысынан кейін алынған деректерді жалпы қорыту қажет. Зерттеу нәтижесінде концептінің немесе ұғымның толық танымдық кескіні қалыптасады. Алынған қорытындыны объективті түрде бағалау үшін ассоциативті анализ бен тарихи салғастырмалы анализ жүргізу қажет. Осылайша, біз нақты нәтижені қазіргі уақыт пен өткен уақыттың дискурстық шеңберінде бағалаймыз. Осындай салғастыру зерттеу нысанының толық мазмұнын ашады.

Жалпы, айтылған деректерді қорыта келіп, талдау жұмыстарын мына жүйе бойынша жүргізу орынды болмақ.



Осы әдістемеге негіздей отырып ұғымдардың танымдық табиғатын зерттеу олардың тек қана ментальды функцияларын ғана емес, сонымен қатар ұлттық, этномәдени ерекшеліктерін сарлауға мүмкіндік береді. Ұсынып отырған тәсілдің тиімділігін іс жүзінде сынақтан өткізу үшін зерттеу жұмысын жүргізу қажет. Ол міндет бір мақала шеңберіне сыймайды. Соныдқтан, осы мазмұндағы жұмыстың нәтижесі мен тиісті апробациясын алдағы зерттеулерде анықт көрсету қажет.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Алтай А. Қазақ танымындағы «әділет» концептісінің тілдік ерекшеліктері. Дип. жұм. – Талдықорған, 2021.
2. Коннова М.Н. Введение в когнитивную лингвистику : учебное пособие. Изд. 2-е, перераб. - Калининград : Изд-во БФУ им. И. Канта, 2012. - 313 с.
3. З.Д.Попова, И.А.Стернин. Когнитивная лингвистика. Монография. Москва 2007
4. Рахимова А.Адамның интеллектуалдық сипатының концептуалдануы (педагогикалық аспект). PhD докт.дис... - Алматы, 2014.
5. Кішібеков.Д. Ментальная природа казахов. – Алматы: Ғылым, 2005. 256 б.

ӘОЖ 541

ҚҰҚЫҚТЫҚ ПӘНДЕРДІ ОҚЫТУ ҮРДСІНДЕГІ ОҚЫТУШЫ МЕН БІЛІМГЕРЛЕРДІҢ БІРЛЕСКЕН ІС-ӘРЕКЕТІ

Амыргалиева Л.С., «Құқықтану» білім беру бағдарламасының 3 курс студенті

Ғылыми жетекші: **Коньсбекова М.Р.**

І. Жансүгіров атындағы ЖУ

E-mail: makpal_konysbekova@mail.ru

Мақалада кәсіптік және техникалық, жоғары білім беру жүйесінде білім берудің белсенді әдістерінің әр түрлі ғылыми білім беру орталықтарында көптеген психолог, оқытушылармен зерттелгенмен, «Құқықтану» білім беру бағдарламасының мамандарына арналған оқытудың белсенді әдістерін қолдану жайлы қарастырылған.

Тірек сөздер: құқықтық пәндер, топпен жұмыс, жоба, кейс (ситуациялық жағдаят), баяндама, шығармашылық жұмыс, бақылау жұмысы, ғылыми мақала

В статье рассматривается применение активных методов обучения в системе профессионального и технического, высшего образования для специалистов образовательной программы «Юриспруденция», изученных многими психологами, преподавателями в различных научно-образовательных центрах.

Ключевые слова: правовые дисциплины, работа в группе, проект, кейс (ситуационная ситуация), доклад, творческая работа, контрольная работа, научная статья

The article considers the application of active teaching methods in the system of professional and technical, higher education for specialists of the educational program «Jurisprudence», studied by many psychologists, teachers in various scientific and educational centers.

Keywords: legal disciplines, group work, project, case (situational situation), report, creative work, control work, scientific article

Оқытудың белсенді әдістерінің дамуына өз үлестерін қосқан теоретик және тәжірибелі оқытушылар: Н.А. Кошкарбеков, А.М. Матюшкин, Т.В. Кудрявцев, М.М. Леви және т.б. Бірақ бұл зерттеулер мектеп материалдары негізінде зерттелгендіктен, ол Кәсіптік және техникалық білім беру жүйесінде оқытудың белсенді әдістерінің дамуын қиындатты, себебі кәсіби және техникалық білім беруде дидактикалық жағынан дәріптелуін қажет етті. Бұл жұмыста оқытушы оқытудың белсенді әдістерін кәсіби білім беру шарттарына сай дәріптеп, талқылау.

Құқық пәндерін оқыту тәжірибесінде оқытудың белсенді әдістерін қолдану арқылы анықтағандай, оқытуда қолданатын белсенді әдістер жан-жал, кейбір шешімін табуы қиын мәселе есептерді шешкенде, алға қойылған мақсатқа жетуде білім алушылардың қолданатын әдістері болып табылады. Оқыту барысында белсенді 3 әдіс байқалады: ойлау, іс-әрекет және сөйлеу, ақпарат.

Сабақ барысында оқытудың белсенді әдістерін қолдануына байланысты жоғарыда аталған әдістерін біреуі немесе бірнешеуі қолданысқа енгізілуі мүмкін.

Белсенділік деңгейі аталған 4 әдістердің қолданылуына қарай анықталады. Мысалы: дәріс сабақтарында ойлау қолданылады. (есте сақтау), практикалық сабақтарда-ойлау мен іс-әрекет, ал дискуссия сабағында- ойлау, сөйлеу және кейбір жағдайларда эмоционалды- тұлғалық қабылдау, іскери ойындарда- белсенді әдістердің барлық түрі, экскурсияда- тек қана эмоционалды- тұлғалық қабылдау. Бұл эксперименталдық сараптама мәліметтері нәтижесінде анықталған келесі ақпарат: дәріс сабақтарында оқытылатын материалдың 20-30% ғана, әдебиеттермен өзіндік жұмыс атқарғанда -50 %, жаттағанда- 70% (қайта-қайта қайталағанда), ал (мысалы іскери ойын) кезінде ақпараттың - 90%. Әдістер жеке педагогикалық дәйектеме ретінде және дәстүрлі жүйемен онтайландырып әзірлеуге болады.

Оқу процессінің тану мүмкіншілігіне ие болады: әр білім алушы белгілі бір тапсырма алғанда, топтың алға қойған мақсатына жетуге тану процессінің ролі зор. Мынадай әдістер: іскери ойын, дебат, «INSERT» келесідей міндеттерді шешеді:

- ашық сөйлесу дағдыларын белгілі нысандарға келтіру;
- өз көзқарасын ашық, әрі нақты жеткізе білу;

- күрделі жағдайлардың туындауын, оларды шешу жолдарын сараптай отырып, одан шыға білу [1, 125].

Оқытудың белсенді әдістерін қолданудың бірқатар ерекшеліктері бар:

- дәстүрлі жүйемен келістіріп қолданған жағдайда оң шешім береді;
- оқу процессінде «белсенді әдістерді» жиі қолдануға болмайды;

- оқытудың белсенді әдістерін практикалық сабақтарда қолданған дұрыс, себебі әсіресе практикалық сабақтарда болашақ маман алдына қойылған тапсырманың шешімін жан-жақты ойлап табуға тырысады. Білім алушылар оқытудың белсенді әдістерін қолдану арқылы арнайы және жалпы кәсіби пәндерді оқытқанда, болашақ мамандығымен әлеуметтік-қоғамдық байланыстарын таниды.

Дидактикалық жағынан оқытудың белсенді әдістерінің ішінде келетіні - рольдік ойын. «Әкімшілік құқық», «Азаматтық құқық», «Қылмыстық құқық», «Қылмыстық іс жүргізу» сабақтарында рольдік ойын сот істерін қарауды ойын арқылы қолданылады. Білім алушылар сот, прокурор, қорғаушы, жәбірленуші, айыпталушы, куәгер, аудармашы т.б. басты қатысушылар ролінде қатысады.

Іскери ойын негізінде тұлға аралық, дағдарыс жағдайлары көрсетіледі. Ойын барысында қатысушылар бірі-бірімен диалог құрып, берілген тапсырманы шешуге тырысады. Осындай ойындар студенттердің белсенділігін арттыруға, қызуғышылығын арттыруға, теориялық білімдерін тәжірибеде бекітуге, сонымен қатар логикалық ойлау қабілетін, өз бетімен шешімдер қабылдауына әсер етеді.

«Заңи кеңес беру» атты іскери ойын 4 деңгейден тұрады «Топта жұмысты ұйымдастыру», «Топпен жұмыс», «Топ жұмысының қорытындысын ұсыну», «Жұмыстың қорытындысын бағалау».

Тәжірибе көрсеткендей, аталған ойын студенттерге оқу материалдарын тез қабылдауға, оқу барысын қазақты, әрі түсінікті, болашақ мамандарға практикалық дағдыларын қалыптастырып, жұмыста қолдануға мүмкіншілік болады.

«Заңи кеңес беру» іскери ойын барлық құқықтық пәндерді оқу барысында қолданады.

Құжаттармен жұмыс кезінде, әсіресе нормативтік-құқықтық актілерді меңгеруде іскери ойынның маңызы зор.

Бір қарағанда қызуғышылықсыз болса да, бірақ заңгер мамандығында құрамдас бөлігі болып табылады.

«Конституциялық құқық» пәні сабағында іскери ойынның келесідей әдістері студенттерді заңдарды оқуға бағыттайды.

«Мен нені жаксы білемін және нені онша білмеймін» атты ойын сабақты қорытындылау үшін қолданылады;

«Құқық жайлы өлеңдер» атты ойын сабақтың бір қалыпты өтуіне ықпал етіп, көңіл-күйін көтеріп, оқытылатын мәтінге ойын жинақтауға бағытталады;

«Мен-ол сен, ал сен- ол мен» атты ойын жаңа тақырыпты қорытындылауға және студенттің есте сақтау қабілетін дамытуға бағытталған.

Құқықтық жағдайлармен, мәселелерімен жұмыс істеу, бұл студенттің өзіндік жұмыс атқаруына және әр түрлі құқықтық жағдайларды ой елестерінен өткізуіне септігін тигізеді.

Бұндай ойындар тек сабақты қорытындылау ғана емес, өз көзқарасын нақты бекіту, зерттеу, ізденіс дағдыларын дамыту үшін қолданылады. НҚА (нормативтік-құқықтық актілер) болашақ мамандарды анализ жасауды үйретіп қана қоймайды, сонымен қатар өз ойларын дәлелді, нақты білдіруге мүмкіндік береді.

ИНCEPT (INSERT) – белсенді оқыту әдістері дәріс сабақтарында тақырыпқа деген қызуғышылықты сақтауға мүмкіндік береді. Мәтіндік белгіленуі «v», «+», «-», «?». (жаңа тақырыпты оқығанда мүмкіншілік береді). «v» «+» «-» «?» Бұл белгі парақта егер Сіз оқысаныз, немесе білсеніз қойылады. Бұл белгі парақта егер Сіз оқыған мәтін жаңа болса қойылады. Бұл белгі парақта егер мәтін құрамы Сіз оқыған мәтінге қарама-қайшы болса қойылады. Бұл белгі парақта егер Сіз оқыған мәтін құрамы сізге түсініксіз болса немесе осы мәтін бойынша көбірек ақпарат алғыңыз келсе қойылады [2, 36].

БОӘ қолдану, студенттердің жан-жақты ойлауына, заманауи мәселелерді зерделеуге, шешуге, материал жинауда тиісті іс-әрекеттер орындауға, өз ойын тұжырымдауға, рефлексия арқылы өзінің жеке іс-әрекеттерін және топтың іс-әрекеттерін бағалауға (жауапкершілікті тағайындауға, қателіктерді табуға, жетістікке жетуге) үлкен көмегін береді. Дәстүрлі оқу жүйесінде студенттер теориялық білім алып, одан кейін практикалық дағдыларын кеңейтсе, ал БОӘ қолдану арқылы студенттер практикалық іс-әрекеттер арқылы теориялық түсінік алады. Біздің ойымызша, белсенді оқыту әдістерінің мүмкіншілігі кең, тек қана құқықтық пәндер оқытушыларының қызуғышылықтары ғана емес, сонымен қатар болашақта арнайы пәндер мен техникалық-кәсіби пәндердің де қызуғышылықтары артады.

Сонымен, БОӘ құқықтық пәндерді оқытуда қолданудың мүмкіншілігі зор. Әр түрлі әдістерді қолдану арқылы сабақтың қызуғышылығын арттыруға болады. БОӘ сабақта қолдану оқытушыға материалды түсіндіруге, ал студентке кең ауқымды заңдарды зерделеуге, болашақ маман ретінде теориялық білімдерін ғана емес, практикалық білімдерін түйіндеуге мүмкіншілік береді.

Өздеріңізге мәлім Қазақстан Республикасының қылмыстық және қылмыстық іс жүргізу кодекстері 1997 жылдан бері қолданылып келген. Алайда заман талабына сай жаңа кодекстер қабылдау тура келді. Кодекстердің ескі редакциясын оқып немесе тәжірибиеде қолданып келген ұстаздар, құқық қорғау қызметкерлері, заңгерлер алдында жаңа сын-тегеуріндері пайда болды. Бір жылдың ішінде өзгеріске ұшыраған жаңа қылмыстық кодексте 467 бап болса бұрынғы редакциясында 393 бап болған, яғни жаңа редакциядағы кодексте 74 бапқа көбейген (2). Әрине заман талабына сай заңнамалар, кодекстер өзгеріске ұшырағанда оқытушылар да дәріс беру үрдісін өзгертуге тұра келді. Бүгінгі таңда студенттер ескі заңнама мен жаңа заңнамаларды салыстыру арқылы білім алуда. Жылдар бойы жиналған ғылыми зерттеулердің қолданысқа қажетсіз болып қалған айғақтарда бар екендігі ешкімге жасырын емес. Сондықтан оқытушылар дереу ізденіс үстінде жаңа форматта дәріс өту және сол дәріс бүгінгі заңнамаға сәйкес болу. Университет түлектері әрбір ортаға бәсекелестікпен келу үшін соншалықты кәсіби даярлану бойынша жауапкершілік біріншіден өздерінің алдында екіншіден дәріс өтетін оқытушының алдында. Қолданысқа енгізілген жаңа қылмыстық және қылмыстық іс жүргізу кодекстерін қалай және қандай форматта үйретеміз? Бұл сұрақтың жауабын тауып көріге тырыстық. Ұстаздарға алдымен жаңа кодекстерді әзірлеген жұмыстық топтың ресми мәліметтерін зерттеу қажет кодекстердің ескі редакциясына қарағанда қандай өзгешеліктер бар екендігі, қабылданған жаңа баптар нені көздейді? Бүгінгі қоғамда бұл баптар толыққанды жұмыс істейдіме деген сұрақтарға жауап іздеу қажет. Бүгінгі таңда аталған жаңа кодекстер 1 жылдан аса қолданысты жұмыс істеп келеді, қандай қиындықтар немесе 130 жеңілдіктер туындағаны анықтап дәріс барысында түсіндіру өте маңызды. Дәріс беруді интерактивті тәсілмен жүргізу бүгінгі таңда өте тиімді, оқытушы өз дәрісінде үш бұрыш принципімен жұмыс жасау қажет. Мәселен, Оқытушы мен студент арасында және студент пен студент арасында пікір талас арқылы өз ойларын білдіріп дәрісті белсенділік форматымен өткізу қажет деп есептеймін. Сонымен қатар, интерактивті дәрістерді ұйымдастыру барысында сол дәрістерге жаңа кодекстерді тәжірибиеде қолданып жүрген тергеушілерді немесе кәсіби заңгерлерді шақырып, тақырыпты кеңінен талқылауға болады. Аталға метод өте тиімді және студенттердің біліктілігін арттыруға бағытталған шаралардың бірі болып табылады. Сондықтан заңгерлерге берілетін дәрістер бір қалыпты бір жүйемен ғана емес, әр-түрлі

болып ұйымдастырылса сонда ғана кәсіби мамандар шығады, кәсіби заңгерлер тек қана заңның бәрін, баптардың бәрін жатқа білгендіктен болмайтыны айдан анық, алайда оқытушылар заңгердің біліктілігін арттырар жолдарын білу қажет. Бүгінгі заңгерлерге еліміздің нормативтік құқықтық актілерінен басқа, риторика, менеджмент, PR, лингвистика тағы басқа қажетті мамандықтарды да бірге оқу керек. Осы салалардың бастапқы кезеңдерін оқыған студенттің өзі бәсекелестікке дайын, бүгінгі заманның талаптарына сай келетін тұлға болады.

Оқытушы оқыған кез келген дәріс тақырыбы студентке түсінікті бола бермейді. Оның себептерінің бірі – студенттің басты қызығушылық объектісі – мамандық алу [3, 152]. Ал, оқылған дәріс оның болашақ мамандығымен байланыссыз болса, оны игеруге құлқы болмайды. Онымен қоса, оқу процесінің бастапқы кезеңдерінде, студенттерде қойылған проблеманы шешуге қажетті өзіндік жұмыс істеу дағдылары әлі толық қалыптаспайды. Сондықтан, оқу процесінің алғашқы кезеңдерінде оқытушы тек проблема қою ғана емес, оны шешу жолдарына студенттерді баулуы тиіс. Бұл орайда, БӨЖ жоба, кейс (ситуациялық жағдаят), баяндама, шығармашылық жұмыс, бақылау жұмысы, ғылыми мақала түрінде дайындауға ықпал етуі қажет.

Көптеген психологтар мен педагогтардың зерттеулерінде ЖОО студенттері оқу процесіне бейімделу жағдайында өзіндік жұмыстарды орындауда, оның сан алуан түрлері мен формалары бойынша біршама қиыншылықтарға кездеседі. Соның салдарынан, оқып-үйренушілер оқу-тәрбие жұмыстарына, өзіндік жұмыстарға енжарлық танытып, оқу үлгерімдерінің төмен болуы орын алады [4, 133].

Кез келген кәсіптегі маманды қалыптастыруда мамандыққа сай білім алу қаншалықты өткір мәселе болса, сонымен қатар «жеке маман тұлғаны» өзіндік дамытуда оны шығармашылықпен терең іргетасын дайындау соншалықты алғышарт. Білім жүйесінің мазмұны өмірдің түрлі жағдайларында әрекет ете алатын «тұлғаны» дайындау. Осы мақсатта оқу жоспарын оқушыларға азаматтық білім беруге бағыттау керек. Бірінші кезекте әлемдегі болып жатқан өзгерістерге байланысты білім жүйесін ұлттық модульде құру және ол үшін өркениетті елдерде берілетін біліммен ортақ көзқарастарын табуға ұмтылу қажет.

Жоғары оқу орындарында студенттердің өздік жұмыстарының қарапайым және қолайлы түрі – коллоквиумдар болып саналады, ол белгілі бір тақырыптағы баяндама немесе деректі мәселені талқыға салатын ғылыми жиналыс түрінде ұйымдастырылуы мүмкін.

Бұған мұғалімдердің де шығармашылық әдіс-амалдары қажет. Мысалы, студенттердің жазған «мазмұндамасын», жасаған «семестрлік, курстық жұмыстарын» әдеттегідей қабылдай салмай, әр-түрлі ғылыми пікірталас ұйымдастыру арқылы қабылдаған әлдеқайда тиімді. Тәжірибе көрсеткендей, бір курстық жобаны 2-3 студент орындаса жобаның практикалық сапасын арттыруға болатындығы көрінеді, яғни, бұл топтастырған тәсіл өз бетімен жұмыс істеуге, өзара көмек көрсетуге, шығармашылығын және жауапкершілігін арттыруға себебін тигізетіндігі анық. Өйткені жобалау кезінде студенттер таңдау еркіндігін алады. Білімгерлердің өздік жұмыстарын қадағалаудың тәсілдері де үлкен нәтиже береді.

Өзін бағалай және қадағалай білуді, өзіне баға беруді қалыптастыру – студенттің қызығушылық көзқарасын және белсенділігін арттыратын сенімді тәсіл. Әр пәнге арналған өзіндік жұмыстар студенттердің өз күштеріне сенімділігін және жауапкершілігін арттырып, өзіндік баға беру қабілетін қалыптастырады. Өзіндік жұмыстың нәтижесін көру үшін ұйымдастыру-әдістемелік шараларының анық жоспарланған жүйесі болуы тиіс. Өзіндік жұмыстың керекті нәтижесін алу үшін қойылатын негізгі шарт – студенттерді оқу-әдістемелік және анықтама-нормативтік материалдармен толық қамтамасыз ету қажет [5].

Жоғарғы оқу орнына түскен кешегі талапкерлер студент болған соң, жоғарғы оқу орны шарттарына орай бейімделу кезеңінен өтеді. Бұл кезең өзінде жаңа әлеуметтік орта мен жоғары оқу орындарындағы оқу және ғылыми ізденістер, болашақ кәсіби қызмет шарттарына дағдылану жағдайларын қамтиды.

Бірінші курс студенттерінің көпшілігі кітап, лекция конспектілерімен жұмыс істеу, өз еңбегін дұрыс ұйымдастыру, пәндердің күрделілігін есепке ала отырып аудиториядан тыс орындалатын жұмыстарға берілетін уақытты тиімді пайдалана алмайды. Осыған орай оқытушылардың басты мақсаты – бірінші курс студенттерін жаңа жағдай шарттарына бағдарлануға тәрбиелеу, оларды оқу және оқудан тыс уақыттарын тиімді пайдалануға үйрету, болашақ ісінің кәсіби шеберлігіне деген қызығушылық сезімін ояту. Сонымен қатар ұйымдастырушының әдеттері мен іскерлігін дамытудың қалыптасуына, кәсіби білімді меңгеру мен түрлі оқу тапсырмаларын өз бетінше орындауға ықпал ету.

Кез келген курс студенттері өзінің жас ерекшелік және дара ерекшелік қасиеттерінің дамуын бастан кешірді. Осы ерекшеліктерді көп ғұламалар зерттеген. Актуальды даму өрісі адамның игеріп үлгерген және соның негізінде танымдық және басқа да мәселелерді өзі дербес шеше алатын әдіскерлік пен дағдылар жүйесіне әсер етеді. Актуальды дамудың деңгейі іргелес өрісті, яғни оқу процесінде баланың өзі немесе үлкендердің көмегімен игере алатын іскерлік өрісін белгілейді. Іргелес даму өрісі дегеніміз – баланың ертеңгі күні. Арнайы ұйымдастырылған мақсатты педагогикалық процесс жағдайларында мұның өзі әлдеқайда ертерек әрі тиімдірек өтеді. Егер сыртқы жағдайлар ішкі күштердің кез келгенінің дамуына қолайлы жағдай жасамаса, онда соңғыларының мүлдем ашылмай қалуы да мүмкін немесе қызмет етудің бұрмаланған формаларын қабылдауы ықтимал.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Асанов Н. Өзіндік жұмыстардың ерекшеліктері. Алматы, 2013. 125-126 б.
2. Р.Б.Исмаилова Студенттермен жүргізілетін өзіндік жұмыстарды ұйымдастырудың ерекшеліктері. //Бастауыш мектеп- №5,6-2012, Б.36-37 б.
3. Кулекеев Ж.А., Пивень Г.Г., Нургужин М.Р., Каланова Ш.М., Падиярова И.П. Системы менеджмента качества организаций высшего профессионального образования. Теория и практика. – Караганда: Издательство КарГТУ, 2014. – 356 с.
4. Галиев Т. Системный подход к интенсификации учебного процесса. – Алматы: Ғылым, №2. – 303 с.
5. <http://www.kazustaz.kz/ustaz/712-studentterd-zndk-zhmystaryn-yymdastyry-timdzholdary.html> Мерлан

ӘОЖ 373.1.02

Ғ. ОРМАНОВ – ЛИРИК АҚЫН

Ансәбаев Д.С., п.ғ.к., қауымдастырылған профессор
І.Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, Талдықорған қ.

E-mail: ds.ansabaev@gmail.com

Мақалада Ғ.Ормановтың қазақ поэзиясында ерекше орын алатын лирик ақын екендігіне шығармаларынан нақты мысалдар келтіріліп, әлеуметтік саяси лирикаларымен қатар табиғат, махаббат тақырыптарына талдау жасалынған. Ең алдымен ақынның тек сыр шертуші ғана емес, суретші ретінде де көркем сөз образдарын шебер қолдана отырып, өзіне тән стиль ерекшелігі бар екендігі айқындалған.

Тірек сөздер: лирик ақын, шығармалары, өлеңдер жинағы, жанр

В статье приводятся конкретные примеры из произведений Г.Орманова, как поэта-лирика, занимающего особое место в казахской поэзии, а также анализ социально-политической лирики на темы природы, любви. Прежде всего, было отмечено, что поэт как не только живописец, но и художник, умело используя образы художественного слова, обладает характерной стиливой особенностью.

Ключевые слова: поэт- лирик, произведения, сборники стихов, жанр

The article provides specific examples from the works of G.Ormanov, as a lyric poet who occupies a special place in Kazakh poetry, as well as an analysis of socio-political lyrics on the themes of nature, love. First of all, it was noted that the poet, as not only a painter, but also an artist, skillfully using the images of an artistic word, has a characteristic stylistic feature.

Key words: lyric poet, works, collections of poems, genre

Ажырап ауыл анадан,
Аттандым алыс қалаға.
Жабыла маған қараған,
Жаутаңдай кеттім далаға.

Ғали Орманов

Ғали Орманов қазіргі Алматы облысы, Қапал ауданындағы Ешкіөлмес деген жерде, кедей шаруа отбасында туған. Ата - анасынан ерте айырылған ол балалар үйінде тәрбиеленген. Ғ.Орманов бастауыш мектепте сауат ашып, кейін Алматыдағы халық ағарту институтының дайындық курсына оқыған. Ол жоғары білімді Абай атындағы педагогика институтында оқып, алған. Ғ.Ормановтың алғашқы өлеңдері 1928 жылдан бастап баспа жүзінде шыға бастады.

1934 жылы Ғалидың 1927-1933 жылдар арасында жазған өлеңдер жинағы «Шеңбер» деген атпен жарық көрді. 1936 жылы «Абысын сыры» атты жинағы шықты. Ұлы Отан соғысы жылдары ақын «Халық қаһарманы» (1941), «Емен» (1944) деген өлеңдер жинағын ұсынды. Ақынның өлеңдері оның 1950 жылы шыққан «Таңдамалы шығармалар» жинағына енді. 1957 жылы Ғ.Ормановтың таңдамалы шығармалар жинағы тағы да жеке кітап болып шықты. Өмірінің соңғы жылдарында Ғ.Ормановтың қаламынан тағы да бірқатар өлеңдер мен поэмалар туды. Ақын Ленин орденімен, Еңбек Қызыл Ту, Қызыл Жұлдыз ордендерімен марапатталған.

Ғ.Ормановтың 3 томдық шығармалар жинағы 2007жылы шыққан. Бұл -жинақ ақынның 100 жылдық мерейтойының қарсаңында шығарылған болатын. Ғ.Ормановтың шығармашылығы 20-шы жылдардың аяқ кезінде, елдегі болып жатқан ұлы өзгерістер - конфискация, ұжымдану дәуірінде басталды. Ақын өз кезеңіндегі қазақ ауылдарындағы жаңа құбылысты әртүрлі штрихтер арқылы көрсете білді.

Қазақстанда бесжылдықтың алыбы – Түркістан - Сібір темір жолы салынды. Бұл Қазақстан өміріндегі үлкен жаңалық еді. Ғ.Ормановтың «Шеңбер» деген өлеңі осы үлкен құрылысқа арналды. Ғ.Орманов құлазыған, дабырсыз кең даланың енді еңбек әнін шырқағанын айтады. Ақын кең даланың бейнесін тамаша суреттейді де, жұмыскерлердің ерлік іс теріне образды сөздер тауып береді:

Айналасы - айшылық,
Алыс сапар сарсылып,
Аралаған жерлерім.
Сол жерлерді меңгерген,
Қолмен қайып, көмкерген,
Жұмыскерім - ерлерім:
Күнге қақтап өздерін,
Сорғалатып терлерін,
Жердің иген шеңберін.
Қиыстырды қиынды,
Қыюласты жер беті -
Тауым, сайым, белдерім.
Қолға тұтқаны ұстатты,

Ұзынды иіп қысқартты.

Шебер, ылғи зергерім!

Міне, осы шумақтағы қиюы қашқан жерді көмкеріп, қолмен қайып тау мен тасты қыюластырған көрініс, немесе жердің шеңберін бейнебір темір жол иіп тұрғандай сурет, айналасы айшылық ұзақ жолды қысқартып тұрған поезд жылдамдығының барлығы ақындық жүректен образ жасау арқылы, сурет арқылы көрініп отырады. Ақын ең алдымен жұмыскерлердің еңбегін айтады. Оларды шебер зергерге теңейді.

Ғ.Ормановтың ақындығының үлкен қуаты Ұлы Отан соғысы жылдары. Отан басына ауыр күн туғанда ақын жауды жеңуге, елін, жерін сақтауға бар күшін жұмсап, поэзиясын шыңдай түсіп, халықтың патриоттық сезімін қозғайтын жалынды, шынайы лирикаларымен араласты. Бұл кезеңде Отанның адам үшін қаншалықты қымбаттылығын Ғали ақын тебірене жырлады.

Жарасар адам аты - Отанымен,
Өмір не, одан қалып, көрген күн не?
Көз түрткі көрінгенге, Отансыз жан,
Кеткені қайғы - шердің шеңгелінде.
Құл етсе азат басын, асау жанын,
Адамның тірлігі не, өлгені не?

Ғ.Орманов – табиғатынан лирик ақын. Ғали қаламынан туған лирикалық шығармалардың ішінде саяси әлеуметтік сарынмен қатар, табиғат, махаббат тақырыптары да бар. Табиғат суретін бергенде ақын оны кейіпкердің көңіл - күйімен, кеңестік шындықпен байланыстырады. Ғали «Өзен» деген өлеңінде өзенмен сырласа отырып, бұрынғы икемге көнбеген арман ғана болған көлді адамдардың өз игілігіне жаратып, бұғауланғанын шабытпен айтады. Осы шындықты ақын жырының арқауы етеді де, ол идеяның тамаша көркем формасын табады. Бұл өлеңде ақынның өзіне тән стиль ерекшелігі айқындала бастағаны көрінеді. Ең алдымен ақын тек сыр шертуші ғана емес, суретші де:

Жіңішке жіптей арықтар,
Жете алмай шелгн үзілді.
Бұлдырап өткен замандай,
Бұрылмай суын көп ақты.
Көңілде қалған армандай,
Мөлдіреп алыс көл жатты, - десе, сол өзеннің суы енді жерді
құлпыртып жатқанда, оған жаңа теңеу іздейді, жерді анамен салыстырады:
Қуаңың түлеп, жер ана,
Құлпыра шықты. гүл ұстап.

Бұл ақындық көргіштік, сезімталдықтан туған, бояуын дәл тауып реалистік өрнек алған суретшінің жасаған тапқыр суреті. Ғали ақын табиғаттың қай түріне арнап жыр жазса да, оған көңілдегі бір жылылық лепті сездіреді. Өте орынды теңеу табады. Өзінің жазған «Қырғыз жерінде» деген өлеңінде де ақын табиғат көрінісінен халықтар арасындағы ақындық сезімін, достықтың белгісін көреді, сөйтіп Ғали халықтар арасындағы ажырамас достықты жырлайды.

Ғ.Орманов XX ғасырдың 30-шы жылдардан бастап эпикалық жанрда да өз талабын байқап көрді. Жаңарған ауылдың өткені мен бүгінгісін көрсету ниетімен «Шәуілдір» атты ұзақ поэмасын жазды. Ақынның есте қалар бір ерекше қасиеті - ол әртүрлі сәтті кезеңді тосып, дәл кезін құр өткізбей, үн қоспай қалмайды, ойы - қыры, қысы - жазы, қуаныш-мұңы бар үлкен өмірде солардың бірі мен бірінің байланысы - шиеленісі барын білетін, алманың өзімен бірге ағашын да, ағашымен бірге тамырын да тамырымен бірге суаруын да ойлай жүретін ақын еді.

Ғали ақынның тағы бір ерекшелігі - ол айтайын дегенін құлағына емес, жүрегіне айтатын еді, сөзбен емес бейнелеу, суреттеумен айтатын. Ғали лирикасының поэтикалық синтаксисі Абай өлеңдерінің синтаксисіне тым жақын келеді. Ғалидың қаламымен қайта

жөндеп, артығын алып, жетпей жатқан жерлерін қосуы, оның өз шығармашылығына деген ұқыптылығын көрсетеді. Бұл қасиет - оның жылы сезімді, жатық тілді лирикасының жалпы құнын арттыра бермек.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Ғ.Орманов Таңдамалы шығармалар жинағы, 4 томдық, Алматы, 1982-1984 жж.
2. С.Қирабаев. «Кеңес дәуіріндегі қазақ әдебиеті». Алматы, 1977ж.
3. С.Сейітов «Өлең өлкесінде», Алматы, 1998ж.

ӘОЖ 378.016:81

СӨЗ ӘДЕБИЕТІНІҢ ҰЛТТЫҚ-ТАНЫМДЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Әбішева М.Е., 4-курс студенті

Ғылыми жетекшісі: оқытушы-лектор, PhD Г. Шүкенай

І.Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, Талдықорған қаласы

E-mail: abisheva-madina_07@mail.ru

Тіл, сөз, сөйлеу ұғымдары, олардың арақатынасы, олардың халық санасындағы орны, ауызша тілдің лексикасы, оның ерекшеліктері, сөздің қатысымдық сапалары, ауызша сөз мәдениетінің педагогикалық дискурс аясындағы мән-маңызын білу – болашақ филолог мұғалімдердің кәсіби қатысымдық құзыреттілігін қалыптастырудың басты буыны. Жоғары білім беру жүйесінде болашақ филолог мамандардың кәсіби қатысымдық құзыреттілігінің басты мазмұндық бөлігінің бірі – ауызша сөз мәдениетінің қалыптасуы. Осымен байланысты ауызша тілдің жүйесі мен құрылымын меңгерту арқылы студенттердің ауызша сөз мәдениетін қалыптастырудың әдістемелік жүйесінің өзегі болып табылатын ғылыми дидактикалық қағидаттары, құрылымдық-мазмұндық моделі, оқытудың жаңаша әдіс-тәсілдері мен жаңаша құрылған оқыту құралдары, сондай-ақ ауызша сөз мәдениетінен берілетін ғылыми білім мазмұнын анықтайтын жаңа пән енгізудің әдістемелік жүйесін анықтау зерттеу жұмысының өзектілігін көрсетеді.

Тірек сөздер: *Тіл, сөз, ұғым, дискурс, әдіс-тәсілдер, ауызша сөз мәдениеті, сөз құдіреті.*

Понятия о языке, речь, речь, их соотношение, место в сознании людей, лексика устной речи, ее особенности, коммуникативные качества речи, знание значения устной культуры в педагогическом дискурсе - основное звено в формировании профессиональной коммуникативной компетентности будущих филологов.

Одной из основных содержательных частей профессиональной коммуникативной компетентности будущих филологов в системе высшего образования является формирование устной культуры. В связи с этим научно-дидактические принципы, структурно-содержательная модель, новые методики обучения и вновь создаваемые средства обучения, являющиеся ядром методической системы формирования устной культуры учащихся через изучение системы и структуры устной речи язык, а также новое научное содержание. Определение методологической системы предметной реализации отражает актуальность исследования.

Ключевые слова: *Язык, слово, концепт, дискурс, приемы, устная культура, сила слова.*

Concepts of language, speech, speech, their relationship, their place in the minds of the people, vocabulary of oral language, its features, communicative qualities of speech, knowledge of the importance of oral culture in pedagogical discourse - the main link in the formation of professional communicative competence of future philologists.

One of the main content parts of the professional communicative competence of future philologists in the system of higher education is the formation of oral culture. In this regard, the scientific and didactic principles, structural and content model, new teaching methods and newly created teaching aids, which are the core of the methodological system for the formation of students' oral culture through the study of the system and structure of oral language, as well as new scientific content Defining the methodological system of subject implementation reflects the relevance of the research.

Keywords: Language, word, concept, discourse, methods, oral culture, word power.

Сөйлеу әдебі - дұрыс сөйлеу мінез-құлқының ережелері моральдық нормалар, ұлттық-мәдени дәстүрлер. Сөйлеу әдебі күрделі, көп функциялы, экстралингвистикалық негізделген, тарихи өзгермелі жүйе ұлттық және халықаралық дәстүрлер мен қатынастар мен ережелер тұрақты этикет арқылы жүзеге асырылатын сөйлеу мінез-құлқы әр түрлі коммуникативті жағдайларда қолданылатын формулалар әңгімелесушілермен "сыпайы" байланыс шарттары.

Қазіргі әлемде сөйлеу этикеті өте маңызды. Адамның сөйлеуі-адамның білім деңгейі, оның жауапкершілігі, мәдениеті туралы түсінік беретін негізгі сипаттамалық белгілердің бірі. Қарым-қатынас тәсілі адамның қоғамда өзін қалай ұстайтынын, айналасындағы адамдарға және оның істеріне қалай қарайтынын түсінуге мүмкіндік береді. Сөйлеу этикетінің негізгі ережелерін біз балалық шақта түсінетінімізге қарамастан, адамдармен қарым-қатынаста жетістікке жету үшін үнемі өз сөзімізбен жұмыс істеу керек. Басқа адамдармен қарым-қатынастың негізгі ережелері мен нормаларын білу әңгімелесушілерді жақсы түсінуге және олармен сенімді қарым-қатынас орнатуға мүмкіндік береді.

Сөз әдебі тілдегі жағымсыз мағынадағы дөрекі сөздерді сыпайылап жеткізіп отыратын бейнелеуіш, көркемдеуіш тәсілдің бірі эвфемизммен де байланысты. Мысалы, керен, саңырау дегенді құлағының ми мүкісі бар, соқыр дегенді зағип, өз деп, дене мүшелеріндегі кем-кетікті жұмсақтау сөзбен алмастырып колданады. Ауру атауымен байланысты айтылатын эвфемизмдер де осы сияқты. Ғалым Ә. Ахметов балаларда кездесетін қызылша ауруын «қызыл көйлек», «қызыл» деп атаған, шешек ауруын «мейман», «қонақ», «қорасан», «әулие» деген эвфемистік бүркенші атауларын атаған.

Х. Арғынбаев малда болатын мәлік ауруының «қыз», «кемпір», «оқбайпақ» деп аталатынын, топалаң ауруының «алаң», «секіртпе», «ұшпа» сияқты атауларын келтіреді. Рак, туберкулез, сифилис секілді адамға қорқыныш тудырып, денесін түршіктіретін дерттерді қылтамақ, құрт ауруы немесе көкірек ауруы, жіңішке ауру, мерез немесе құлғана деп атайды. Қояншық, мешел, сусамыр ауруларының «эпилепсия», «рахит», «диабет» деген атаулары бар.

Тіл өнеріне қоса сөз әдебіне аса үлкен мән берген халқымыз адамға ауыр әсер ететін мағынасы жағымсыз сөздерді жұмсартып, жеңілдетіп айтудың әр алуан түрін қолдана білген. Мысалы, естір құлаққа жағымсыз әсер ететін өлді сөзі эвфемистік тәсілмен айтылған мына төмендегідей қырықтан астам синонимдік қатар түзеді екен: *ажал құшты, бақилыққа аттанды, бақи дүниеге аттанды, бұл фәниден өтті, демі тоқтады, демі бітті, дүниеден көшті, дүниеден озды, дүниеден өтті, дүние салды, жан тапсырды, жарық дүниеден қоштасты, жан тәсілім етті, жаһаннамаға аттанды, жерленді, жүрегі тоқтады, жүріп кетті, көз жұмды, кетті, қайтты, қайтыс болды, қайтпас сапарға аттанды, қиылды, қаза тапты, қаза болды, құлады, құрбан болды, мәңгілікке кете барды, мерт болды, о дүниелік болды, өмірден озды, өмірден өтті, үзілді, шетінеді деп, ал онша ұнатпайтындарға қатысты мүрдем кетті, опат болды, жан берді деп айту қалыптасқан. Ал аты-шулы қылмыскер болса, жаһаннамаға жіберді, желкесі қиылды, жер жастанды, жерғапты, мүрдем қатқыр, сеспей қатты, ома қапты синонимдері айтылып қалады. Қаралы жанға көңіл айтудың жөн-жоралғысын да естен шығармай,*

пернелеп, бейнелеп жұбата сөйлеген. Мысалы, «Өлім деген – асусыз тау, бауыры бүтін бар ма сау. Мұңсыз берді, құнсыз алды, Бұған айтар жоқ қой дау. Жақсы Құдайға да қалаулы, бізге де керек еді аяулы. Шаттық көңіл жабырқап, болған екен қаяулы. Артының қайырын берсін» деген сыңайлы әдеппен тіл қатуға дағдыланған.

Ата-бабаларымыз өмір тәжірибелерінен, халықтық әдет-ғұрып болып қалыптасқан дәстүрлерінен үлгі-нұсқаларды өне бойы үлгі етіп, ұрпақтарына үлгі етіп отырған, тілек тілеп, бата беріп, жастарды жақсы жолға бастаған. Бата – адам баласына тек жақсылық тілеу, ертеден қалыптасқан дәстүр. Кейіннен тілек айту, сол тілекке жету құдіретке байланысты деген сеніммен батаның нұсқалары қалыптасты.

Жалпы қазақ халқы батаны үшке бөледі: 1. Ақ бата. 2. Теріс (қарғыс) бата. 3. Сертгесу батасы (баталасу).

Сондай-ақ айналып-толғануды, еркелету мен ізет мағынасын білдіретін арнайы сөздерге басқа тілдерге, соның ішінде тіпті туыс тілдерге қарағанда да әлдеқайда бай екені мәлім. Мұндай сөздерді пайдалануды түркітанушылар ұлттық мінез-құлықтың ең бір маңызды ерекшелігі деп таниды.

Әр халықтың намыс атын қолданудың өзіндік мәнері бар. Мысалы, ағылшындар сыпайы, miss, miss, master, mr. Барлық халық Ізет есімінің мағынасының қолданылуына ерекше мән берген. Қазақ тіліндегі ізет атауының ең кең тараған жиі айтылатын түріне туыстық атаулардан туындаған сөздер жатады. Әдетте, *ата, әже, ана, шеше* деп өз ата-анасын, *аға, әпке* деп туған бауырларын, *тәте, жезде, жеңге* деп басқа да туыстарын атайтыны белгілі. Ал бұл сөздерге -й қосымшасын жалғау арқылы бөгде адамға қарата айтылатын ізет атауы қолданылады: *атай, әжей, апай, шешей, ағай, әпкей, тәтей, жездей, жеңгей*.

Туыстық атау мен адам атауларына -м тәуелдік жалғауының, -шек, -қай қосымшасының жалғануы арқылы да ізет атауы айтылады: *іні+м, іні-шек, келін+ шек, сіңлі+м, қарындас-ым, бала-м, бала-қай, қыз-ым, ұл-ым. Қарт, қария, ақсақал, отағасы, кейуана, бәйбіше, бикеш, бике* сөздері өз ретіне қарай ізет атауы ретінде қолданылады.

Ересек азаматтар адам аттарының бірінші, кейде екінші буынына -еке, -ке қосымшасын қосып айту арқылы да ізет білдіре сөйлейді:

Әбділда-Әбеке, Сара-Сәке, Бақыт-Бәке, Әділ-Әдеке, Есет-Есеке, Майдан-Мәке, Сағидолла-Сәке, Қадір-Қадеке, Әлімхан-Әлеке, Жарылқасын-Жәке, Мәлік-Мәке, Кәрім-Кәке. Кейде адам есімдеріне *аға, әпке, тәте, ана* сөздерін тіркестіріп айтады: *Хасен аға, Райхан әпке, Уәли аға, Зәуре ана, Сәния тәте. Ақсақал, қария, отағасы, кейуана, бәйбіше* деп егде жастатыларға, негізінен ересектерге қарата айтады. *Бикеш* деп бойжеткен, кәмелетке жеткен қыздарға, бике деп жас әйелге қарата атайды. Көпшілік жиналған қауымға қарата құрметті, қадірлі, ұлағатты, қымбатты, аяулы, сүйікті секілді сөздерді тіркестіріп айту ізет атауына жатады: құрметті халайық, қымбатты достар, қадірлі әріптестер, қымбатты қайын жұрт, құрметті меймандар, аяулы туған-туыс, ұлағатты ұстаздар, сүйікті балаларым.

Халық дәстүрінде адамға құрмет көрсетудің жолдары көп. Соның бірі — *ат тергеу*. Ұлт дәстүрі бойынша әйелдер атасының, қайнаға, қайынының, қайынсіңлісінің атын атамай, өзінше лайықты ат қойып «бай атам», «би атам», «мырза қайнаға», «төрежан», «тентегім», «еркем», әйел болса «шебер шешей», «ақ әже», «сырғалым», «шашбаулым», «күлімкөз» деп атайды. Жеңгелер жағы небір күлкілі аттар да қоя береді. Мысалы: тапалды «сұңғақтым», жайбасарды «жүйрік» дейді. Мұның бәрі шын мәнінде сыйластық пен құрметтің ерекше бір белгісі болып табылады. Ер адамдар да ақсақалдар мен өзінен үлкендерді «ата», «әже», «шеше», «апа», «Ереке», «Аха», «Жәке», «Сәке» деп құрметтеген. Бұл да осы ғұрыптың бір түрі. Ат тергеу — біздің халқымыздың адам сыйлау жөніндегі ізеттілік, көргенділік, кішіпейілдік қасиеттерінің биік көрінісі. Өзінен үлкен адамның атын тура атау анайылық болып табылады.

Қазақ әйелдерінің ізет сақтау тәртібімен ат тергеу салтын бұлжытпай орындап келгені жайындағы пікір Ә.Ахметовтың, Н.И.Ильминскийдің, Н.И.Гродековтың, А.Н.Самойловичтің тағы басқа ғалымдардың еңбектерінде айтылған.

Келін үлкендер жағына арбашы ата, бай атам, би атам, жылқышы ата, диірменші ата, молда атам, сырбаз аға, жақсы аға, әнші аға, ағекем, ақ көкем, жақсы аға, би аға, мырза қайнаға, ауылнай мырза, мырза аға, төрем, бегім, молда аға, айыр сақал аға, ұста қайнаға, атбегі қайнаға, үлкен қайнаға деп;

Әйел болса, ақ әже, шебер шешей, әзілқой әже, ділмар апай, апекем, ақ апам, үлкен апа, жақсы апа, кіші апа, менді апа деп;

Қайныларына тентегім, тетелес, ақжарқын, шырақ, жарқын, мырза жігіт, сері жігіт, ерке бала, сал жігіт, кенжем, кенже бала, ақ жігіт, кербез жігіт, шешен жігіт, семіз жігіт, сұлу жігіт, бадырақ көз, көк көз, кербез калқан құлақ, аңшы жігіт, аты теріс, жыршым, домбырашым, тапал жігіт деп;

Қайын сіңлілеріне кенже қыз, ортаншы қыз, бойжеткенім, шырайлым, сырғалым, шашбаулым, күлімкөзім, еркем, еркежан, айдарлым, кекілдім, үкілім, аппағым, бикешжан, сұлу бикеш, ақ қыз деп, барша ағайын-туысын риза қылатын. Осылайша адамның сырт түріне, бітім врекшелігіне, туыстық катынасына, жасына, кәсібіне, өнерпаздығына, мінез-құлқына қарап, кейде жарасымды әзілмен, тапқырлықпен жанама ат қою үлкен алдында иіліп сөйлеу, кіші алдында сызылып сөйлеу секілді ізеттіліктен туындаған үлкенге деген құрметін, кішіге деген ілтипатын, халқымыздың дәстүрлі мәдениетіне тән сыпайылық, әдептілік қасиетін танытады.

«Сәлем - сөздің анасы, әдеп - оның баласы» дегендей, сәлемдесу-амандық білісудің әдеп жолы. Адамдар арасындағы сыйластық амандық сұраудан бастау алады. Амандық-саулық сұрау, қоштасу, ризалық білдіру, ізет сақтап қуанышына ортақтасып, сыпайыгершілік білдіру сияқты КҚЛ адамның көңіл күйіне жағымды әсер ететіні белгілі.

Есендесудің адамдардың жас ерекшелігі мен жынысына байланысты да өзгешелігі болуы мүмкін. Мәселен, Жақсымысыз ! Амансыз ба! Есенсіз бе! деп негізінен егде жастағы әйелдер амандасады. Сондай-ақ жастар жағы да егде жастағы әйелдермен осылайша амандасып жатады.

Ассалаумағалайкүм деп, мұсылман дініндегі халықтар жаппай амандаса беретін болса, қазақтарда тек ер жыныстылар ғана осылайша амандасады. Орта жастан жоғары ерлер көбіне-көп осылайша амандасады. Жастардың да егде жастағы адаммен осылайша амандасуы әдептілікке жатады. Кейде жастар бір-бірін ұзақ уақыттан кейін барып көрсе, олар да осылай амандасады. Жасы кіші алдымен сәлем беріп, жасы үлкен оған *уағалайкүмассалам* деп жауап береді. *Армысыз* деп те ер азаматтар амандасады. *Сәлем, сәлеметсіз бе* деп әйелдер де, ерлер де (көбінесе жастар) амандаса береді. Ерлер жағы әйелдермен көбінесе осылайша амандасады.

Қазақ салтында сыйлас адамдар сағынысып кездескенде өзара ықылас-пейілі мен қуанышын білдіру үшін құшақтасып амандасқан. Сондай-ақ дәстүрлі мейрамдар мен наурыз, айт, мәуліт тәрізді айтулы күндері тілек-ғибадаттың қабыл болып, аман-есен жүздесуге тілектестік білдіріп құшақтаса амандасады. Қазіргі уақытта оң қолын ұсынып амандасу кең тараған. Ертеректе қазақтар арасында ер адамдар атқа мініп келе жатып оң қолын көтеріп немесе қалпағын көтеріп амандасатын. Сондай-ақ көптен көрмеген адамымен аттан түсіп төс түйістіріп құшақтасып та амандасатын. Оң қолын төсінің, жүрегінің тұсына қойып, басын иіп ерлер де, әйелдер де әсіресе жасы үлкендермен амандасатын кезі болатын. Қазіргі уақытта Еуропа халықтарында қалыптасқан оң қолын ұсынып немесе қос қолдап амандасу әлем халықтары арасында кеңінен тарап отыр. Ертеректе әйел адамдар күйеуінің жасы үлкен туыстарын көргенде тізесін бүгіп, екі қолын оң тізесіне қойып сәлем жасайтын. Үлкендер жағы рақметін айтып «көп жаса, бақытты бол, балам» деп сәлемін қабыл алатын. Өкінішке орай, жақын адамдар арасындағы сыйластық пен ізеттілікті танытатын осы бір жарасымды мұрағат қазіргі кезде өз әсерін жоғалтып алғандай.

Амандасудың соңы кей тұста қоштасумен де ұласады. Екі адамның күнбе-күнгі қоштасуынан бөлек, кейде ата-анасымен, сүйген жарымен, туған-туысқанымен, ел-жұртымен де қоштасатын кез болады. Қазақтың дәстүрлі салт жырларында тіпті жүйрік атымен, қыран құсымен, тағы басқалармен де қоштасу бар. Халқымыз жасөспірімді сәби кезінен-ақ үлкенді тыңдауға, үлкенге сый-құрмет білдіруге тәрбиелеген. Жасы үлкенмен орнынан тұрып, ізет білдіріп амандасып, орын ұсынады. Бабалар өсиетін есте тұтқан халқымыз дұрыстап амандық-саулық сұрауға да үлкен мән берген. Өйткені адамның тәлім-тәрбиесі, кішіпейілдігі мен адамдық асыл қасиеттері үлкенмен де, кішімен де, жаспен де, кәрімен де амандасуынан да көрініс табатыны белгілі. Біраз уақыт бір-бірімен көріспеген адамдар қысқа ғана сәлемдесіп қоймай, хал-жағдайын жайлап, тәптіштен сұрап, сый-құрмет көрсетеді.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Сейсенова А. Сөйлеу мәдениеті және қарым-қатынас әрекеті// Әділеттің ғылыми еңбектері, №1(9), 2001
2. Нұғыманов И., Қашқынбаева З. Сөйлеу мәдениетінің теориялық негіздері// Қазақстан мектебі, №3, 2000
3. Мақырұлы С. Сөйлеу мәдениеті – үлкен жауапкершілік// Ана тілі, №20, 2003
4. Тамаева Б. Сөйлеу әдебінің қарым-қатынастағы прагматикалық көрсеткіші// Ұлағат, №6, 2010
5. Балақаев М. Қазақ тіліндегі изафеттік құбылыс//Халық мұғалімі, №1-2, 1946

УДК 82.0109

ОСОБЕННОСТИ ХРОНОТОПА В ПРОИЗВЕДЕНИИ Ф.М.ДОСТОЕВСКОГО «ДЯДЮШКИН СОН»

Варгентина А.А., студент

Научный руководитель: Чеснокова К.А.

Жетысуский университет им. И.Жансугурова, г.Талдықорған

E-mail: bolgar_k@mail.ru

В статье анализируются пространственно-временные особенности художественного мира Ф.М. Достоевского, выявленные на материале произведения «Дядюшкин сон». Особое внимание уделяется проявлению религиозного влияния на организацию хронотопа. В качестве методологической базы исследования использован метод интертекстуального анализа.

Ключевые слова: хронотоп, Ф.М. Достоевский, время, пространство, форма.

Мақалада Ф.М.Достоевскийдің «Аға арманы» шығармасындағы көркемдік әлемінің кеңістіктік-уақыттық ерекшеліктері талданады. Хронотопқа діни көріністің әсері ерекше екендігі айтылады. Зерттеудің әдіснамалық негізі ретінде интермәтіндік талдау әдісі қолданылды.

Тірек сөздер: хронотоп, Ф.М. Достоевский, уақыт, кеңістік, форма.

The article analyzes the spatio-temporal features of the artistic world of F.M.Dostoevsky, revealed on the material of the work "Uncle's Dream". Particular attention is paid to the manifestation of religious influence on the organization of the chronotope. The method of intertextual analysis was used as a methodological basis for the study.

Key words: chronotope, F.M. Dostoevsky, time, space, form.

Особенности художественного мира писателя во многом определяются хронотопом, то есть художественно переработанным единством места, времени и действия. Вопросами изучения особенностей хронотопа занимались многие известные литературоведы. Среди них М.М.Бахтин, Ю.М.Лотман и др. Не меньший интерес данная тема представляет для современных ученых: Темирболат А.Б., Корман Э. По мнению, М.М.Бахтина литературно-художественный хронотоп соединяет в себе особенности пространства и времени, вступающие в разные художественно обусловленные комбинации [1, с.234].

От искусства писателя зависит процесс введения персонажей и передачи событийного ряда в рамках времени, избранном автором. Именно время, по М.М.Бахтину, является ключевым компонентом хронотопа. Образы и пространство наполняют это время.

Помимо описания характеристик хронотопа, М.М.Бахтин выделил его формы в своей работе «Формы времени и хронотопа в романе». Несмотря на то, что в данном труде анализировались произведения романного жанра, мы считаем, что эти же формы можно встретить и в более мелких по объему произведениях, например, повестях.

Итак, М.М.Бахтин выделил следующие формы хронотопа:

- дороги;
- замка;
- гостиницей;
- провинциального тихого городка;
- порога [1, с.236].

Отдельно нужно упомянуть семейно-идиллический, трудовой и фольклорный хронотопы. Первый представляет собой идиллию внутри семьи с полным отсутствием бытовых деталей. Трудовая идиллия воспевают труд героев [1, с.238].

Бахтинский взгляд на хронотоп дополняется взглядами современных исследователей. Так, А.Б.Темирболат пишет, что хронотоп представляет собой коммуникативную систему для актера, персонажей и читателя [2, с.300].

На неравномерность изменения пространства и времени в рамках литературного хронотопа указывает Э.Корман [3].

Повесть «Дядюшкин сон» - одно из семипалатинских произведений писателя, созданных им в период с 1854 по 1859 гг. Однако его можно считать продолжением художественного мира, который создавался Ф.М.Достоевским задолго до этого.

Как же работает хронотоп в повести «Дядюшкин сон»?

Мы попытались проанализировать наличие и роль всех пяти форм хронотопа.

Хронотоп дороги

Хронотоп пути/дороги позволяет вводить новых персонажей через встречу с незнакомыми людьми, охарактеризовать действующих героев через путевые разговоры и начать историю. Действительно, герои повести постоянно путешествуют. Мозгляков знакомится с князем К. в дороге, помогая ему выбраться из происшествия, князь все время разъезжает по знакомым, Москалева мечется из деревни в Мордасов, обставляя женитьбу Зины и князя К., Мозгляков блуждает по улицам города, снова возвращаясь к Москалевым. Князь К. сбегает в гостиницу, где умирает. Мозгляков и Москалевы уезжают из Мордасова, а затем случайно встречаются в ходе одного из его путешествий.

Топос пути/дороги в повести раскрыт в настоящих гоголевских традициях. Ф.М.Достоевский очень иронично описывает путешествия князя К. по его знакомым, их борьбу за право принимать участие в этом спектакле. «Он ваш гость, а не ее! Чтоб над вами смеялась эта пройдоха, эта каверзница, эта сопля! Да она подошвы моей не стоит, хоть и прокурорша! Я сама полковница! Я в благородном пансионе мадам Жарни воспитывалась... тьфу! Mais adieu, mon ange! У меня свои сани, а то бы я с вами вместе поехала...». Избранная автором анекдотичная манера повествования отсылает читателя к произведениям Н.В.Гоголя, насмешливым описаниям его персонажей.

Хронотоп замка

Явного проявления этой формы в повести нет. Однако, в одном из комических эпизодов описана сцена обольщения князя К., в которой Москалева заставляет свою дочь исполнить романс о рыцарях, замках и трубадурах. «Как я люблю всё это рыцарское!... Эта средневековая жизнь! ...Ах, эти замки, замки!» [4, с.235].

Хронотоп гостиной

Здесь повествование ведется в лучших традициях О.Бальзака. Перед нами родина «салонных» интриг, передающая особенности характеров героев и их поступков. В повести подробно описана гостиная Москалевых, ставшая ареной для борьбы героев друг с другом. Во-первых, в самом начале повествования сообщается о том, что Марья Александровна делала все для того, чтобы ее продолжал «считаться первым домом в Мордасове». В тексте есть подробное описание ее жилища, которое искусственно переоборудовалось под салон. Указаны обязательные для этого детали: будуар, выкрашенные полы, выписные обои, красная мебель (правда, неуклюжая), камин, зеркала, много амурных часов из бронзы (правда, безвкусные), рояль, кресла, столик, стол с белой скатертью, серебряный самовар, симпатичный чайный набор. Внешняя устроенность «салона» противоречит внутреннему укладу семьи, давно давшему трещину.

Хронотоп провинциального тихого городка

Описание провинциального города и его жителей – это вариант замкнутого пространства со своим традиционным укладом жизни. В повести описан Мордасов.

Мордасов - первый город провинциального ряда, вымышленный Ф.М.Достоевским. Жители его заняты интригами и сплетнями, а также бахвальством перед обитателями города. У «первой дамы Мордасова» нет подруг, все ее знакомые ненавидят друг друга, презирают Мордасов и все, что с ним связано, мечтают о прекрасной загранице и изливают свой яд на головы врагов, заботясь о своей формальной репутации.

Хронотоп порога

Это метафорический элемент композиции произведения с острым сюжетом. На пороге происходят переломные моменты, рождаются и решаются кризисные ситуации. На пороге происходят диалоги с Мозгляковым, когда Настасья Петровна раскрывает ему глаза на планы Москалевых, на пороге Марья Александровна останавливает его, чтобы убедить в своей заинтересованности в отношениях Зины и Мозглякова.

В повести «Дядюшкин сон» особенно важна характеристика пространства. По мнению Ю.М.Лотмана, природа художественного пространства представляет собой «модель пространства Вселенной автора» [5, с.251]. В «Дядюшкином сне» четко выделены несколько миров: пространство городского дома как мир интриг, пространство деревни, пространство провинциального города Мордасова и главного города «отдаленнейшего края» в конце произведения. Это связано с тем, что в «Дядюшкином сне» проложена тема дисгармонии в отношениях человека и общества, уродующего воздействия социума на качества личности.

Начнем с того, что в повести встречаются, в основном, закрытые пространства. Под закрытым пространством понимается описание домов, помещений и провинциального города, о котором писалось выше. Ему противопоставлены открытые пространства (леса, моря, реки), которые практически отсутствуют в повести.

Отдельно стоит остановиться на условном (дискретном) пространстве, которое не подразумевает конкретизации деталей. Например, у Ф.М.Достоевского это пространство сна. Это особый размытый мир, отделяющий персонажей от реальности.

Сознание князя К. на протяжении всей повести прочно погружено в сон. В целом, в произведениях Ф.М.Достоевского сны выполняют функцию психологического катализатора, показывая тайные стороны мировосприятия героев. Здесь же сон использован как прием гротескного изображения действительности. Только особой логикой сна, в которую погружен князь К., можно объяснить внутренние и внешние противоречия, отсутствие гармонии в быденном мире светского общества.

Объединяющим звеном служат образы князя К., Москалевых, Мозглякова и мотив путешествий, скитаний, который сопровождает героев произведения. Одним из вариантов этих перемещений можно считать мотив сна, переворачивающий мир в глазах героев.

Сочетание религиозных элементов хронотопа в тексте, их наложение наиболее ярко проявляется в системе образов и мотивов.

Пространство дома - это сфера жизни, красоты, место душевной и физической гармонии в понимании христианина. Как же изображена эта жизнь в повести Ф.М.Достоевского? Описание «салона» было приведено выше (см. Хронотоп гостиной).

Нечто похожее по стремлению к напускной изящности мы наблюдаем в жилище князя К. в Духанове: у него есть старинный господский дом с садом, заполненным цветочными скульптурами львов, искусственными курганами, водоемами, лодками со статуями турков-музыкантов, беседками и прочими увеселительными принадлежностями.

Эти красочные описания граничат с пространствами домов других персонажей, чья жизнь не так весела. Так, супруг Москалевой проживает в деревне, в доме, который описан как «длинное одноэтажное деревянное строение, довольно ветхое и почерневшее от времени, с длинным рядом окон и обставленное со всех сторон старыми липами». Видно, что Москалева не намерена трепетно относиться к этому дому, как и к мужу, которого считает дураком.

Еще более удручающее впечатление складывается от прочтения отрывка, в котором описывается дом несчастного умирающего Васи, к которому спешит Зинаида. Собственно в ее восприятии мы и видим «ветхий, покривившийся и вросший в землю домишко, с какими-то щелочками вместо окон и обнесенный сугробами снега со всех сторон», а далее «маленькую, низкую и затхлую комнатку», с «огромной печью», «дощатой некрашеной кроватью», «тонким тюфяком» [4, с.356]. Здесь даже воздух пропитан заботами и печалью, разрушенными мечтами о счастливой жизни.

Важным элементом хронотопа, также связанным с религией можно назвать образы церкви, кладбища и сна. Они помогают понять истинное отношение героев к происходящему, друг к другу, к самим себе. Так, все жители Мордасова приходят в монастырь на церемонию отпевания князя К., ведомые слухами о том, что Марья Александровна появится, чтобы замолить свои грехи перед покойным на коленях. И только Москалевы игнорируют это событие, прекрасно понимая, чего ждет от них общество, частью которого являются они сами.

Также поступила и Зина по отношению к Васе, просто уехав, не принимая участия в его похоронах. Только старушка мать «стояла теперь над ним, убитая горем, сложив руки, без слез, глядела на него и не наглядываясь и все-таки не могла понять, хоть и знала это, что чрез несколько дней ее ненаглядного Васю закроет мерзлая земля там, под сугробами снега, на бедном кладбище» [4, с.358].

Интересно проследить использование космических мотивов в повести «Дядюшкин сон». Здесь часто повторяются мотивы неба, солнца, упоминаются звезды. Космические мотивы словно бы отделены от персонажей, наблюдаются ими поверхностно, либо в мечтах и ложных утверждениях.

Так, солнце упоминается в тексте трижды. Первое упоминание встречается в рассказе Мозглякова о том, как он спас князя К. Мозгляков отвлекается от основной темы на описание очаровательного восхода солнца, алой и серебряной морозной пыли, очевидно, желая показать романтичность своей натуры в доме Москалевых.

Следующий раз мотив солнца проникает в ткань повествования в эпизоде, посвященном встрече Зины с умирающим Васей. Молодой человек, прощаясь с жизнью вспоминает об их счастливой весне, ярком солнце, цветах, празднике природы. И в этот момент солнце словно бы услышало эту речь, и душа возлюбленного Зины упорхнула из мира людей вслед за «последним, прощальным лучом солнца», который «позолотил замороженное единственное оконце маленькой комнаты» [4, с.360].

Небо и звезды также упоминаются в повести несколько раз. Так, в сказочном описании Испании, в которую, по обещаниям Марьи Александровны Мозглякову, должна была отправиться ее дочь с князем К., описывается «голубое небо... где розы и поцелуи, так сказать, носятся в воздухе!» [4, с.350].

Помимо разговора с Мозгляковым, предприимчивая Марья Александровна пытается убедить Зину в совершенной бескорыстности и добропорядочности их попыток втянуть бедного князя К. в брачную аферу. Она употребляет еще более изощренные речевые средства, чем в беседе с Мозгляковым, описывая, как князь К. умрет «счастливый, примиренный с собою..., уверенный в любви твоей, прощенный тобою, ... под лазуревым, экзотическим небом!». Далее она сравнивает Зину с «прекрасной звездой», которая осветит «закат его жизни» [4, с.352].

Небо встречается в тексте один раз, когда описывается отъезд Мозглякова из Мордасова. В заполненном впечатлениями и мыслями о происходящем сознании Павла Александровича беспорядочно мелькают зимние мордасовские пейзажи. И только один раз его взгляд упал на «самый склон неба», где «чернелись леса» [4, с.400].

Мы проследили наличие всех форм хронотопа по М.М.Бахтину (дороги, замка, гостиницы, провинциального тихого городка, порога, выявили особенности организации художественного пространства в повести Ф.М.Достоевского «Дядюшкин сон».

Все выявленные характеристики говорят о расширении человеческого времени и пространства, оттеснении природного начала, уходе чистоты и искренности из мира, изображенного автором.

ЛИТЕРАТУРА:

1. М.М.Бахтин. Формы времени и хронотопа в романе // Бахтин М. М. Вопросы литературы и эстетики. — М.: Худож. лит., 1975. — 407 с.
2. Темирболат А. Б. Категории хронотопа и темпорального ритма в литературе. А.: Ценные бумаги, 2009. — 504 с.
3. Корман Э. Хронотопическое сознание [электронный ресурс]. Режим доступа: <http://www.club.sunround.com/22/korman.htm> (дата обращения: 15.05.2022).
4. Ф.М. Достоевский. Собрание сочинений в 15 томах. Л.: Наука. Ленинградское отделение, 1988. Т. 2.
5. Лотман Ю.М. В школе поэтического слова: Пушкин. Лермонтов. Гоголь. М.: Просвещение, 1988. - С.251-292.

ӘОЖ 378

ҚАЗІРГІ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ БІЛІМ: ҚАЗІРГІ ТЕНДЕНЦИЯЛАР МЕН ДАМУ ЖОЛДАРЫ

Дюсенбекова Диана Жумабековна, «Құқықтану» білім беру бағдарламасының 2 курс студенті

Ғылыми жетекші: Баженова М.Д.

І. Жансүгіров атындағы ЖУ

E-mail: bazhenova.meruert@mail.ru

Мақалада қазіргі заманғы педагогикалық білім беруді дамыту мәселелері қарастырылған, оның қазіргі қоғамдағы жұмыс істеу ерекшеліктері мен перспективалары анықталған, болашақ мұғалімдерді кәсіби даярлау мазмұнын жобалаудың мүмкін бағыттары жасалған.

Тірек сөздер: педагог, педагогикалық білім, педагогикалық құзыреттілік, кәсіби дайындық.

В статье рассматриваются проблемы развития современного педагогического образования, определены особенности и перспективы его функционирования в современном обществе, разработаны возможные направления проектирования содержания профессиональной подготовки будущих учителей.

Ключевые слова: педагог, педагогическое образование, педагогическая компетентность, профессиональная подготовка.

The article examines the problems of the development of modern pedagogical education, identifies the features and prospects of its functioning in modern society, and develops possible directions for designing the content of professional training of future teachers.

Keywords: teacher, pedagogical education, pedagogical competence, professional training

Кәсіби педагогикалық білім берудің даму тенденциялары көрсетілген мүмкіндіктер ретінде оның бағытын ғана емес, даму перспективаларын да анықтайды. Кәсіби педагогикалық білім беруді дамытудың жетекші тенденциялары, әлемдік, ұлттық, аймақтық жалпы тенденцияларды көрсете отырып, педагогикалық білім беру жүйесіне тән ерекше тенденцияларды қамтиды. Осыған байланысты болашақ мамандарды даярлау жүйесін жобалаудың негізгі бағыттарын анықтау үшін оларды талдау қажет. Университетте мұғалімдерді даярлау - бұл кәсіби білім берудің салыстырмалы түрде тәуелсіз түрі, оның нәтижесі болашақ мұғалімнің кәсіби ойлауын, педагогикалық санасын, Кәсіби бағытталған мінез-құлқын қалыптастыру, студенттің болашақ мұғалімнің кәсіби құзыреттілігіне қойылатын талаптарға сәйкес Педагогикалық қызметті сындарлы түрде жүзеге асыруға мүмкіндік беретін білім, білік және дағдыларды игеруі. Педагогикалық қызметтің маңыздылығы тәжірибені жас ұрпаққа арнайы ұйымдастырылған педагогикалық процесс арқылы беру қажеттілігімен ғана емес, сонымен қатар педагогикалық мамандықтардың өкілдері шеше алатын әлеуметтік, экономикалық проблемалардың өсуімен де анықталады.

Осы проблемалардың шиеленісуі жағдайында қылмыс өсіп, қараусыз және қараусыз балалар саны артып, балалардың алкоголизмі мен жезөкшелігі проблемаға айналған жастарға әлеуметтік көмек қажет. Екінші жағынан, дарынды, талантты балаларды педагогикалық қолдау жүйесін ұйымдастыру педагогикалық қоғамдастықтың ерекше назарын талап етеді. Әрбір жеке тұлғаның білім беру жүйесінде сапалы білім алу құқығын іске асыру мақсатында «денсаулық мүмкіндігі шектеулі адамдардың сапалы білім алуына, даму бұзылыстарын түзетуге және әлеуметтік бейімделуге, арнайы педагогикалық тәсілдер мен осы адамдар үшін неғұрлым қолайлы тілдер, қарым-қатынас әдістері мен тәсілдері негізінде ерте түзеу көмегін көрсетуге қажетті жағдайлар жасалады. белгілі бір деңгейдегі және белгілі бір бағыттағы білім алуға барынша ықпал ететін жағдайлар, сондай-ақ, бұл адамдардың әлеуметтік дамуы...».

Осыған байланысты болашақ мұғалімнің құзыреттілік жүйесін қалыптастыруға бағытталған тиісті курстардың әлеуметтік-педагогикалық мазмұнының барабар әдістері, әдістері мен технологияларын қолдана отырып, кәсіби педагогикалық білім беру жүйесінде іске асыру қажет, бұл оған қиын өмірлік жағдайға тап болған балалар мен жасөспірімдерге әлеуметтік-педагогикалық көмек көрсетудің кешенді бағдарламаларын жасауға мүмкіндік береді. Сондықтан өркениетті қоғамның феномені болып табылатын әлеуметтік-педагогикалық қызметке деген сұраныс және оның оңтайлы жұмыс істеуі үшін білікті кадрлар даярлау сияқты педагогикалық білім беруді дамытудың осындай тенденциясын белгілеуге болады.

А.М. Новиков пен Д. А. Новиковтың еңбектерінде қазіргі уақытта индустриялық қоғамның білім беру парадигмасын постиндустриалды қоғамның білім беру парадигмасына ауыстыру жүзеге асырылып жатқаны атап өтілген [1]. Осыған байланысты білімді дайын білім алу және мұғалім туралы дайын білім беру құралы ретінде түсінуден бас тарту қажет. Білім-бұл адамның меншігі, оның Өмірде өзін-өзі тану құралы, жеке мансапты құру құралы.

Бұл оқытудың мақсаттарын, оның мотивтерін, нормаларын, формалары мен әдістерін, мұғалімнің рөлін және т.б. өзгертеді. Білім беруді ізгілендіру мәселесі гуманистік құндылықтарға бағдарланған педагогикалық ойлау қабілеті бар, гуманистік тәрбиенің вариативті технологияларына ие, инновациялық шығармашылық қызметке қабілетті мұғалімді дайындаумен байланысты. Зерттеу барысында біз Л.М.Митинаның әдістемесі бойынша «адам - адам» жүйесі маманының негізгі жеке қасиеттерін (барлығы 50 позицияға жуық) сараладық [2].

Сауалнамаға Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің Психология және педагогика факультетінің күндізгі бөлімінің 1-3 курс студенттері қатысты (70 адам). Респонденттер мыналарды ең маңызды деп атады (маңыздылықтың төмендеу реті бойынша): мейірімділік, адамгершілік, әділеттілік, әдептілік, шыдамдылық және ұстамдылық, байқау, сыншылдық, бастамашылық, жауапкершілік, ұйымшылдық, батылдық. Осылайша, бұл мұғалімнің гуманистік қасиеттері, көптеген студенттердің пікірінше, оның қызметінің оңтайлы сапасын қамтамасыз етеді. Білім беруді ізгілендіру қазіргі заманғы мәдениет кеңістігінде өзін-өзі тануға, студенттің жеке басын өзін-өзі анықтауға, оның шығармашылық әлеуетін ашуға, құндылық бағдарлары мен адамгершілік қасиеттерін қалыптастыруға жағдай жасау, содан кейін оларды кәсіби және әлеуметтік қызметте өзектендіру процесі ретінде түсініледі. Білім беруді гуманитаризациялау гуманитарлық пәндер тізбесін кеңейтуді, жүйелі білім алу үшін олардың мазмұнын тереңдетуді қамтиды [3].

Бұл процестер бір-бірін толықтырады және білім беруді фундаментализациялау процестерімен біріктіріліп, өзара байланыста қарастырылуы керек. Теориялық-практикалық зерттеулерде, егер жоғары оқу орны өз түлектерінде іргелі ғылымдардың жетістіктерін меңгеру және оларды кәсіби қызметте шығармашылықпен пайдалану қабілетін қалыптастырмаса, онда ол түлектерге еңбек нарығында қажетті бәсекеге қабілеттілікті қамтамасыз етпейді. Сондықтан бірінші курстан бастап студенттердің іргелі білімді терең игеруге деген ұмтылысы қолдау табуы керек. Бүгінгі таңда фундаментализм қазіргі заманғы нарықтың үнемі өзгеріп отыратын жағдайларын талап ететін кәсіби икемділіктің негізі болып табылады. Фундаменталды ғылымдарға физика, химия, биология, ғарыш, адам және т.б. ғылымдар, сонымен қатар математика, информатика және философия жатады.

Осы ғылымдарды игерусіз табиғат пен қоғам туралы, қазіргі әлемдегі адамның рөлі туралы білімді терең түсіну мүмкін емес. Жоғары білім беруді фундаментализациялау оқу процесін іргелі біліммен және ғылымдар жасаған шығармашылық ойлау әдістерімен жүйелі түрде байыту. Сонымен, болашақ мұғалімнің қоғам дамуының қазіргі жағдайында өзінің кәсіби қызметін жан-жақты қабылдауын қамтамасыз ететін іргелі, гуманитарлық, арнайы білімді интеграциялау қажеттілігі артып келеді, бұл білім беру процесін құрудың тиісті гуманистік парадигмасын іздеу тенденциясын анықтайды.

Басқа әлеуметтік-мәдени институттармен бірге педагогикалық білім жеке тұлға мен қоғамға қатысты бірқатар негізгі функцияларды орындайды [4], олардың ішінде мыналарды бөліп көрсетуге болады: реляциялық функция әлеуметтену және кәсібилендіру, болашақ мамандық әлеміне ену процесінде алынған студенттердің белгілі бір әлеуметтік рөлдері мен мәртебелерін дамытуға бағытталған; реттеуші функция болашақ маманның мінез-құлық стандарттарын жасауға бағытталған педагогикалық қызметтің талаптарына сәйкес оның қызметі мен мінез-құлқына әлеуметтік бақылауды жүзеге асыру; аксиологиялық функция студенттің кәсіби дайындық процесінде педагогикалық іс-әрекеттің құндылық негіздерін түсінуімен және меңгеруімен байланысты; білім беру функциясы студенттердің кәсіби міндеттерін сапалы орындау үшін қажетті іргелі және арнайы білім жүйесін қалыптастыруға, педагогикалық қызмет технологияларын, ғылыми-зерттеу жұмысының әдіснамасын игеруге бағытталған; білім беру функциясы мұғалімнің жеке басын, оның адамгершілік, физикалық, эстетикалық, экономикалық, экологиялық тәрбиесін, әлеуметтік-

адамгершілік нормаларға, құндылықтарға, мұраттарға негізделген және қоршаған әлемге, игерілген мамандыққа гуманистік көзқараста көрінетін тұтас дүниетанымды дамыту қажеттілігінен туындайды.

Қоғам мен білім беру жүйесінің қазіргі даму жағдайында мамандарды кәсіби даярлау жүйесінің әр түрлі функцияларының пайда болу тенденциясы айқын көрінеді, бұл оның өзгергіштігімен, болашақ мұғалімдер шешетін мәселелердің күрделілігімен байланысты. Білім беру функцияларын түсінуден туындайтын маңызды тұжырымдардың бірі-оның жеке тұлғаның үйлесімді дамуына жалпы бағытын тану. Білім беру жүйесіндегі жаңғырту процестері мынадай негізгі шаралар шеңберінде бейінсіз (асинхронды) оқытуды енгізу мүмкіндіктерін кеңейтуді: даярлықтың барлық бағыттарындағы пәндерді біріздендіруді; студенттік топтарды оқу процесін ұйымдастырудың негізгі бірлігі ретінде қараудан және оларды даярлау бағыттары мен тиісті бейіндер бойынша қалыптастырудан бас тартуды; бір пәнді оқу уақытында уақытша студенттік топтарды құру мүмкіндіктерін көздейді.

Оқу мазмұнын таңдауда университеттің тәуелсіздігі артады. Мұның бәрі сызықты емес схема бойынша оқу процесін ұйымдастыруға көшудің міндетті шарттары болып табылады. Педагогикалық білім берудің гуманистік мақсаты оның құралдарын, мазмұны мен технологияларын қайта қарауды талап етеді. Біздің ойымызша, педагогикалық білім беру жүйесін дамытудың қазіргі заманғы тенденцияларына сәйкес келетін "студенттер тобы оқытушы оқулық, оқу құралы" сызығынан "студент, жеке тұлға, жеке тұлға, жеке оқыту технологияларын меңгерген оқытушы, жаңа педагогикалық технологиялар мен ақпараттық құралдардың жиынтығы" сызығынан кәсіби дайындық жүйесін модельдеу қажет. Кәсіптік даярлау процесінің мұндай құрылысы бейімделгіш білім беру жүйелерінде көзделген.

Мұғалімнің кәсіби қалыптасу процесі-бұл болашақ мамандықта, ғылымда, қоғамдық өмірде ғана емес, сонымен қатар осы адамға тән кәсіби мінез-құлық бағытын анықтайтын жеке тұлғаның қалыптасуындағы (өзін-өзі жасайтын) тұлғаның көрінісі. Таза объективті, жеке емес білімді немесе іс-әрекет тәсілдерін тарату студенттің мамандықтың тиісті салаларында өзін көрсете алмайтындығына және шығармашылық тұлға ретінде дамымауына әкеледі. Егер ол кәсіби міндеттерді игере отырып, өзіне жаңалық ашса, сонымен бірге жаңа ақыл-ой мен психикалық күштердің оянуын сезінсе, онда педагогикалық қызмет "оның әлеміне", өзін-өзі жүзеге асырудың кеңістігіне айналады. Мұғалімнің кәсіби дайындығы Теориялық оқыту мен практикалық іс-әрекет процесінде тұлғаның даму бағыттарының жиынтығы ретінде ұсынылуы мүмкін, яғни теориялық және практикалық дайындықты біріктіру. Бұл маман шешуі керек міндеттердің кең спектрі оның қызмет технологиясының теориялық негізділігінің жоғары деңгейін талап етеді.

Бұл өз кезегінде кәсіби мәселелерді дербес шешуді және шешуді, бұл үшін қажетті ақпаратты іздеуді, әлеуметтік-педагогикалық ғылымдар әдістерін меңгеруді, инновациялық қызметке дайындықты, Педагогикалық қызметті әдістемелік қамтамасыз етуді таңдауға шығармашылық көзқарасты қамтамасыз етеді. Бұл міндеттерді шешу оқу уақытын теориялық және практикалық сабақтарға, сондай-ақ оқытудың педагогикалық бағыты бойынша оқу жоспарында көзделген өндірістік практиканың әртүрлі түрлеріне оңтайлы бөлу арқылы жүзеге асырылады. Бұл мәселенің шешімі жоғары мектеп оқытушыларының болашақ мұғалімді даярлаудың теориялық-әдіснамалық және белсенді-технологиялық компоненттерін бірлікте жүзеге асыруға мүмкіндік беретін Кәсіби бағытталған бейімделу технологияларын қолданудан көрінеді. Бұл ереже болашақ мұғалімнің жүйелі білімін анықтайды, бұл өз кезегінде оның кәсіби құзіреттілігінің маңызды көрсеткіші болып табылады және философия, әлеуметтану, саясаттану, педагогика, психология, физиология және т.б., объектілер мен құбылыстардың құрылымын, олардың арасындағы қатынастарды және олардың ең маңыздыларын ажырата білу қабілетінде көрінеді.

Осылайша, университеттегі мұғалімнің кәсіби дайындығының адаптивті жүйесін жобалаудың әдіснамалық негізі қазіргі ғылымда дамыған тұлғаға бағытталған білім беруді өзектендіру үрдісі болып табылады. Университеттің оқытушысы қолданатын дәстүрлі білім

беру жүйесінде технологиялық және әдістемелік арсенал өте алуан түрлі. Сонымен қатар, оны кәсіптік даярлаудың адаптивті жүйесінде қолданудың түбегейлі айырмашылығы- әртүрлі әдістерді қолдану берік рефлексивті негізге қойылады. Әдістер кездейсоқ таңдалмайды, бірақ білім беру бағдарламаларының көп деңгейлі мазмұнымен де, таңдалған педагогикалық технологиямен де тығыз байланысты. Осыған байланысты білім беру бағдарламасының нәтижелілігін жедел (тұрақты жұмыс істейтін мониторинг режимінде) бақылау және (қажет болған жағдайда) стратегиялық қызметтің мақсаттарын, міндеттерін, әдістері мен құралдарын жедел түзету, оны болашақ Педагогтің кәсіби құзыреттілігін дамытуда болып жатқан өзгерістермен, сондай-ақ педагогикалық білім беру саласындағы қоғамдық мемлекеттік саясатпен келісу жүйесін әзірлеу қажет, халықтың әлеуметтік сұраныстарының өзгерістерімен, осылайша, қазіргі қоғамдағы оның дамуының белгілі бір тенденцияларына сәйкес педагогикалық білім беру жүйесін жобалау мен іске асырудың келесі ерекшеліктері бар: педагогикалық өзара әрекеттесу барысында дамытын студенттің жеке басын оның даралығы деңгейінде құндылық-семантикалық қабылдау және түсіну; барлық субъектілер белсенді түрде қалыптастыратын оқу-тәрбие процесін дамытудың вариативті-іздістіру сипаты, оқытудың жеке білім беру траекториясын таңдау мүмкіндігі, болашақ мұғалімнің қажетті кәсіби және жеке құзыреттерін қолдану мүмкіндігін өзектендіру; қоғамның, педагогикалық қызмет саласының болжамды даму үрдістеріне, сондай-ақ кәсіби құзыреттіліктің даму деңгейіне негізделген кәсіби білім берудің икемді, вариативті, адаптивті жүйесінің мазмұнын жобалау болашақ педагог; болашақ педагогтарды кәсіби даярлау жүйесінің технологияларын жеке тұлғаның кәсіби даму заңдылықтарымен, осы процесті ұйымдастырудың профессиографиялық мониторингімен байланыстыру.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Новиков А.М., Новиков Д.А. Методология. М.:СИНТЕГ, 2007. 668 с.
2. Митина Л.М. Психология профессионального развития учителя. М.: Флинта, 1998. 200 с.
3. Педагогика и психология высшей школы / Отв. редактор М.В. Буланова-Топоркова. РостовнаДону: Феникс, 2002. 544 с.
4. Педагогика профессионального образования / Под ред. В. А. Сластенина. М.: Академия, 2004. 368с.

УДК 81'373; 001.4

НАРУШЕНИЕ ЛЕКСИЧЕСКОЙ И СЕМАНТИЧЕСКОЙ СОЧЕТАЕМОСТИ СЛОВ В РЕЧИ УЧАЩИХСЯ С НЕРУССКИМ ЯЗЫКОМ ОБУЧЕНИЯ

Есимкулов Б.Н., Қалиакбар А.Ж.

Жетысуский университет им. И.Жансугурова, г.Талдыкорган

Преподаватель "Zhansugurov college"

E-mail: kaliakbar.ayazhan@gmail.com

Мақалада лексикалық-семантикалық сәйкестікті қабылдаудың стильдік ерекшеліктері ашылады. Олардың лексикалық үйлесімділікті қалыптастыруға қатысуы анықталады.

Тірек сөздер: модернизация, лексикалық үйлесімділік, көркем әдебиет, сөйлеу қатесі, сөз.

В статье обнаружены риторические специфики способа лексической и семантической сочетаемости. Обусловлены их отношение в вырабатывании лексической сочетаемости

Ключевые слова: модернизация, лексическая сочетаемость, художественная литература, речевая ошибка, слово.

The article reveals the stylistic features of the reception of lexical and semantic compatibility. Their participation in the formation of lexical compatibility is determined.

Key words: modernization, lexical compatibility, fiction, speech error, word.

В Казахстане благороден статус русского слога как важнейшего слога культурной модернизации полиэтнического общества, каким представляется республика.

Для всех государственных слогов республики великорусский диалект представляется по Конституции стилем межэтнического общения, благоприятствующий их обогащению и развитию.

Для населения Казахстана он осуществляет функцию приобщения к русской культуре, а через нее и к мировой культуре.

В то же время статус правительственного – казахского слога – представляется языковой доминантой в всех сферах общества.

Среди модернизации налаженности создания и введения программки перерожденного нахождения в школе увеличивается значимостей русского слога как языка межэтнического общения.

Накануне государственной школой устанавливается проблема последующего вырабатывания равного национально-русского двуязычия.

Принимая во внимание с этим пристальное внимание уделяется совершенствованию высококачественный и русской речи на новом, больше благородном уровне.

В лингвистике генеральными ватерпасами вербальный культуры представляются безошибочность и коммуникативная желательность речи [1].

Следовательно, уж сейчас учащимся – филологам должно при изучении прогрессивного русского языка и его разделов облакачиваться для академические изыскания русских ученых – лингвистов, и на фундаментальные тренировочные пособия предыдущих столетий.

На нынешнем рубеже исследования русского языка воспитанниками нерусских школ первый уровень подразумевает исследование языковыми нормами либо безошибочность потребления языковых средств в словах, а другой уровень – искусство основывать коммуникативно целесообразную, действенную речь.

Коммуникативная установка преподавания русскому языку учащихся-казахов подразумевает таковую компанию нахождения обучения, применение в учебном ходу таковых конфигураций и методов, какие разрешают выработать у учащихся мастерства и навыки речевого действия в разнообразных сферах общения.

Следовательно, генеральной проблемой преподавания русскому слогу представляется камера будто языковой, этак и коммуникативной компетенции, умений и навыков практически во всех вариантах вербальной деятельности.

По авторитетному заявлению грамотеев – лингвистов сформировавшаяся деятельность обучения близкого и русского слогов счастливо не в совершенной границе откликается возросшим условиям сообщества и по последнему выступлению поверенных Министерства создания и науки РК абсолютно будут пересмотрены стандартные тренировочные планы обучения дисциплин в средней школе [4].

Как показывает практика, занимающиеся выпускных классов еще недостаточно обладают писательскими нормами русского языка.

Многообразные ошибки, нарушения языковых норм, в том числе и лексические, замерзли столько привычными, что в восприятии натаскивающихся не представляются ошибками.

В этой связи генеральной проблемой преподавания натаскивающихся русскому слогу представляется исследование значений обещаний и связей промежду ними.

Собственно она представляется соглашением активизации речемыслительной деловитости детей.

Генеральная установку обучения российского слога в казахстанских школах – коммуникативная, и ее постановление реализуется посредством четверо речевых навыка: чтения, письма, слушания и говорения.

Величественным признаком коммуникативной компетенции натаскивающихся государственных школ представляется справедливое использование в словах модификаций словосочетаний, отдельных фраз, суждений и прочих синтаксических конструкций [2]. И в данной связи одной из заморочек вырабатывания у казахстанских натаскивающихся представляется камера навыков сочетаемости обещаний при письме и говорении.

Одним из генеральных соглашений преодоления данных проблем представляется разработка экий налаженности работы, которая гарантировала бы усвоение занимающимися логической сочетаемости российских обещаний будто ингредиента вырабатывания элементов конструирования суждений и посыльных высказываний.

Образование лексической сочетаемости обещаний и словосочетаний в русском слоге будет эффективным, если:

- преподаватель будет методически штудировать и обнаруживать закономерности штудирования сочетаемости обещаний русского языка;
- обусловит образцовый размер абстрактных познаний по сочетаемости обещаний и утилитарных умений, и навыков по их потреблению в устной и письменной речи;
- будет обнаруживать технологии и приёмы преподавания натаскивающихся сочетаниям с учетом внутриязыковой и межъязыковой интерференции и транспозиции.

В этой связи около обучении учащихся, у каких преступлена смысловая и лексическая несочетаемость обещаний в устной и письменной речи должно опереться для изыскания кандидата преподавательских наук Баймурзаевой Гульнары Баймурзаевны, которая рекомендует преподавателям - словесникам в повседневной службе преобразовывать пристальное внимание на:

- 1) развивчивание лингводидактических и психолого-педагогических необыкновенностей преподавания лексической сочетаемости обещаний русского языка в национальной школе;
- 2) установление генеральных образов словосочетаний, подлежащих утилитарному штудированию на углубленном рубеже исследования русского языка;
- 3) обнаружение нормальных лексико-семантических и морфолого-синтаксических погрешностей и их причины в русской речи натаскивающихся государственных школ [5].

Превратимся к творениям русской образной литературы, какие представляются античным образчиком для исследований по части нарушения норм лексико-семантической сочетаемости.

Например, в художественных и публицистических творениях величины лексической сочетаемости могут являться расширены.

Тут убедительно видно, что лимитирования смысловой сочетаемости не выпускаются для передвижное словоупотребление: вероятны словосочетания, какие представляются бессмысленными, ежели образующие их слова соотносить действительно (закат пылает, возрасты летят, чернейшие мысли).

Смысловая и лексическая несочетаемость обещаний представляется препятствием ради создания образных образов.

Повреждение лексической и семантической сочетаемости возможно стать результативным лекарством создания смешного звучания речи в шутовском контексте: С того дня и познала Евстигнейку популярность (М. яблоко с родинкой; темпераментный бездельник (И. Ильф и Е. на основе многосторонней и обоюдоострой склоки (И. бессемейный терьер (Л. Повреждение лексической сочетаемости будто ослепительный риторический блок создания смешного результата покоится в базе разнообразных шуток, афоризмов, какие естественно опубликовываются для шуточных страничках журналов, газет.

Несочетаемость осуществляет примечательными заголовки, например: Жанр, безнадежный на успех (о пародии); Воспоминания о будущем (название кинофильма); Сам-друг с всеми (пьеса А. Сталкеры поднебесья (о вертолетчиках, вкалывавших в площадях увеличенной радиации); Подсоедините тишину, О чем безмолвствовали в метро; Долгая, многосерийная жизнь; Аромат из звезд (эстрады)[3].

Превратимся к образчику текстов из публицистической литературы: Впрочем в данных соперничествах наши возлюбленные фигуристы одержали поражение, созерцатели приветствуют их стоя, - рассказывает баскетбольный интерпретатор (но: одерживают победу, выдерживают поражение). Может, и к тебе наступила бессонница, / И покоишься ты, не смыкая взора синего, – строчит стихотворец (но: возможно сплотить глаза, а не взгляд). «Котловина вырабатывала комфортное впечатление», – подмечает в очерке обозреватель (можно изготавливать симпатичное впечатление, а не уютное) [7]. Это событие водилось принято обитателями закатилась чудненько и воодушевлением, – наблюдает старшеклассница в сочинении о предстоящем возобновлении регионального собора (но: приобрести возможно больного, дядьку и т. , а явление подобает все-таки воспринять). Кое-какие слова ежеминутно используются в словах в неправильных сочетаниях (встреча созвана, консультация прочитана, приумножить внимание, выкроить значение, увеличить горизонт и др.

При употреблении слов, какие располагают исключительно недалекие способности лексических связей, повреждение лексической сочетаемости ежеминутно останавливается первопричиной смешного звучания речи.

Повергнем пример: Трудноразрешимые задачи начинались для молоденьких коммерсантов врасплох; Главы адресовали ответственное увлечение на достигнутые недостатки; Они работали как самые прожженные специалисты; К нам наступили люди, подавленные опытом.

Комизм в этих случаях завязывается потому, что слова, располагающие недалекую лексическую сочетаемость, "подсказывают" виды словосочетаний, будто правило, с неуклонно противоположным значением (ср.: достигнутые успехи, прожженные мошенники, подавленные горем)

Следовательно, окончательная установка преподавания российскому слогу натаскивающих государственных школ - формирование российской устной и письменной речи.

Принимая во внимание с этим пахота по-над лексико-семантической грамотностью воспитанников соответственна быть в ходу только преподавания российскому языку.

Генеральными условиями, от которых зависит удачное исследование знаниями, умениями, навыками справедливого потребления обещаний и составлений предварительно только представляются ежедневная созидательная и практическая пахота по-над усвоением лексики русского языка, обещаний и составлений с учетом их многозначности, синонимии, антонимии.

Успех данной службы в многом зависит от умения преподавателя предостерегать интерференцию, а да через подбора преимущественно действенной налаженности упражнений и норова поручений к ним.

Должно отметить, что обучение русскому слогу не имеет возможности производиться кроме учета близкого слога учащихся.

Одним из факторов, сдерживающих совместимость обещаний в словах, представляется ценность словоупотребления [6]. В ходе общения могут завязаться виды сочетаемости, не предусмотренные ни языковой системой, ни нормой. По этой причине бесконечно важно, дабы занимающиеся заимствовали нормы сочетаемости обещаний писательского языка.

Погрешности в русской речи натаскивающих – казахов для лексико-семантическом ватерпасе активизированы предварительно всего, неудовлетворительным знакомством натаскивающих с лексико-семантической налаженностью русского

языка, сложностью коннотационных и сочетаемостных связей промежу между равносильными словами в двух взаимодействующих языках, действием близкого слога билингва для российскую речь.

Изыскания показывают, что усвоение верховодил сочетаемости обещаний больше плодотворно для уроках морфологии и синтаксиса. Пахота после обучению сочетаемости обещаний прокладывается в органической связи с исследуемым языковым материалом и не требует добавочного времени.

Нормы составления слов, занимающиеся усваивают в согласованье с утилитарной устремленностью преподавания - в ходе исполнения упражнений, источник каких есть предпочтительно тексты, споспешествующие предостережению речевых ошибок.

Предлагаемая конструкция преподавания лексической сочетаемости обещаний и словосочетаний российского слога при изучении долей речи рассматривается исключительно как сговорились из путей улучшения глубокого обучения российского слога в выпускных классах общеобразовательных школ.

ЛИТЕРАТУРА:

1. Абдуллаев А.А. Культура русской речи в условиях национально-русского двуязычия. - Махачкала, 1992, 112 с.
2. Абражеев А.И. Сравнительный анализ грамматического строя русского и узбекского языков Самарканд, 1962, 67 с.
3. Алгазина Н.Н. Предупреждение ошибок в построении словосочетаний и предложений. М.: Изд-во АПН РСФСР, 1962, 45 с.
4. Ананьев Б.Г. Психология педагогической оценки. Л., 1935, 245 с.
5. Апресян Ю.Д., Жолковский А.К., Мельчук И.А. Об одном способе изучения сочетаемости слов // РЯНШ, 1969. С. 9.
6. Афанасьев П. Методика русского языка в школах повышенного типа. М., 1930, 139 с.
7. Быстрова Е.А. Методика обучения русскому языку в средних и старших классах. - Л., 1985, 250 с.
8. Винокур Г.О. Избранные работы по русскому языку. М., 1959, 231 с.

ӘОЖ 822. 511. 112

3. СӘНІКТІҢ «СЕРГЕЛДЕН» РОМАНЫНЫҢ ЭТНОФӨЛЬКЛОРЛЫҚ СИПАТЫ

Кусайнова Дамира, студент

Ғылыми жетекшісі: ф.ғ.к. Қожағұлов С.Қ.

І.Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, Талдықорған, Қазақстан

Мақалада Зейнолла Сәніктің романының этнофольклорлық сипаты, атап айтқанда романда кездесетін салт-дәстүрлер, «толғауы тоқсан қызыл тілдің» өрнегі, қазақтың ауызша және жазбаша түрде қалыптасқан шешендік сөздері, шежірелік қасиеті, тарихта болған ұлы тұлғалары жайында сипатталады.

Тірек сөздер: *шежірелік-этнографиялық жылнамалар, фольклорлық жәдігерлер, тарихқа қатысты зерртеу, жинау жұмыстары.*

В статье описывается об этнофольклорном характере романа Зейноллы Саника , а именно об обычаях и традициях, встречающихся в романе, об ораторских словах казахов, сложившихся в устной и письменной форме, о генеалогических свойствах, великих личностях, имевших место в истории.

Ключевые слова: *генеалогические и этнографические хроники, фольклорные экспонаты, исторические исследования, коллекция.*

The article describes the ethnofolkloric character of Zeynolla Sanik's novel, in particular, the traditions and Customs found in the novel, oratory words formed in the oral and written Kazakh language, genealogical characteristics and great personalities that existed in history.

Key words: *genealogical and ethnographic chronicles, folklore exhibits, research and collection works related to history.*

Қазақ әдебиеті қай кезде де, қай кезеңде де, елдің мұңы мен зарын, қуанышы мен қайғысын жырлаған, ұлттың ұлы тұлғаларын дәріптеген, талабы мен таланты, білімі мен білігі, суреткерлік шеберлігі біте қайнасқан қаламгерлермен толығып отырған. Сондай бірегей жазушы, үш жүзге ұран болған Қабанбай батыр ұрпағы, шежіреші, этнограф, фольклортанушы, ғалым - Зейнолла Сәнік атамыздың артында мұнтаздай мол мұра қалды.

Өзінің саналы ғұмырын қазақ халқының халықтық мұраларын, фольклорын, этнографиясы мен тамыры терең тарихына қатысты зерттеу, жинау жұмысына арнаған ғалым-жазушының есімі ұлттық тарихымызда алтын әріппен жазылуы тиіс.

Арысы Абылғазы, Бабыр, Дулатидың шежірелік-этнографиялық эпсаналарының, берісі, Шоқан, Құбанғали Халид, Мәшһүр Жүсіп бабамыздың шежірелік-этнографиялық жылнамаларының Зейнолла Сәнік атамыздың шығармашылық лабораториясында жалғасын табуы заңдылық.

Зейнолла Сәнікті тек қана жазушы, қазақтанушы, тұлғатанушылық талантының бір қыры шығармашылық еңбек жолында Хан батыры Қаракерей Қабанбай тұсындағы қол бастаған батырлардың, аузымен от көсеген би-шешендер мен өнер мен мәдениет майталмандарының, басқа да тарихи тұлғалар туралы тың тарихи деректермен үнемі толықтырып отырғанында.

Ұрпағына аманат еткен рухани мұрасының идеялық өзегінен тарих қойнауларында тұнған «қалың елі, қазағының» тағдыры, ұлт мұраты, «өз қолынан ыркы кеткен» бодандық кезеңнің ызғары мен ызбары да айқын сезіледі. Қазақ жұртының көмескі сүрлеуінен, нақты тарихынан сыр шертетін, халықтың басынан өткен толып жатқан ұлт тағдырына қатысты мәселелер, тағдыр айдауымен шет елде қалып қойған қандас бауырларымыздың әдеби, мәдени, тарихи, этнографиялық мұралары-қазақ халқының рухани мәдениетінің үлкен бір саласы, өткен өмір шежіресі, қилы заман хикаясының деректі белгісі.

Зейнолла Сәніктің шығармаларын оқыған оқырмандар, әсіресе оның бас кітабы-«Қаракерей Қабанбай», «Демежан батыр», «Тұғырыл хан», «Басбай», «Қайрақбай» романдарын оқи отырып, тарихи тұлғалардың шешендігі мен даналығына, ел билеудегі білігі мен көсемдігіне қайран қалатыны сөзсіз.

З.Сәніктің «Сергелдең» тарихи романы Қытайда жаңа ғасырдың қарсаңында, ал елімізде 2008 жылы жарық көрді. Шығарманы оқи отырып, оқырман тек тарихи деректермен ғана емес, баға жетпес фольклорлық мұра, ұлттық рух пен алуан түрлі қазақтың бай салт-дәстүрімен де танысады.

«Сергелдең» атты кітап оның авторы Сәніктің жазушылық көрнекті белге шыққанын танытпай қоймайды. Мұндағы үстем мазмұн: үш жүзге ұран болған әйгілі Қабанбай батырдың, бергісі Орта жүзді аузына қаратқан Отыншы би мен Әділбек батырдың ұрпақтары тартқан тауқыметі» [1,76].

Кітаптың құндылығы шығармаларда фольклорлық-этнографиялық жәдігерлермен, сіз бен біз білмеген жаңа ақпараттармен танысамыз. Шығарма тарихи роман болғандықтан, романдағы кейіпкерлердің барлығы шынайы өмірден алынған. Романдағы тарихи деректердің көбісі Нығмет ақсақалдың аузынан жазып алынған. Кітапты оқи отыра Нығмет ақсақалдың шежірелі қарт екенін байқаймыз. Мысалы, қазақ арасында құралайды көзге атқан мерген деген сөз бар. Осы уақытқа дейін біз құралайды киіктің лағына санап келгенбіз.

«Құралай дегеніміз - аң емес, құс. Бүркіттің ең қыраны және асылы. Арқар, құлжа сияқты ірі аңдарды аспаннан шүйіліп келіп, бір теуіп омақастырады да, бас салып, азырақ

жеп, онан соң, ұшып кете баратын мырза құс. Қалғанын қарға, құзғын жейді. Оған оқ өтпейді, тиген оқ денесінен сырғып түсіп қалады, сондықтан оны көзінен атқанда ғана өледі, «құралайды көзінен ататын мерген» деген сөз сонан қалған. Оның саңғырығы табылмайтын дәрі, өйткені ол ұяны өте қиянға салады... [1, 246 б].

Романда автор сөздің құдіретін, «толғауы тоқсан қызыл тілдің» өрнегін де көрсетіп кеткен. Алғыс, бата- тілектер және ашынғаннан тілеген қарғыстар. Батаны тілдің балы десек, қарғысты уы деуге болады. Қазақта «қарғыс алған көктемес» деген сөз бар. Бұған дәлел: Нарынбайдың Қырбекпен қосылып, Бәшкені тұзақтарына түсіріп, Бәшкеге өмір бойы құл болуына кесілген бұйрық. «Нарынбайдың бәйбішесі алқын-жұлқын болып үйдің дәл ортасына бірақ кіріп, жылап қоя берді. «-Ой, тозалаң шықсын Жұмақан! Құдайдан тарт, құдайдан тартқыр, сенің де бала-шағаң осылардай артында шулап-шұрқырап қалсын! Ей, Алла Тағала ақ сүтімді көкке саудым, батыр атаңның ұрпағы етіп жаратқаның шын болса, Мына Жұмақанға аруақтың оғы тисін! Батыр атамның, Зеңгі бабаның киесі соқсын !...» деп қарғап-сілеп тастады [1,246]. Ананың назаланған үніне бүкіл өңір күніреніп, ананың дауысынан айналаны тұман торлап алғандай болып жатты. Қисынын тауып, қарсыласын орға жыққандай болып масаттанып үйіне қайтып келе жатқан Жұмақан зеңгінің ту сыртынан шаншу ұстап, көз алдына Нарынбайдың бәйбішесінің қарғап-сілеп тұрған бейнесі елестей беріп, қалай жалпасынан түскенін өзі де білмей қалды. Сол күннен бастап Жұмақан төсек тартып, жатқан орнынан тұрмады. Шығарма құрылымында кейіпкерлер тағдырына әсер ететін күш- қарғыс, сол арқылы жүзеге асатын жаза сакральдық мәнге ие. [2, 109 б]

Зейнолла Сәнік өзінің шығармаларында қазақ халқының тұрмыс-тіршілігін, салт-санасын, әдеп-ғұрыптарын тіпті ем-домына дейін нақты етіп жазып кеткен. Шығарманы оқи отыра жазушының жан-жақтылығына қайран қаласың. Көре-көре көсем боласың дегендей, Бәшке өзінің көзімен көрген халықтық емінің арқасында екі ұлын да өлім аузынан сақтап қалды. Яғни, шипагерлік қазақ даласында ертеден бері бар екенін дәлелдейді. Бұл соның толықтай бір дәлелі. Шығармадан мысал алатын болсақ; Әлкембайды жылан шағып алған кездегі Бәшкенің іс-әрекеті. Бәшке Әлкембайды шағып алған жыланды таяқтың ұшымен іліп алып, дереу басын кесіп, жыланды сойып, онан соң бақырға салып асуға кірісті. Уды у қайтарады деуші еді бұрынғылар. Шаққан жыланды сол адамның өзіне беріп, емдеп, жанын аман алып қалғанды көзіммен көрген едім. -Я,құдай! Шипа қыла гөр, менің қолым емес, Лұхманның қолы,-деп Бәшке іштей күбірлеп,әлденендей өзі білетін дұғаларды оқығандай болды да, жыланды бақырға салып қайнатуға кірісті.

Шипа болса екен деген шын пейіл, ақ тілегі жасаураған көзінен белгілі болып тұр [1, 466]. Төлебай мен Бәшке Әлкембайға сорпаны ішкізді. Жаратқанның жарлығы ма, сәлден кейін Әлкембай рақаттанып ұйқыға кетті. Таңертең Бәшке ұйқысынан оянса Төлебай, Әлкембайдың жарасының аузын сорып отырып ұйықтап кетіпті. Сырттан кірген Бәшкеге Төлебай қолын ербеңдетіп шақырады. Төлебай қолымен аузын көрсетіп, әлде бірдеңені түсіндіргендей болып еді, онысынан Бәшке ештеңе ұға алмады. –Қап!-деді ол бадырайған екі көзі төбесіне шығып,- ку аузыма сол бір сөз қайдан түсті екен. Қарап тұрып сені ажалға өзім итергендей болғаным-ай! Қарғам-ай, сорыңа мен қалыппын. Тілің білеуленіп кетіпті.[1,476]. Бәшке Төлебайдың басын сүйеп зорға көтерді. Кеше түнде Әлкембайдан қалған сорпаны да даладағы батпақтың үстіне төге салған болатын. Көзі сол батпаққа түсті. Жаратқанға жалбарынып, аруақтат медет тілеп, сол балшықты Төлебайдың тіліне жағып, асты-үстін, таңдайыын әбден сылап шықты. Үйге жақындай бергенде оның көзіне қой қораның ортасындағы шұқанақта жатқан қой қиының іркінді сары суына түсті. Рас, деді ол ішінен: баяғыда үлкендер жылан шаққан адамға қара қойдың несесін ішкізіп жатушы еді ғой, сонда сол сідікте де уыт қайтаратын бір құдірет болса керек. Төлебайдың тілін, аузын, әлгі у батпақпен және қойдың сарқынды несесімен емдеп, таңға жуық тәтті ұйқыға кетті. [1,496].

Тағы бір үзінді, Әлкембайды сарт жігітері өлімші етіп сабап кеткен кез. Сол аяғы қыр жіліншектен сынған. Ес-түсін білмей, бойындағы ісік асқына берген соң, көпті көрген сәуегей, ойлы әйел әуелі оны жалбызға орап, жер бұлауға салды. Онын соң борлаған еркек қойдың терісін бітеудей сойып, тоқпақтап- тоқтаптап алып, бітеу теріге әкеп орап тастады. Шелді тері жігіттің бойындағы дертті жұлып әкеткендей-ақ болды. Міне неше күн бойына үн түнсіз сұлық жатқан азамат бүгін тілге келді. [1, 1096]. Автор фольклорлық-этнографиялық мотивтерді шығарма сюжетіне енгізіп, авторлық идеяны бекіту тәсілі үшін де шебер қиюластырған. «Халықтың байырғы тұрмыс-тіршілігіне тән, этнографиясы мен ұлттық өмір сүру ерекшеліктеріне сәйкес, әбден орныққан, қалыптасқан фольклорлық этнографиялық заңдылықтар мен ұғым түсініктердің, ұлттық салт-дәстүрлерге қатысты қағида ережелерінің қатаң сақталуын және сонымен бірге көшпелі тұрмысқа тән көркем детальдардың орнымен қолданылуын айтуға болады» [3, 1096] Қазақ әдебиетіндегі қай романды алып қарасақ та, біздің әдебиетте шежіре дәстүрі әбден қалыптасқан. Жазу- сызуы болмаған қазақтардың жады мықты болған. Оны біз өлең-жырлардан, шешендік сөздерден, ел әңгімелері, нақыл сөздерден көре аламыз. Зейнолла Сәніктің әдебиеттің әр алуан жанрында еркін қалам тартуынан оның дүниетанымдық көзқарасы мен тарихи жадының, әдеби мектебінің қазынасы өте бай болғанын аңдаймыз. Бір күні Төлебай өзінің бір топ адаммен Шақабайлардың бірінің үйіне түседі. Ол үй бидай көже ішіп отырса керек. Ойламаған жерден келген қонаққа үй иесі құйын десе, қатықсыз қара көже, құймайын десе тамақ үстінде келіп отыр. Аяқ астынан сол үйдің бойжеткені бір аяқ көже құйып Төлебай жездесіне:

Дегенде Төлебай сал, Төлебай сал

Жегені қазы-қарта, жая мен жал

Бұл күнде ел ішкені бәрі көже

Жездеке кейіндемей аузыңды мал,- деп әзілмен ұсыныпты. Сонда

Төлебай бір аяқ көжені алып тұрып, жұлып алғандай:

Бабанның баулуында атқан таңым,

Апаңның шарасынан татқан дәмім.

Балдызжанның қолынан ішсем көже,

Кетер деймін қайқайып қатқан тәнім,-деп Төлебай жарасымды әзілге үйлесімді жауап қайтарған екен [1,1016]. «Әдебиет пен фольклордың байланысы мәселесінде жазушының фольклорға қатынасы-маңызды аспектінің бірі. Жазушының фольклорға қызығушылығы бар да, сол фольклорды өз шығармасында не үшін және қалай қолданатыны тағы бар»[4,1096]. Жазушының шығармаларында ең басты назар аударатын мәселе еңбектерінің тіліне қатысты. Жалпақ жұртқа түсінікті, тілі жеңіл. Қытайдағы отандастарымыздың қолданысындағы еніп кеткен кейбір көнерген сөздер мен кірме сөздерге, диалектілерге түсінік берілген. Мысалы, Тәйжі-аймақ дәрежесіне таяу әкімшілік лауазымы, дүңше-тілмаш аудармашы деген сөз, ебі- сол өңірге мезгіл бойынша соғатын боранды жел.

Шығармада ұлттық құндылықтарымыздың барлығы қамтылған. Қайын аға мен келін арасындағы құрмет, туыскандық сыйластық, бала тәрбиесі, салт-дәстүрлер, өнерлі адамдардың айтыстары, шешендік сөздер, қазақ ырымдарына дейін тоқталып өткен.

Кісілік мәртебенді сақтай біл! Арынан айырылған барынан айырылады. Момынды зарлатып, жуасты жүндеуші болмаңдар! Өзіңе сенгенді өзектен итермеңдер! Елмен етене болған адам ел құрметіне бөленеді. Заманның қабағына қарай қамданыңдар,- деп өсиет айтып кеткен Зейнолла Сәніктің шығармалары әр оқырманның жүрегінен орын алып, әдебиетіміздің айнасы болып қала береді.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Сәнік З. Алматы: «Ан Арыс» баспаханасы, 2017. 328б
2. Ғалиева А. Қазіргі қазақ романы құрылымындағы мифопоэтикалық пішіндер. Филология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертациясының авторефераты, Алматы: 2006, 13 б.
3. Әбдіғазизұлы Б. Шәкәрім әлемі. Алматы: Раритет, 2008.-408 б.
4. Қасқабасов С. Әдебиет пен фольклордың байланысы туралы//Қазіргі әдебиет және фольклор. Алматы Арда, 2009-457 б.

ӨОЖ 822.511.112

Ғ.ОРМАНОВТЫҢ ОЙЛЫ, СҮЛУ СЫРЛЫ ЛИРИКАСЫ

Қожағұлов С.Қ., филология ғылымдарының кандидаты
І.Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, Талдықорған қ.

E-mail: sailau.24@mail.ru

Мақалада қазақ әдебиетінің көрнекті өкілі, ақын Ғали Ормановтың лирикалық шығармаларының стильдік, поэтикалық табиғаты талданады. Автор Ғ. Ормановқа тән тілдік, көркемдік арналарының бастауын Абай, І. Жансүгіров поэзиясымен байланыста қарастырады.

Тірек сөздер: поэзия, азаматтық лирика, жырау, полифония, ментальдік, естелік, сарын.

В статье анализируется стилевая, поэтическая особенности лирических произведений выдающегося представителя казахской литературы, поэта Гали Орманова. Истоки языкового и художественного русла Г. Орманова автор рассматривает в связи с поэзией Абая и И. Жансугурова.

Ключевые слова: поэзия, гражданская лирика, жырау, полифония, ментальность, память, сарын.

The article analyzes the stylistic, poetic features of the lyrical works of the outstanding representative of Kazakh literature, poet Gali Ormanov. The author examines the origins of linguistic and artistic channels peculiar to G.Ormanov, in connection with the poetry of Abai, I.Zhansugurov.

Key words: poetry, civic lyrics, poetry, polyphony, mentality, memory, saryn.

Қазақ поэзиясында болсын, прозасында болсын, ерекше аңғарылып тұратын бір ерекшелік ақын-жазушыларымыз ұлт тарихын, ұлы дала табиғатын, ұлт мінезін, ұлттық ментальдігімізді жырлауда, суреттеуде еркін тебіреніс-толғаныспен шешіле-көсіле толғады. проза жанрында да эпикалық кең тынысты, полифониялық тамаша туындылар жазды. Бұл заңдылық Ғали Ормановтың лирикасында да айқын бедерленді. Ақын шығармаларының ешкімге ұқсамайтын өзіндік қырлары, үні бар. Қаламгердің жырлары құрылымы жағынан болсын, мән-мағынасы жағынан болсын, философиялық ойлары тұрғысынан болсын ерекше сипатқа ие.

Ақындық мектебінің алғашқы арнасы қазақтың қазыналы ауыз әдебиеті болған ақынның «бабалар мұрасынан қалауынша қанып сусындағаны сөз қалау- таңдау мен бейнелеуінен аңғарылады» [1, 45].

Ақтамберді жыраудың:
Жағама қолдың тигенін,
Жалғыздық сенен көремін,

Жамаулы киім кигенім,
Жарлылық сенен көремін- деген жолдар Ғали ақынның «Алғашқы адым»
өлеңіндегі:

Жарбиған жаман тон тымақ,
Жабысып кетті үстімде,
Жанайын деген бір шырақ,
Жалтылдап кетті ішімде, - деген шумақтың мазмұнымен де (жамаулы киім - жарбиған тон тымақ), түрімен де (аллитерация) үндесе жыраулық поэзия сарынының жаңаша бір нышанын аңдатады.

Абайды ұстаз тұтқан Ғали ақынның - өмір, болмыс, қоғам, әлеумет тұрмысы жайлы жырларында өмір тәжірибесінен туған парасатты ойлар мол. Абайдың ақындық мектебі – оның кейінгі әдебиетке әкелген жаңашыл дәстүрлері мен сол әдеби үлгі-өрнектерді жалғастырып, дамытушы ізбасар ақындардың әдебиеттегі орнын айқындайтын, сол арқылы кемеңгердің тағлым беруші ұстаздық қырын танытатын қазақ әдебиетіндегі ерекше құбылыс. Ғали ақын оқушысымен ой бөлісе отырып, қоғамдық құбылыс-тардың, тарих қойнауларының құпияларын, өмір ағымының, дүние, болмыс тылсымдарының шынайы сырларына бойлайды. Ғашықтық сезімді, табиғатты суреттеуінен де, адал еңбек, білім-ғылым, өнер мен мәдениетті жырлауынан да, достықты, пәк махаббатты, ізгі адамдық қасиеттерді дәріп-теуінен де Абай поэзиясындағы азаматтық әуеннің лебін анық сезінеміз. Адам көркем мінезді, адамдық, әділеттілік, имандылық қасиеттерді «білмекке құштарлығынан» (Абай), табады-деген философиялық ой түйеді.

Профессор, ақын А.Егеубай «Азаматтық үн... Жалпы, қай дәуір ақындарын оқысақ та, негізінен өлеңіне өміршең қуат, сөнбес от беріп тұратын тағы да осы азаматтық әуен, ақынның дүниетанымдық позициясы. Оларды ғасырлар қойнауларынан тыбыстырып, жалғастырып жататын дәстүр өзектері де сол төңіректен туындайды» [2, 32], десе, академик З.Ахметов: «Азаматтық лирика – лирикалық поэзияның әлеуметтік мәселелерді қозғайтын үлкен бір саласы. Өмір жөнінде, халықтың тағдыры туралы ой-толғамдар ақынның өз көңіл-күйімен терең ұштасып, өзінің өмірге қатынасын суреттеу арқылы көрінеді. Адамның белгілі бір дәуірге байланысты ой-арманын, мақсатын жырлайды, жалпы әлеуметтік мәселелерді толғайды. Сондықтан азаматтық лириканы кейде саяси-әлеуметтік лирикаға қосады. Әлеуметтік тақырып, саяси сарындар, әрине лириканың барлық түрінде кездеседі. Халық қамын, оның қоғамдық халін шығармасына арқау еткен әрбір ақын лирикасында азаматтық сарын басым болмақ»- екенін айтады [3, 32]. «Нағыз лирикалық туындылар жеке адамның жан дүниесін, толғанысын, тағдырын бейнелеп, сол арқылы бүкіл бір ортаны, қоғамды, заманды сипаттап береді» [4, 239]. «Ақынның көңіл-күйі әрқашан өзі өмір сүрген қоғамдық ортаның хал-жағдайына байланысты, өзін қоршаған шындықтың саяси-әлеуметтік сырымен сабақтас. Қуана шалқыса, жабырқай толғанса да лирикада сол кезеңнің шындығы, сыры жатады» [5, 310].

Ілияс пен Ғали лирикасындағы алғашқы жылы шумақтар ағаның артынан ерген інінің ағасын мақтан тұтып, арқа сүйеп нық басқан адымдарындай елестейді. Сондықтан, Ғали поэзиясында Ілияс салған көркем із сайрап жатыр. Алғашқы аяқ алысынан –ақ жеткіншек Ғали «Қысқы күйін», «Әже қамын» Ілиясша өрнектейді.

Көрінеді біздің үй,
Сай ішінде сықсып;
Таулар төніп тұр ылғи
Төңіректе түксіп... (Қысқы күй)

Әже қамынның алғашқы жолынан-ақ, Ілиястың классикалық «Ұршығын» тақымдап иіре жөнелген әженің таныс бейнесі жарқ етеді.

Иіреді сары әжең
Шөпшең қағып шүйкесін.
Отырса да өзі әрең
Құртпайды ұршық жүйкесін... (Әже қамы)

Ғали ақын алғашқы өлеңдерінің денін бірыңғай шалыс ұйқаспен жазып келеді де, «Қора», «Қазақ жері» тәрізді өлеңдерін Ілиястың «Жетісу сурет-терінің» жалғасындай қазақтың қара өлеңінің сарынымен шабыттана жырлайды.

Күрделі қоныс қайда Күреңбелдей,
Құр жатпас Қора мұзбен жүгенделмей,
Тегерез төңкерілген тегеш, Шажа,
Шамқой шал қабақ жаба түнергендей,
Талақтай талаураған Баянжүрек,
Түнжырап тұқырып тұр «тірі өлгендей».
Мұрыны Мұзбалақтың көкте мүлгіп,
Ақтасты аспанға әдейі тірелгендей. (Ілияс «Жетісу суреттері»)
Жоңғардың асқақтаған ала асқары,
Алтай жон, Тарбағатай жалғас бәрі.
Тізілген омыртқадай ақ заңғарлар;
Секілді көк тіреуі, бұлт астары...
Сол тауда «Қора» деген бір өзен бар,
Шоқылары аспан қапқан зәулім заңғар...-деп Ілиястың эпикалық

шабысынан шаң қауып қалмай үзеңгі қағыстыра, қатарласа жөнөйді. Ілияс әрбір айшықты:

Суретін сөз баяндап жеткізе алмас,
Жерінің Жетісудың бәрі сондай!-деп бір түйіп отырса, Ғали ақын да:
Абайлап айналаңа бір қарашы,
Көрдің бе қандай екен тамашасы?!-деп, бір тұжырымдайды.
Ақырып , көбік шашаып асау өзен,
Тау тарпып, тайдай тулап, төмен безген.
Тоқтамай, толқып айдап, көлді көксеп,
Сынап су сумандаған, құмды кезген. «Қора» өлеңі мен «Қазақ жері»

өлеңі: Ілиястың «Жетісу суреттерінің», «Ағынды Ақсуының» ажырамас бір бөлімі дерлік.

Ғали ақын қаламынан туған азаматтық лирикасы саяси әлеуметтік сарынға ұласасып, өз кезеңінің үніне үн қосты. Табиғатты, махаббатты суреттеуде ақын оны лирикалық кейіпкердің көңіл – күйімен, кеңестік дәуір көрінісімен байланыстырады. Ғ.Ормановтың өзіне тән стиль ерекшелігі айқын. Ақын табиғаттың қай түріне арнап жыр жазса да оған көңілдегі бір жылылық лепті сездіреді. Тың теңеу табады.

Ғали лирикасы — Өз өмір сүрген кезеңдегі ауыл өмірінің нақты бейнесін танытар шындықтардың айнасы. Ол тақырыпты суреткерлікпен шеше отырып, өлеңді жаңа дәуірдің бет алысын, адамдар бойындағы жаңа сипатты көрсетер ойға құрады. Ғали лирикасының кейіпкері — осы бір жүдеу, ескілік езген ортадан қалаға аттанған жас адам. Ол жарық дүниеге ұмтылады, тәтті үміттер, жақсы қиялдар оны ұзақ жолға алып шығады. Осы кейіпкердің ізденістерін ақын «Қараймын да асығам», «Ұмытылмас күн», «Алғашқы адым», «Кітап», «Ұстаз», «Тайжарыс», «Қуаныш», «Сенім» т.б. өлеңдерінде шебер суреттейді. Ақынның лирикалық кейіпкерлері ешкімге ұқсамай бермейді, оқи отырып өзімен бірге күрсіндіріп, ойлантады, қуантып, мұңайтады, толғандырады.

Ғалидың соғыс тақырыбындағы «Жан қаһары», «Отан алдында, «Ер арманы» деген өлеңдерінен біз Отанын шексіз сүйген патриот ақынның жан сезімін, толғаныстарын сеземіз. Соғыстың мәуелі бақтың тыныштығын бұзғаны ақын жанына ауыр тигені анық, сондықтан да оның лирикалық геройы қару алып, жауға қарсы Отан — анасын қорғауға аттанады.

Қару бер, аяма, қолыма,
Жауыңа қатты тиейін.
Өзімді тостым жолыңа,
Үстіме жалын киейін,—дейді ол.

Ұлы Отан соғысы кезінде қазақ жазушылары мен өнерпаздарының тобында майданға барып, ерлікті көзімен көрген Ғали «Лит», «Мәлік», «Полковник», «Блиндаждағы

әңгіме», «Жолбарыс», «Қаһармандар кескіні» тәрізді өлеңдерін жауынгерлердің батырлық ісін суреттеуге арнады. Бұл өлеңдерден біз батырлық туралы ақын ойларын ұғамыз. «Қасымға хат», «Ағалық тілек» атты хаттарымен Ғали қазақ жауынгерлеріне зор тілек қосып, оларды ерлікке рухтандырды.

Ұлы Отан соғысы Ғали ақындығын реалистік суреттерге, жауынгер-лердің рухани бейнесін тереңдей көрсетуге қарай бағыттаса, соғыстан соңғы дәуір — ақынның шеберлікті жете игеріп, творчестволық кемеліне келген кезі. Осы жылдарда жазылған «Егін — толқында» ақын соғыс салған жараны тез жазып, туған өлкесін қайта жасартқан халық еңбегін мадақтайды. Даланы «еңбектің егінімен жаба салған» халық — өлеңнің бас кейіпкері.

Күмістей саудыраған жаңа дәннен,

Келеді құлағыма күйлер ән мен.

Күлімдеп күлкілері көздерінде

Қарайды келер күндер маған сәнмен,—дейді ақын.

Ғалидың ақындығы ақынның соңғы ізденістерін, өмір тәжірибесіне сүйене отырып пайымдаған ойларын танытады.

Ғали Орманов поэзиясы — ақынның халық өмірімен тығыз байланысын сипаттайтын реалистік поэзия

Табиғат көріністерінің пейзаждық суреттерін өмірмен байланыста бейнелеу арқылы адам сезімін тап баса суреттеу, дүние- болмыс туралы философиялық ойларын таныту «Емен» жинағындағы көп өлеңдерге ортақ қасиет. «Қарағай», «Емен», «Гүл» тағы басқа лирика үлгілері—Ғалидың ғана емес, осы жанрдағы қазақ әдебиетінің зор табысы.

Манаурайды кешкі бұлт

Ұзақ жолда талғандай.

Тау тым-тырыс, жел жым-жырт,

Дүние дамыл алғандай...

Ғали лирикасында көпірме, лепірме, орынсыз мақтау, қызылсөздер кездеспейді. Ақын заман асқақтығын, көңілдің көтеріңкі күйлерінің өзін шынайы, биязы жылы ағынмен жырлайды, қарапайым шындықты сыпайылап көз алдыңызға жайып салады.

«Өлеңім өзіме тарт» деген қағида Ғали лирикасынан айқын аңдалады. Ғали ақынның өмірде қарапайым, жинақы да ұқыпты, көркем мінезді адам болғанын ақын жайлы естелік жазған тұстастары жиі айтады. Ғалекең өте жинақы, өте ұқыпты адам еді. Ісіне де, сөзіне де қатты жауапкершілікпен қарайтын. Бір күні ол бізге, «Жазушы» баспасына жаңа өлеңдер жинағының қолжазбасын әкеліп тапсырды. Шынын айтсам, бұрын-соңды мұндай таза, мұндай жинақы, мұндай ұқыпты қолжазба көргем жоқ. Ең сапалы ақ қағазға басылған, әріп қателері жоқтың қасы. Қыртыстанған, бүктелген бірде-бір парақ көрмейсің. Банкіден жаңа шыққан судай жаңа банкнот тәрізді. Сондай керемет қолжазбаны тапсырып кеткені сол еді, он бес-жиырма минуттан кейін Ғалекең телефон соғып:

– Қадыр, сендерге тапсырып кеткен қолжазбаның сексен үшінші бетінде үшінші шумақтың төртінші тармағында «с» пен «п» алмасып түсіп, «аспан» сөзі «апсан» болып кетіпті. Қалай байқамадым екен! Соны әзірге қарындашпен жөңдей салшы! Кейін ол бетті қайтадан бастырып берермін. Кешір, айналайын! – деді. Қолжазбасына осынша жауапкершілікпен қараған ұқыптылығы үшін Ғалекеңе іштей қатты разы болдым»- [6, 110]. деп жазады,- Қадыр Мырза Әлі 2005 жылы «Қазығұрт» баспасынан шыққан «Иірім» атты естелік кітабында. Ақынның әр тақырыптағы лирикалық шығармаларындағы лирикалық қаһарман мәселесі, ақындық шеберлік сырлары әдебиет зерттеушілерінің, қаламдас-қанаттас әріптестерінің назарын аударып отырған. «Жанайын деген бір шырақты» көріп, қолдауын, қамқор қолын ұсынған Ілияс Жансүгіровтен бастап, Ғ.Мүсірепов, Т.Молдағалиев, Қ. Мырза Әлі, С.Иманасов, т.б. танымал ақын-жазушылар, С.Қирабаев, Ш.Елеуенов, Б.Ыбырайым, Т.Сыдықов, Г.Орда тәрізді білікті ғалымдар жан-жақты зерттеп, Ғали ақынның қаламына тән ерекшеліктерді айқындай түсті. Ол сыршыл лириканың шебері екенін өлеңдерін талдай отырып, нақтылай, дәлелдей білді. Ақын өмір

шындығын лирикалық кейіпкердің толғаныс, тебіреністері арқылы бейнелеп отырады. Оның жанды да, нақты сурет жасаудың шебері екенін әдебиетші ғалымдар өз зерттеулерінде дәлелдеп, айтып келеді.

Ғ. Ормановтың ойлы, сұлу сырлы, сазды лирикасының ерекшелігі – аз сөзге көп мағына сыйғызу, жансызға жан бітіру (кейіптеу), жалт еткен көрініске ерекше назар аударуда нақты ұтқыр сөз табу, түйін – тұжырым жасауда салиқалы ой қорыту.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Ыбырайым Б. Ғ.»Орманов – майталман лирик ақын» республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары.- Талдықорған: І.Жансүгіров атындағы ЖМУ-114 б.
2. Егеубаев А. Сыр мен сымбат/А.Егеубаев.-Алматы:Жазушы,1981.-224 б.
3. Ахметов З. Поэзия шыңы – даналық/З.Ахметов.-Астана:Фолиант,2002.-408 б.
4. Қабдолов З. Сөз өнері/З.Қабдолов.- Алматы:Қазақ Университеті,1992.-528 б.
5. Қирабаев С. Шығармалар 2-том/С.Қирабаев.-Алматы:Жазушы,1992.-544 б.
6. Қадыр Мырза Әлі «Іірім» «Қазығұрт» баспасы 2005

ӘОЖ 822. 511. 112

«АБАЙ МҰРАСЫ -ҰЛТТЫҚ ҰСТАНЫМНЫҢ ТЕМІРҚАЗЫҒЫ»

Қожағұлова Меруерт, қашықтан оқыту факультетінің студенті

Ғылыми жетекшісі: ф.ғ.к. **Қожағұлов С.Қ.**

І.Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, Талдықорған, Қазақстан

Мақалада автор Ұлы Абай мұрасындағы ағартушылық идеясының маңызына талдау жасайды және ғылым туралы өлеңдер мен қарасөздердегі ойларды салыстырыла зерттейді. Абай мұрасының ұлттық идеологиямыздың нығайтуда маңызды екендігіне автор өз көзқарасын білдіреді.

Тірек сөздер: идеология, Мәңгілік ел, өркениет, педагогика, символ, гуманистік, мұрат, поэзия.

В статье автор анализирует значение идеи просвещения в наследии великого Абая, сопоставляет мысли о науке в стихах и словах назиданиях. Автор высказывает свое мнение о важности наследия Абая в укреплении национальной идеологии.

Ключевые слова: идеология, Мәңгілік ел, цивилизация, педагогика, символ, гуманистический, идеал, поэзия

In the article, the author analyzes the significance of the idea of enlightenment in the legacy of the great Abai and compares thoughts about science in poems and edifications. The author expresses his point of view on the importance of Abai's legacy in strengthening the national ideology.

Key words: ideology, Mangilik el, civilization, pedagogy, symbol, humanistic, ideal, poetry

Күллі адамзат дамуының кезеңдерінде қандай тарихи, қоғамдық құрылыс болмасын адамзаттың аңсағаны арманы мен мұраты да ізгілікті, рухани кемелді қоғам орнату талабы болып келеді. Абайдың ақындық мектебінің бастауында тұрған көне түркі әдебиеті мен шығыс әдебиеті, жыраулық поэзия мұраларын оқығанда ізгілікті, әділетті, теңдікті, бақытты ел болу идеясының басымдығы айқын көрінеді.

Ел Президенті Қ.Тоқаев: «Біз елді, ұлтты Абайша сүюді үйренуіміз керек. Ұлы ақын ұлтының кемшілігін қатты сынаса да, тек бір ғана ойды – қазағын, халқын төрге жетелеуді мақсат тұтты. Абайдың мол мұрасы қазақ ұлтының жаңа сапасын қалыптастыруға қызмет етеді. Оның шығармаларындағы ой-тұжырымдар әрбір жастың бойында халқына, елі мен

жеріне деген патриоттық сезімді орнықтырады. Сондықтан хакім Абай еңбектерінің нәрін өскелең ұрпақтың санасына сіңіру және өмірлік азығына айналдыру – ұлтты жаңғыртуға жол ашатын маңызды қадамның бірі. ... Абайды тану – адамның өзін-өзі тануы. Адамның өзін-өзі тануы және үнемі дамып отыруы, ғылымға, білімге басымдық беруі–кемелдіктің көрінісі» [1] -деді.

Ұлттық идеологиясы қалыптасқан «Мәңгілік ел» болу мұраты бүгінгі күнде де маңызын жоймаған мәселе. Алдымызға қойған ұлы мақсатқа жетудің жолын мен - ұлтымыздың рухани байлығы мен салт дәстүрін құрмет тұтатын болашақтың тірегі, бүгінгі жастардың, жан-жақты білімі, кәсіпкерлік, интеллектуальдық қабілеті мен әділеттілік, имандылық қасиеттерінің кемелденуі деп түсінемін. Осы тұрғыдан келгенде, «Адам деген даңқым бар» деп асқақ толғаған, асыл мұрасы ұлтымыздың рухани кемелділік өзегіне айналған ұлы Абай адам бойындағы жақсы-жаман қасиеттердің қалыптасуының себеп-салдарын өзінің поэзиясы мен қарасөздерінде терең толғап, талдап, таратып береді.

Ақын шығармаларының басты тақырыбы - адам және адам болудың моральдық, этикалық, имандылық қағидалары. «Адам болам десеңізден» басталған адамдық қасиет, сипат, қалып, ұстаным туралы ойлары «ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұстаған» «толық адам» тұжырымдамасына негіз болған. Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев «Абай қазақтың дамылсыз оқып-үйренгенін бар жан-тәнімен қалады. «Ғылым таппай мақтанба» деп, білімді игермейінше, биіктердің бағына қоймайтынын айтты»-деп [2] жазды «Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан» атты мақаласында.

Абайдың поэзиясы мен қара сөздері пәлсапалық, этикалық, эстетикалық, психологиялық және педагогикалық ой-пікірлерге толы. Адам мінезіндегі орынсыз мақтан, ойсыздық, салғырттық, күншілдік, көрсеқызарлық сияқты жаман әдеттердің ақыл мен ойды тоздыратынын айта келіп, естігенді есте сақтау, көргендіден үлгі-өнеге алу, жаман әдет-дағдыдан бойын аулақ ұстау, нәпсіні ақылға жеңдіру, ұстамды болу сияқты адамгершілік қасиеттерді рухани кемелділік өзегіне айналдырудың жолын да нұсқайды. Ақын жалаң үгітке бой ұрмай білімді, ғылымды игеруге бастайтын талаптың, «білмекке құштарлықтың» кілтін де ұсынады. «Талапты ерге нұр жауар» деген халық даналығына жүгініп, «талап қыл артық білуге, артық білім кітапта» екенін жастар санасына сіңіре түседі. Өзінің ізгі мүддесі тұрғысынан ақын адам болам деген әрбір талапты жастың бойында адамшылықтың қандай нәрі, ізгілікті сипаттары басым болу керектігін «Ғылым таппай мақтанба» өлеңінде дәйектеп берді. Бұл өлең М. Әуезовтің сөзімен айтсақ: «Абайдың әсіресе көп ой қорытып айтқан мағыналы және програмдық бір өлеңі» [3] болатын-ды.

Абайдың «Адам болам десеңіз» тезисі бойынша көтерген көкейкесті мәселесі, басты мақсаты - ұлт болашағы жастардың бойында әділеттік, адамдық, имандылық қасиеттердің қалыптасуындағы білім-ғылымның маңызын терең таныту болды. Ұлы ағартушы отарлық саясаттың озбырлығынан, айналасын қоршаған әділетсіздік қазақ халқын аздырып бара жатқанын, жас ұрпақты тәрбиелеуге теріс ықпалын тигізетіндігіне көзі жеткен Абай халықты, әсіресе, жастарды, білім, ғылым, өнер, кәсіп үйренуге баулып, адамгершілікке тәрбиелеуге ерекше көңіл аударды. «Абай да әлем мәдениетінде ең әуелі ұлы ақындығымен қастерлі. Сол ақындығымен әлемдік өркениет тарихындағы ұлы тұлғалармен бой таластырып тұр. Ақын, профессор А.Егеубаев айтқанындай: «Ол адам баласына қымбат ойларын ең әуелі ақын көзімен көріп, өлең тілімен толғаған жұмбақ жан» [4].

Абай поэзиясының өзегінде бүгінгі күнге дейін үзілмей келе жатқан алтын желі - рухани кемелділікке жетуде «толық адам» болу мұраттарының әдеби, пәлсапалық негізін жан-жақты байыптап, жастардың рухани әлемін байытудың құралына айналдыру - уақыт талабынан туындап жатты. «Бес асыл істі» өсиеттеп, «бес дұшпаннан» сақтандырып, көкөрім жасты тәрбиелеу, жасөспірімді жеке тұлға ретінде қалыптастыру, адамды дұрыс жолға салу арқылы «заманды түзетпекке» бет бұрды. Қоғамда өзара жауапты болу идеясын: «Адам баласын заман өсіреді, кімде-кім жаман болса, оның өзінің замандастарының бәрі күнәлі», [5] деген тұжырымын ұсынды.

Ұлы ойшыл өзінің «Адам болам десеңіз...» деген тезисінен туындаған рухани кемелділікке жету идеяларын өзінің поэтикалық пайымы мен даналық танымы арқылы шығармаларына арқау етті. «Әсемпаз болма, әрнеге», «Әуелде бір суық мұз ақыл зеректегі» идея желісін қарасөзінде Сократ ұстаз бен шәкірт Аристодимнің арасындағы ғибратты-сұхбатқа құрып, «Алла махаббатпен жаратқан адамға» тән асыл қасиеттерді ғибрат аларлық әңгіме арқауына желі етеді. Нақлияда адам бойындағы өздерінің атқаратын жұмыстарының маңыздылығын дәріптеп, әрқайсысы өзін бірінші орынға қойып таласқан қайрат, ақыл, жүректің таласына төрелік айтқан ғылым үшеуінің де жақсылы, жаманды қасиеттерін әділ сынап, ақиқатын айтады:

- Ей, қайрат, ...сенсіз ешнәрсенің болмайтұғыны да рас, бірақ қаруыңа қарай қаттылығың да мол, пайдаң да мол, бірақ залалың да мол, кейде жақсылықты берік ұстап, кейде жамандықты берік ұстап кетесің, соның жаман, - дейді.

- Ей, ақыл! ...Жаратқан тәңіріні де сен танытасың, жаралған екі дүниенің жайын да сен білесің. Бірақ сонымен тұрмайсың, амал да, айла да - бәрі сенен шығады. Жақсының, жаманның екеуінің де сүйенгені, сенгені- сен; екеуінің іздегенін тауып беріп жүрсің, соның жаман, - дейді.

Ғылым ақыл мен қайраттың қос қыртысты қасиетін безбендеп, Сен үшеуіңнің басыңды қоспақ - менің ісім, бірақ сонда билеуші, әмірші жүрек болса жарайды... Үшеуің ала болсаң, мен жүректі жақтадым. Осы үшеуің басыңды қос, бәрін де жүрекке билет - дейді. Әділет пен арлылықты, махаббаты ту еткен ақын ақыл, қайрат, жүректің ізгілікті істерін қастерлеп, қуаттап, дамытып отырады. Ақыл, қайрат, жүректің жеке дара қасиеттерін - амал, әрекетін, ізгі hareketін де сипаттап, ой түйеді.

Қайрат пен ақыл жол табар,
Қашқанға да қуғанға,
Әділет, шафқат кімде бар,
Сол жарасар туғанға.

Қайрат –«Махаббатпен жаратқан адамзаттың» бойындағы күш, қуат, энергия, сондықтан қуса жетеді, қашса құтылады.

Жүректе қайрат болмаса,
Ұйықтаған ойды кім түртпек,
Ақылға сәуле қонбаса,

Хайуанша жүріп күнелтпек. Адамды бойын жеңе бастаған енжарлық, бұйығылықтан, самарқаулықтан құтқаратын да, «Пайда, мақтан, әуесқой-шайтан ісімен», нәпсімен күресетін де - қайрат. «Мықтымын деп мақтанба ақыл білсең, Мықты болсаң, өзіңнің нәпсінді жең»- дейді ақын. «Орынсыз, болымсыз нәрсеге үйір қылмай, бойды таза сақтайтұғын, күнәкәрліктен, көрсеқызар жеңілдіктен, нәфсі шайтанның азғыруынан құтқаратұғын, адасқан жолға бара жатқан бойды қайта жиғызып алатұғын мен емес пе?» (17 қарасөз) Қарасөздегі қайраттың айтқан уәжінде де «ер ісі ақылға ермек, бойды жеңбек» пайдалы, ізгі істері басым. "Тоқтаулық, қалыпты шыдамдылық» та қайраттан шығады. Қарасөзінде «үйрену, құдайға лайықты ғибадат қылу, өнер мен мал табу, бойды таза сақтау, күнәһарліктен, көрсеқызарлықпен, нәпсі мен шайтанның азғыруынан құтқару, бойдағы дертті жеңу үшін қайрат керектігін тарата түсіндіреді.

Бастапқы екеу соңғысыз,
Біте қалса, қазаққа,
Алдың –жалын, артың –мұз,

Барар едің қай жаққа?- деген шешендік сауалдың шешуін де ақын келесі шумақта шашау шығармай дәйектеп отырады. Бастапқы екеудің біріншісі-қайрат, «алдың жалын» болатыны – қайрат бойдағы ыстық қан, жалынды, отты сезім. Ақын «ержеткен соң уысыңа түспейтін» ғылымды ізде, өнерді үйрен, қайратың барда «адам бол мал тап» дейді.

Ақыл - «Махаббатпен жаратқан адамзаттың» артықша қасиеті, адамның әр нәрсені таразылап, алды-артын пайымдап істеудегі ой жүйесі. Демек, қашсаң да, қусаң да ақылға салып, айланды асырасың, жол табасың. Ақынның «нұрлы ақыл» жайлы поэтикалық толғамдары - қос-қос тармақтан дидактикалық нақылға айналып кеткен «Самородный сары алтын» афоризмдер. «Өзінді сенгіштікпен әуре етпе», «Ақыл сенбей сенбеңіз, бір іске кез келсеңіз». «Ер ісі ақылға ермек, бойды жеңбек», «Ақыл керек, ес керек, мінез керек» «Адамзат тірлікті дәулет білмек, Ақыл таппақ, мал таппақ, адал жүрмек». Абай ақылдың айрықша қасиетіне де терең бойлап, тың, тосын мағына да үстейді. Қарасөздерінде ақылға кенделіктің залалын: «Жоқ, бірлік ақылға бірлік, малға бірлік емес, өзін тірі болсаң да көкірегің өлі болса, ақыл табуға сөз ұға алмайсың «...көңілдері көкте, көздері аспанда, адамдық, адалдық, ақыл, білім, ғылым – ешнәрсе малдан қымбат демейтін» пенделердің мінезі мен тірлігін сынау арқылы санамызға сіңіреді. «...Тегінде адам баласы адам баласынан ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселермен озады. Одан басқа нәрсемен оздым ғой демектің бәрі де ақымақшылық... Кемел ақыл иесінің кесімі, «нұрлы ақылдың» шешімі – осы.

Педагогикадан оқулық еңбек жазған М. Жұмабаев: «Педагогика ғылымы да адамның рухани әлемін үш салаға – ақыл, көңіл (ішкі сезім) және жүрек деп жіктейді. Қазақтың данышпаны Абай бұл үш тапты ақыл, қайрат, жүрек деп атайды» - [6,134] деп Абайға сілтеме жасайды. Ақын «Тоты құс түсті көбелек» өлеңінде өмірдің өтпелілігін «бәйшешек», «көбелек» символдық бейнелеулері арқылы аңдатады:

Адамзатқа не керек:

Сүймек, сезбек, кейімек,

Харекет қылмақ, жүгірмек,

Ақылмен ойлап сөйлемек, - деп екінші тармақта - жүректі, үшінші тармақта – қайратты, төртіншіде – ақылды меңзейді. «Қартайдық қайғы ойладық, ұйқы сергек» өлеңіндегі - ақыл таппақ – ақыл ісі, мал таппақ – қайрат ісі, адал жүрмек – жүрек ісі екені айқын. Ұлы ақын ақыл, қайрат, жүректің тізгінін тең ұстаған, рухани кемелділік өзегіне айналдырған адамды «толық адам» дейді.

Жүрек – «Махаббатпен жаратқан адамзаттың» кеудесіне әділеті, мейірім – шапағатты, ізгілікті ұялатушы. Жүрек әміріне құлақ аспау, ынсап пен қанағатты жоғалту, «бес дұшпанға» ырық беру, нәпсінің құлына айналу – адамдық қасиеттен азу. Фәни жалғандығын көкірек көзімен ұққан, өмір ақиқатын білуге құштар, жүрек қалауына ерік берген адам-әулие. Ақынның: «Жүрегіңнің түбіне терең бойла», «Жүрегіңе сүңгі де түбін көзде». «Ынталы жүрек, шын көңіл, Өзгесі хаққа жол емес» – дегені – ынталы жүрекпен ақиқатты тану жолына нұсқаған даналық ойы. Хакім Абай жүрек ісінің ізгілігін, артықшылығын, басымдығын махаббатпен шабыттана толғаған.

Ақылмен ойлап білген сөз

Бойыңа жүкпас, сырғанар.

Ынталы жүрек сезген сөз

Бар тамырды қуалар. Бір оқығанда түсінікке ауырлау тиетіні де рас, ал тереңдей талдасақ, адам біреудің жүрегін жаралар, намысына тиер, сағын сындырар, сүйектен өтер сөзді де ақылмен ойлап барып айтуы да мүмкін, «Ойға түстім, толғандым» өлеңінде: Ғәділетті жүректің, Әділетін бұзыппын- деп өз өкінішін де білдіреді. Әділет, шафқат «Рахымдылық, мейірбандық, әр түрлі істе адам баласын өз бауырым деп өзіне ойлағандай оларға болса игі демек-бұлар жүрек ісі..(38 қара сөз), «Жүректің ақыл суаты, Махаббат қылса тәңірі үшін». «Жүректе қайрат болмаса, Ұйықтаған ойды кім түртпек». «Аспаса ақыл қайраттан, Тереңге бармас, үстірттер».

Абай өсиет еткен ұлтжандылық, қайраттылық пен қалыпты шыдамдылық, бекіген іске табандылық, әділеттілік пен адамгершілік, адалдық, мәдениеттілік пен парасаттылық, ізгілік пен мейірімділік, білімге құштарлық пен еңбек сүйгіштік, кәсіпкерлік пен қайырымдылық, болашаққа нық сенімділік пен жарқын өмірге ұмтылушылық қасиеттерді

қасиеттерді жас ұрпақ бойына сіңіру, рухани кемелділікке жету – бүгінгі күнде «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында мемлекеттік деңгейде міндеттелген маңызды мәселелерге айналды.

Ақын ақыл, қайрат, жүректен шығатын адамның сан алуан жан қуаттарының сыр-сипатын саралап, адамда осы қасиеттердің бірі ғана бой көрсетсе, ол «есі жарым» - жарты адам. «Жеке-жеке біреуі жарытпайды, Жолда жоқ жарым есті «жақсы» демек»-деуі сондықтан.

Осыны оқып, ойлай бер, болсаң зерек,

Еңбекті сат, ар сатып неге керек

Үш-ақ нәрсе адамның қасиеті:

Ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек- деген тұжырымға келеді. Абайдың адамдық, адалдық, әділеттілік идеясы осы үш сүюдің бірлігімен байланысты гуманистік мұратынан туындайды.

Ақыл, қайрат, жүректің таласына төрелік айтатын «сол үшеуінің жөнін білмек - ғылым – алланың бір сипаты».

Ақыл да, ашу да жоқ, күлкі де жоқ,

Тулап қайнап бір жүрек қылады әлек.

Біреуінің күні жоқ біреуінсіз,

Ғылым сол үшеуінің жөнін білмек- деп Ақыл, қайрат, жүректің таласына төрелік айтып, олардың бірлігін қуаттаған «сол үшеуінің жөнін білмек - ғылым – «алланың бір сипаты, ол хақиқат, оған ғашықтық өзі де халық һәм адамдық дүр».

Ғылым. «Махаббатпен жаратқан адамзаттың» бойындағы асыл қасиеттердің таласына төрелік айтқан ғылымды Абай екі тарапта адамның ғылымы, алланың ғылымы деп қарастырған. Мұхаммед (с.ғ.с) пайғамбарымыз әрқашан құдайлық және адамдық білім туралы «... мәңгілік бәрін алдын алатын және бәрін тегіс қамтитын құдайлық білім алланың құдіреттілігінің бір белгісі, ал адамдық білім екі түрлі кәдімгі дүниелік білім және діни сенімге парапар білім» деген. [7,47] «Адамның әр нәрсенің түбін білмекке ынтықтығы», «... һәммәні білетұғын ғылымға ынтықтықпен» сабақтас. Ақын ақыл-ойдың қоршаған дүниені үздіксіз тануға бағытталған жан құмарлығын, «Жан құмары дүниеде немене екен?» деп жұмбақтайды. Шешуі - «білмекке құмарлық» - ғылымға талпыныстың бастауы, нәрі. «Адамның ғылым, білімі хақиқатқа, растыққа құмар болып, әр нәрсенің түбін, хикметін білмекке ынтық бірлән табылады». «Ғылымды іздеп, Дүниені көздеп, Екі жаққа үңілген» ақын алғашқы өлеңдерінің бірін бірден «Ғылым таппай мақтанба» деп бастап, «Дүние де өзі, мал да өзі, Ғылымға көңіл бөлсеңіз, Білгендердің сөзіне, Махаббатпен ерсеңіз» деп, иран-парсы жұртынан шыққан ақын, философ, энциклопедист ғалым «Ғұламаһи Дауаниді» –Жалаледдин Румиді «жаңа өспірім көкөрімге» өнеге тұтады. Ғылым бағу (1-қара сөз), ғылымға салыну (2), ғылым үшін қам жеу (5), ғылым тапқандардың жолы (7), ғылымды қажетсінбейтіндер (8), ғылымсыз оқыған намаз, тұтқан руза, қылған хаж ешбір ғибадат орнына бармайтына туралы (10), якини иманы (шын иман) бар деуге ғылымы жоқ, таклиди иманы (біреуге еріп иман келтіру) бар деуге беріктігі жоқтар жайлы (13), ғылым үйренбекке талап қылушыларға (32) кеңес өсиет ретінде қарасөздері мен өлеңдерінде түсіндіріп, жетілдіріп уағыздап отырған. «... адамгершілікті, моральдық философияны барлық жайдан жоғары қойған» (М.Әуезов) ақынның «табанының топырағы көзге сүртерлік қасиетті адамы» Сократтың «Өзін-өзі тани білген», қытайдың дао іліміндегі әбден жетілген адамы (совершенно мудрый человек), шығыс ойшылдары мен суфизмдегі камили инсани (камил – арабша – жетілген, инсан – парсыша – адам) кәміл адам. Хәкім Абай 38-қара сөзінде «белгілі жәуанмәртлік үш хәсләт бірлән болар деген, сидік кәрәм – шафағат болар. Ғақыл мағалұм дүр, ғылымның бір аты екендігі (ғақыл – арабша - шындық, ақпейіл, ақыл). Бұлар әр адамның бойында алла тәбәрәкә уатағала тахмин бар қылып жаратқан» деп түсіндіреді. Абайтанушы ғалым М.Мырзахметов Абайдың кәміл адам туралы ойларының жәуәнмәртлікпен сабақтасып жатқанын жан-жақты талдап, «жәуәнмәртлік негізі – адамгершілік» [8, 52] деген ой түйеді.

Ұлы ақынның бүкіл шығармашылығының негізгі идеясы, үзілмес тақырыптық арқауы – адам бойындағы асыл қасиеттерді уағыздаудан, «толық адам» деген атқа лайық болу жолындағы бағыт-бағдарынан туындаған айқын мақсаты, тілек-мұраты. Әл Фараби, Махмұт Қашқари, Жүсіп Баласағұн мен шығыс классикалық әдебиетінде өнеге тұтқан «ел билеушінің кемелдігін» Абай қазақ танымына лайықтап «Сәулең болса кеудеңде, Мына сөзге көңлің бөл» - дей отырып, Берекелі ел мен берекесі кеткен елдің жайын салыстыра бейнелеп, «Берекенді қашырма, Ел тыныш болса, жақсы сол» деген ізгі байламын « Көп шуылдақ не табар, Билемесе бір кемел? -деп түйіндейді. «Адам деген даңқым бар» -деп асқақ толғаған ақынның «Атымды адам қойған соң, қайтіп надан болайын» деп күйзелуінде де адамды сүю мұраты жатқаны анық. Себебі, «Барлық заттың өлшемі - адам» (Протагор) «Адамзаттың бәрін сүй, бауырым деп» деген биік парасатты пайыммен алланың назары түскен - адамның рухани кемелділігін ұлықтаған Абай адамды нәсіліне, дініне, әлеуметтік жағдайына қарай бөлмей, адам баласының өмір сүру барысында талаптану, үздіксіз іздену, ізгілікті іс жасау, өзін-өзі жетілдіру мәселесіне шынайы ден қойғанда ғана тіршілікте үйлесім болатындығын ақындық шеберлікпен көркем бейнелеген.

Абай поэзиясында да, поэмалары мен қара сөздерінде де адамның өмірдегі орнын, ролін, болмысы мен мінез құлқын психологиялық тұрғыдан терең талдап, сын тезіне салып, дүниетанымы мен тәрбиесіндегі олқылықтардың себебі мен салдарының ақиқатын ашып, өсиеті мен ғибраты арқылы адамгершіліктің жүйелі жолын, өзіндік танымын жасай білген данышпан ақын. «Қазіргі кезде әдебиеттану және басқа қоғамдық ғылымдар идеологиялық қатаң қағидалардың тар шеңберінен шығып, кең құлаш жаюға мүмкіндік алған жағдайда абайтану ғылыми жаңа белеске көтеріліп жалғаса, толығы беруі керек. Абай шығармашылығының танымдық, көркемдік, тәрбиелік мәнін жаңа қырларынан қарап, терең ашып көрсететін еңбектер ғана абайтану ғылымын байыта түспек» [9.32].

Ұлы гуманист-ақынның философиялық, психологиялық, педагогикалық, эстетикалық тағылымдық мұраларының мәні мен маңызы бүгінгі таңда да өміршен, өзекті екендігін дәлелдейді.

Әрбір ата-ананың да, баланың да жүрегіне жол таба білетін, Абайдың өлеңдерінің, қарасөздерінің тәрбиелік мәнін терең ашып, оның бала тәрбиесінде таптырмас құрал екендігіне көзін жеткізетін, бала бойында Абай шығармаларына деген қызығушылықты туғызатын да –ұстаздар. Ұлы ойшылдың, өлеңмен өрілген сыны мен өсиеті, қарасөздеріндегі таным түсінік, пәлапалық ойларынан туындайтын ғибраты пайымдары, өмірі де, өкініші де ұрпаққа сабақ болар түйін тұжырымдар, өміршен өсиеттер.

Абай мұрасы — рухани кемелділік өзегіне айналып, Мәңгілік еліміздің көк туы көк жүзінде желбіреп, қыран қанатымен қалықтай бергей!

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан» атты мақаласы «Егемен Қазақстан» 9 қаңтар 2020
2. Сонда
3. Әуезов М. 20 томдық таңдамалы шығармалар жинағы, 17т. 128 б.
4. Егеубаев А. «Ұлттық сананың ұлан асу ұлы құбылыстары» «Қазақ әдебиеті» №21. 06.2005
5. А.Құнанбаев Қара сөз. Книга слов.- Алматы: Атамұра, 2016.-200 б.
6. Жұмабаев М. Шығармалар жинағы. 3 том. Алматы: Жазушы, 2008.- 232 б.
7. Энциклопедия «Ислам»/ Бас редактор Р.Нұрғалиев.- Алматы: «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 1995 285 бет.
8. Мырзахметов М. Абайдың адамгершілік мұраттары.Алматы.,1993,36 б
9. Мырзахметов М. «Абайтанудың бүгінгі таңдағы міндеттері».Абай мұрасы-тілдік өрістің негізі. Халқаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары.-Алматы: 2005-368 б.

ӘОЖ 822. 511. 112

З.СӘНІК ЗЕРТТЕУІНДЕГІ ФОЛЬКЛОР ТУЫНДЫЛАРЫНЫҢ ТАРИХИЛЫҒЫ МӘСЕЛЕСІ

Құсаинқызы Аяна, студент

Ғылыми жетекшісі ф.ғ.к. Қожағұлов С.Қ.

І. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, Талдықорған, Қазақстан

Мақалада З.Сәнік зерттеулеріндегі фольклор туынды-ларының тарихилығы, шынайы өмір шындығы екендігі туралы тұжырымдары, сөз өнеріндегі көркем шындықтың тарихи ақиқатқа арақатынасы жайлы ғылыми бағыттарыны – әдебиеттану ғылымының тарихилық проблемасымен сабақтастығы қарастырылған.

Тірек сөздер: фольклор, жанр, тарихилық, эпос, миф, этнографт, қисса-дастан

В статье рассмотрены выводы З. Саника о том, что фольклорные произведения являются историческими произведениями, реалиями реальной жизни, о соотношении художественной действительности в искусстве слова с исторической действительностью.

Ключевые слова: фольклор, жанр, историзм, эпос, миф, этнограф, кисса-дастан

The article discusses the conclusions of Z. Sonic is about the fact that folklore works are historical works, the realities of real life, about the correlation of artistic reality in the art of words with historical reality.

Keywords: folklore, genre, historicism, epic, myth, ethnographer, kissa-dastan

Фольклор туындыларының тарихилығын қарастырғанда өткен дәуірдегі көшпелі қазақ халқының әлеуметтік, саяси, экономикалық, мәдени мәселелермен бірлікте қарау басты міндет болуы тиіс. Бұларды бірлікте, іштей өзара тығыз байланыста қарастыру – оқиғалар мен құбылыстардың методологиялық негізін көрсету болып табылады. Қазақ фольклорын халықтың тарихы, әдебиеті, тілі, салт-дәстүрі, этнографиясы, географиясы сияқты салалардан бөліп алып тексеру қиын, олай болуы да мүмкін емес. Себебі бұлар әруақытта қоғамы мен заманына байланысты тығыз бірлікте, бір-бірін толықтырып, толыққанды мазмұнға ие болатыны сөзсіз. Бұл салада фольклор халықтың тұрмыстық әдет-ғұрпын, салт-дәстүрін, дүниетанымын белгілі дәрежеде жоғары сатыға көтереді, оның жанрларының синкреттілігі, көп функциялылығы мәселені кең көлемде қамтуды қажет етеді. Бұлар фольклор туындыларының негізгі арнасы болып табылатын тарихнамамен тығыз байланысты. Олай дейтініміз тарихнама фольклордың және тарихи-этнографиялық еңбектердің сапалығын айқындайтын өлшемнің бірі. Фольклор туындыларының ортақ нышаны – бір туындыда талай заманның елесін бере алатын көпқабаттылық, яғни полистадиялық қатар кездесетіндігі, синкреттік сипаттар болып табылады. Осыған орай біз зерттеу жұмысында фольклордың және оның туындыларының тарихнамасын алғы шарт ретінде басшылыққа алдық. Зерттеу жұмысында мәселенің жалпы мәні мен мазмұнын талдап көрсетумен қатар әрбір фольклор жанрының өзіне тән тарихилық ұғымын және әлеуметтік шындықты көрсетуге тырыстық. Дәлірек айтқанда, озық методологиялық және әдістемелік тәсілдермен қаруланбайынша фольклор мәселелерін салдарлы шешу мүмкін емес. Фольклор құбылыстарын салыстырмалы тарихи тұрғыда қарау – ғылыми зерттеу өрісін дамытып, кеңейте түседі. Белгілі бір заңдылықтарды табу үшін фольклордағы ұқсас, сарындас туындылар табиғатын түрлі типологиялық шарттар тұрғысынан алып тексеру қажет. Сол сияқты зерттеу жұмысында құрылыстық – типологиялық, жүйелілік, кешенді-тұтастық принциптерін пайдалану жаңа қорытындылар жасауға толық мүмкіндік тудырады. Міне, осы көрсетілген методологиялық және әдістемелік тәсілдер зерттеу жұмысында қолданылды.

Фольклордың тарих және әлеуметтік шындықпен байланысы туралы мәселе Ш. Уәлиханов еңбектерінде жан-жақты қарастырылған. Ш. Уәлихановтың фольклордың шындыққа қатысы туралы мәселені қалай қарағанын ғалымның саяхат күнделіктерінен және тарих, этнография, заң туралы еңбектерінде кездесетін факторлар жайлы тұжырымдарынан көруге болады. Ш. Уәлиханов фольклордың тарихилығын алғы шарт деп санады. Ол өзінің жазбаларында [1.5] “Көшпелі, жазу-сызуы болмаған халықтардың тарихи фактыдан гөрі аңыздарында сақталған” – деп көрсеткен. Ш. Уәлиханов өзінің басқа еңбектерінде де өзінің осы пікірін дәлелдеуге тырысады: “Көшпелі якут, қалмақ, моңғолдардың өз поэзиясы бар. Демек, олардағы өзіндік ... интеллектуалдық, прогрессивтік өмірі бар... Якут поэмаларының көркемдік қасиеттерімен бірге тарихи да маңызы бар. Бұл поэмалардың әрқайсысы халық өмірінің әр дәуіріндегі белгілі тарихи оқиғаларды өшпес етіп кетті” [1.16] – деп көрсетті.

Ш. Уәлиханов тарихты белгілі бір халықтың өткен өмірі ретінде ғана емес, өмір шындығы, қоғамдық қарым-қатынас, әдет-ғұрып пен сенімнің идеалдық жиынтығы ретінде қарастырады. Бұл туралы ол былай деп жазды: “...қазақтың поэзиясы–халық өмірінің, түсінігінің, қоғамдық қарым-қатынасының шын айнасы, оның өте көптеген қызғылықты шарттары бар” [1.28].

Фольклор мен шындықтың ара қатынасы туралы мәселені Ш. Уәлиханов өткен ғасырда-ақ қарастырған және оны дұрыс шешуге тырысқан. Ш. Уәлихановтың фольклор мен өмір шындығының ара қатынасы жөніндегі пікірлерінен шыға отырып айтатын болсақ, қазақ халқының лиро-эпикалық жырлары немесе батырлар жыры саласындағы шежірешілдігін, жыршылдығын, тарихи саласының сергектігін, ең алдымен, оның ұзақ ғасырлар аясында көшпелі өмір салтта болуы мен сабақтастырған жөн. Эпостық жырлардың нысанасы, бағыт-бағдар етіп ұстанатыны алдымен тарих, ол қалай болған күнде де тарихтың төл туындысы. Оның тарихи оқиғаларады өзінің көркемдік мақсатына қарай, бүтін сюжеттің құрамына қарай, жанрдың табиғатына лайық икемдеудің өзі де шындық. Эпостың тарихилығына қатысты тұстары көп. Оларды төмендегі мәселелердің төңірегіне топтастыруға болады:

1. Қазақ эпосының пайда болған дәуірі, рулық бірліктердің, ұлыстардың, хандықтардың, тарихи оқиғалардың жырға арқау болған мезгілі.

2. Қазақ эпосын шыққан дәуіріне қарай тарихи кезеңдермен байланысты топтастыру, жанрлық белгілерін, түрлерін қоғамдық-экономикалық дамумен бірлікте алып, хронологиялық тізбесін жасау.

3. Эпос жанр түрінде ертегі, миф, аңыз, әңгіме, тұрмыс-салт жырларынан қашан, қай дәуірде іргесін бөліп алып, өз алдына дербес жанр болып қалыптасты, оған себепші болған қай заманның әлеуметтік, тарихи ортасы дейтін сауалдарға ой жіберу.

4. Жырда кездесетін «оқиғаларды, кісі, жер-су аттарын, көне сөздерді тұрмыс-салт көріністерін арнайы тарихи дерек ретінде қарастыруда тіл ғылымы мен этнография да өз мақсаттарына қарай қызмет атқарады» [2. 87].

Фольклор туындыларының тарихилығы белгілі бір дәуірдің мән-мағынасын айқындайтын елеулі тарихи фактілер, шынайы өмір шындығы екендігі мәлім. Бірақ, шындық – жалпылама түсінік емес, ол нақты нәрсе. Қай заманда да көркем сөз өкілінен өзі жырлап, жазып, қағаз бетіне түсіріп отырған кезеңнің шынайы шындығы талап етілген. Сол шындықты көрсету оның қабілетіне қарап бағаланған. Бұл жөнінде Г.Э. Лессинг: «Белгілі бір дәуірдің сөз өнеріндегі көркем шындықтың тарихи ақиқатқа арақатынасы – әдебиеттану ғылымының тарихилық сынды келелі проблемасымен тікелей сабақтас. Ал, бұл жайдың әдебиеттану ғылымында елеулі назар аударарлық мәселе ретінде сөз бола бастағанына екі ғасырдан астам уақыт өтті» [3] – деп көрсетті. Сонан бергі мезгіл ішінде осы мәселенің табиғи ерекшелігіне дендей кіруді мақсат еткен көптеген ғылыми мақалалар мен зерттеулер жарық көрді. Бұл мәселенің соңғы жылдар ішінде қазақ әдебиеттану ғылымында төңкеріске дейінгі және төңкерістен кейінгі әдеби құбылысындағы тарихилық мәселелерін зерттеудегі тағлым алалық үлгі екендігі сөзсіз.

Фольклор туындыларындағы тарихилық сапалық тұрғыдан алғанда ғылымдағы тарихилықтан ерекшелік болып келеді. Біз бұл арада фольклордағы тарихилық пен ғылымдағы тарихилықтың арасындағы айырмашылықты атап өтпекпіз. Атап айтқанда, ғылым белгілі бір дәуірдің тарихи даму заңдылықтарын тұжырымдармен өрнектесе, ал фольклор туындылары сол тарихи құбылыстарға деген адам қатынасын – оның кісілік құлқы, әрекеті, таным дүниесіндегі өзгерістері арқылы көрсетеді. Басқаша айтқанда «...белгілі бір дәуірдің нақты тарихи мән-мазмұнын, оның қайталанбас келбеті мен ерекше бейнесін көркемдік әдіспен игеретін ауызша және жазбаша әдебиеттің тарихилық» мәселесі осы қасиеті арқылы өзіне ерекше назар аударуды талап ететіні хақ». Сонымен, фольклорды және оның туындыларын көріктендіруші негізгі көз – тарихтың ауыз әдебиетіндегі бет-бейнесін тарих ғылымымен және оның саласы этнографиямен байланыссыз қарастыру мүмкін емес. Олай болса фольклор туындыларының тарихилық принциптері мен проблемалары, осы байланыстың түп-төркінін, ықпаләсерін, өзгеру, өрістеу жолдарының негізін анықтау үшін қызмет етеді.

Қазақтың лиро-эпос жырларының басты ерекшелігі – ол айрықша дәуірлерде ғана дамиды. Себебі эпос тудыруға тарихтың белгілі бір кезеңдерінде қажеттіліктер себеп болады. Бұл қажеттіліктер халық өзінің өткендегі батырлық, қаһармандық істерін рухтанып, медет табуға зәру болған кездер де ғана бұрыннан келе жатқан аңыздар мен сарындар жаңа дүниетаным тұрғысынан қорытылып, тың, жаңа қуат күшпен өзгеріс тауып жаңғырады. Әрине, олардың, яғни лиро-эпикалық жырлардың негізгі түбірін немесе олардың пайда болу кезеңін нақтылы анықтау, сөзсіз, қиын мәселе. Сондықтан, біздің пікірімізше, лиро-эпос жырларының барлық нұсқаларын жинап, филологиялық, психологиялық, географиялық, тарихи-этнографиялық, этномәдени тұрғыдан талдап тексергенде ғана оның пайда болуы туралы дұрыс тұжырым жасауға мүмкіндік береді. Осы жағдайлар ғана лиро-эпос жырының жанрлық (әңгіме, дастан, ғашықтық жыр, роман) бітімін жекелеп тексеріп шыққанда ғана тиісті фольклорлық, этнографиялық қорытындылар, тарихи заңдылықтар ашуға бағыт береді.

Лиро-эпос жырының тарихын зерттеу немесе оның тарихын шолу этнографияның қырларын көрсету жалаң мақсаттан тумайды. Бұл лиро-эпос жыры саласындағы ізденістерді, зерттеулерді желісін дұрыс анықтап, белгілеу, жоспарлау, мақсат-міндеттерді айқындау, әдістемелік негіздер табу үшін қажет. Бұлардың бәрі де ғылымның қажетінен туады.

Романдық эпостың ішкі құрамында да тақырыптық сюжеттік жағынан біртектестік, біркелкілік жоқ. Әсіресе, алдымен байқалатын «Қозы Көрпеш – Баян сұлу», «Қыз Жібек» сияқты жырлардың өзгешелігі бар да, сюжеттік құрылымы бойынша араб, парсы тілдес халықтардың ауызша, жазбаша әдеби-фольклорлық мұраларынан ауысып келген, солардың әсерінен туған эпостың үлкен бір тобы бар (олар қиссалар, дастандар деп те аталады). Романдық эпостардың тақырып пен сюжеттік желісінің біркелкі еместігін, олардың өзін іштей жеке түрлерге бөлуге болатыны туралы Ы. Дүйсенбаев былай деп жазды: «Қазақ халқының ауыз әдебиетіндегі бай сала – лиро-эпос. Бұған жататын нұсқаларды үш топқа бөлуге болады. Біріншісі, ел арасына көп тараған, ерте кезде қағаз бетіне түсіп, азды-көпті баспа жүзін көрген шығармалар, екіншісі – халық арасына ауызша біраз тараса да, баспа жүзін көре алмаған нұсқалар, үшіншісі – шығыстан келген қиссалар» [4.156].

Қазақтың ғашықтық жырлары фольклор туындылары ретінде екі салаға бөліп қарау, біріншісі – қазақтың лиро-эпосы, екіншісі – қисса-дастандар, тәжірибеде кең таралған мәселе. Дәлірек айтқанда, зерттелуі жағынан лиро-эпостар «Қозы Көрпеш – Баян сұлу», «Қыз Жібек», «Айман-Шолпан» молырақ қамтылады. Ал қисса-дастандар жеке зерттеу еңбектерге арқау бола бастады. Бұл салада фольклоршы - этнографтар көп еңбек сіңірді. Мәселен, шығыс сюжетіне арналып жазылған дастандардың кейбір ерекшеліктеріне Ы. Дүйсенбаев тоқталған болса, кейін Р. Бердібаевтың, А. Қыраубаеваның, Б. Әзібаеваның еңбектерінде қазақтың қисса-дастандарының жанрлық, көркемдік ерекшеліктері арнайы сөз болып зерттелді.

Фольклор туындыларының тарихилығы, дәлірек айтқанда қазақ эпосының тарихилығы және әлеуметтік-тарихи шындық мәселелері туралы талданған материалдардан шыға отырып, қорытынды ретінде Ж. Тілеповтың «Қазақ поэзиясының тарихилығы» атты еңбегінен фольклорлық және тарихи деректерді дұрыс деп таптық. Автор өзінің еңбегінде: «Өзінің басты объектісі адамды бейнелеу арқылы әр дәуірдің сан қилы сыр-сипатын көрсететін көркем әдебиеттің (жазба әдебиеттің) даму кезеңдеріне көз салғанда, оның нақтылы тарихи адамдар мен тарихи оқиғаларды бейнелеу ерекшелігі, яки әдебиеттегі тарихилық мәселелері айрықша назар аудартары анық. Ал, әр дәуір жыршысының өз заманының тарихи кескінін бейнелеуге әрекет еткен шығармасы тек белгілі бір ұлт әдебиетінің жасын межелеге ғана емес, сол әдебиеттің осы өзекті мәселе тұрғысынан алғандағы жүріп өткен жолын бағдарлауға да мүмкіндік береді. Сөз жоқ, ол жолды азаматтық тарихпен тікелей жарысып отыратын жол деп тануға болар еді. Өйткені, онан белгілі бір халықтың халықтың рухани есею жолын, тағдыры таразыға түскен небір тарихи тайталастарының мәліметтерін табасыз. Ал, әдебиетте бейнеленген бұл мәліметтер белгілі бір дәуірдің мән-мағынасын айқындайтын елеулі тарихи фактілер, шынайы өмір шындығы екені мәлім» [5.92] – деп көрсетті.

Эпостың тарихқа қатысы жөніндегі және оның этнографиямен байланысы туралы зерттеулер соңғы жылдары кеңінен орын алуда. Бұл салада С. Қасқабасовтың, Б.Абылқасымовтың, Ш. Ибраевтың, З. Сейтжановтың, Т. Сыдықовтың, Е. Құдайбергеновтың Ш. Керімовтың [6] зерттеулерінің маңызы зор. Эпостың тарихилық дәрежесін анықтау үшін фольклордың басқа да жанрлардың заңдылығын есепке алу қажет. Мәселен, тұрмыс салт-дәстүрлеріне байланысты романдағы эпостардың халық тұрмыс салтының этнографиялық болмысы мен көріністері, ғашықтық өлеңдердегі тұрмыс салт көріністері және оның этнографиялық қырлары қазақ фольклорының тарихында ерекше орын алады. Осыған орай біз зерттеу жұмысының тақырыбын лиро-эпикалық жырларда көрініс тапқан тарихи оқиғаларды көрсету, фольклор туындыларының тарихилығы мен әлеуметтік шындықты ашып көрсету, лиро-эпикалық (ғашықтық) жырлардың қазақ этнографиясының қайнар көзі екендігін көрсету мәселесіне арнауды мақсат деп таптық.

Фольклор туындыларының тарихилығы мәселесіне арналған тараудың алғашқы сұрағын аяқтай отырып, қорытынды ретінде Р.Бердібаевтың “Эпос – ел қазынасы” еңбегінен төмендегі жәйттерді келтірдік: “эпоста тарихи шындықтың бейнеленуі деген аса күрделі, теориялық мәні бар мәселе. Белгілі бір туындыда тарихи ақиқаттың нақтылы қамтылу заңдылығы қандай екенін ажырату фольклортанудың ең күрделі проблемасының бірі. Бұл кең мағынасында алғанда, эпоста шындық пен қиялдық, көркемдік жинақтаудың арақатынасын анықтауға апаратын сұрау. Осы төңіректе түрлі қисындар, тұжырымдар ғылымда қатар айтылып келе жатқандығының аса күрделігін сипаттайды” [7].

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Валиханов Ч.Ч. Заметки о киргизах.—Алма-Ата, 1961.—Т. I.—С. 342.
2. Рахманқұл Бердібай. Эпос-ел қазынасы.— Алматы: Рауан, 1995.—67 б.
3. Лессинг Г.Э. Гамбургская драматургия. – М.-Л., 1986.
4. Ибраев Ш. Қазақ эпосы.—Алматы, 1987. — 18-19 бб.
5. Тілепов Ж. Қазақ поэзиясының тарихилығы – Алм: Ғылым,1994.—3 б.;
6. Қасқабасов С. Миф пен эпсана тарихилығы// Қазақ фольклорының тарихилығы. – Алматы: Ғылым, 1993; Сыдықов Т. Қазақтың тарихи жырлары және бүгінгі ғылым. – Алматы, 1993; Абылқасымов Б. Қазақтың ғұрып фольклорындағы арбау жырының мәселелері.— Алматы, 1993; Сейтжанов З.Романдық эпостардағы халық тұрмысының көріністері.— Алматы,1993; Матжанов К.Балалар фольклорындағы этнографиялық бастаулар. – Алм,1994; Керімов Ш. Салсерілік дәстүрлердің этнографиялық қырлары. – Алматы, 1994.
7. Рахманқұл Бердібай. Эпос-ел қазынасы.—Алматы: Рауан, 1995.—79 б.

ӘОЖ 378.016:81

«ҚАЗАҚ ТІЛІ» САБАҒЫНДА МӨЛШЕР КАТЕГОРИЯСЫН ОҚЫТУ

Меирхан Ш.Е., 4-курс студенті

Ғылыми жетекшісі: оқытушы-лектор, PhD Г.Шүкенай

I. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, Талдықорған қаласы

E-mail: shyryn.erbolqyzy@mail.ru

Еліміздің білім беру мекемелерінде оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру, кеңістікте ойлау дағдыларын тереңдету сияқты мәселелер бәсекеге қабілетті тұлға қалыптастырудың негізгі әрі ортақ алғышарты болып табылады. Аталған дағды мен құзіреттіліктердің барлығы санмен, мөлшермен тікелей қатысты екені баршамызға белгілі.

Көлем, аудан, сыйымдылық ұғымын, жалпы «мөлшер» категориясын меңгерту арқылы оқушыны сауаттылыққа, дәлдікке, реттілікке, есепті өмірмен байланыстыра білуге баулимыз. Орта және жоғарғы буындағы мектеп оқушылары «мөлшер» категориясын меңгеру арқылы функционалдық сауаттылығын арттырады. Және сол арқылы оқушының математикалық ойлауын, логикалық ойлау қабілетін, шығармашылығын, математикалық тілде сөйлеу шеберлігін арттырамыз. Осы ретте, еліміздің білім саласында енгізілген реформаның бірі – пәнаралық байланысты атап өткіміз келеді. Мөлшер категориясын оқытуда оқушылардың жан-жақты білім алуын қамтамасыз ету үшін түрлі пәндермен интеграциялық байланыс орнайды: алгебра, геометрия, жаратылыстану, физика, география, химия, биология. Түптеп келгенде, оның барлығы оқушылардың жан-жақты тұлға болып қалыптасуына үлкен септігін тигізеді деген ойдамыз.

Тірек сөздер: мөлшер, мөлшер категориясы, әдіс-тәсілдер, қазақ тілін оқыту

Основными и общими предпосылками формирования конкурентоспособной личности являются такие вопросы, как формирование функциональной грамотности учащихся в образовательных учреждениях страны, углубление навыков пространственного мышления. Всем известно, что все перечисленные навыки и компетенции имеют непосредственное отношение к количеству, количеству.

Овладев понятием объем, площадь, емкость, общей категорией «количество», мы прививаем школьнику грамотность, точность, последовательность, умение соотносить задачу с жизнью. Учащиеся среднего и старшего звена повышают функциональную грамотность, осваивая категорию "размер". Тем самым повышаем математическое мышление ученика, логическое мышление, творчество, умение говорить на математическом языке. В этой связи хотелось бы отметить междисциплинарную связь – одну из реформ, внедренных в сфере образования страны. Для обеспечения всестороннего образования учащихся в обучении категории величины устанавливаются интеграционные связи с различными дисциплинами: алгеброй, геометрией, естествознанием, физикой, географией, химией, биологией. В конечном счете, мы считаем, что все это будет способствовать становлению учащихся разносторонней личностью.

Ключевые слова: размер, категория размера, методы и приемы, обучение казахскому языку

The main and general prerequisites for the formation of a competitive personality are such issues as the formation of functional literacy of students in educational institutions of the country, the deepening of spatial thinking skills. Everyone knows that all of these skills and competencies are directly related to quantity, quantity.

Having mastered the concept of volume, area, capacity, the general category "quantity", we instill in the student literacy, accuracy, consistency, the ability to relate the task to life. Middle and senior level students improve their functional literacy by mastering the "size" category. Thus, we increase the student's mathematical thinking, logical thinking, creativity, and the ability to speak a mathematical language. In this regard, I would like to note the interdisciplinary connection – one of the reforms implemented in the country's education sector. To ensure comprehensive education of students in the teaching of the category of magnitude, integration links are established with various disciplines: algebra, geometry, natural science, physics, geography, chemistry, biology. Ultimately, we believe that all this will contribute to the formation of students as a versatile personality.

Keywords: size, size category, methods and techniques, teaching the Kazakh language

Орта мектептердегі қазақ тілі мен әдебиеті пәндерінде мөлшер, қашықтық, салмақ ұғымдарын меңгертетін түрлі әдіс-тәсілдер мен түрлі технологиялар бар. Атап көрсетсек, *ой қозғау, талдау, түсіндірмелі-иллюстративті, сұрақ-жауап, тәжірибелік жұмыс, салыстыру, сәйкестікті табу*. Аталған әдіс-тәсілдерге жеке-жеке нақты мысалдармен тоқталып өтейік. Қазақ тілінде, соның ішінде, мектеп оқулықтарында «**қашықтық**» ұғымын білдіретін лексикалық бірліктер біршама мол. Олардың көпшілігі сын есімдер, кейде сындық ұғымды білдіретін зат есімдер де ұшырасып жатады.

Қашықтық семантикасы жоғарыда аталған тіресімдік ұғымдары аясында мынадай лексикалық бірліктер арқылы беріледі:

Заттың ұзын не қысқа болуына байланысты: ұзын; қысқа, келте, шолақ, кеспелтек, молтық т.б.

Алыс/жақын: алыс, қашық, қиыр, шет, шыған, қиян, ұзақ, ары, шалғай, жырақ, аулақ, алшақ, қырым, шырқау, қиуа, керік; жақын, таяу, тақау, бері, бермен, жуық, жиі, тығыз, жуыр т.б.

Биік/аласа: биік, жоғары, аңсағай, еңсегей, сұңғақ, бойшаң, зәулім, асқар, талғар, заңғар, құз; аласа, тапал, тәпелтек, тайпақ, талпақ, мыртық, пәс, қортық, тырбақ, мақар, бәкене, мыртес, бақалтақ, жатаған, мәстек, быртық, тәштеқ, шәлтік, мықыр, шарғы, мыртиған, тәпене, мырық т.б.

Терең/тайыз: терең, тұңғиық, ойыс, шұңғыл, шұңқыр, шыңырау; таяз, саяз, тайыз т.б.

Қалың/жұқа: қалың, том, бттам, сіреу; жұқа, жалаң т.б.

Кең/тар: кең, тар т.б.

Бұл мектеп оқулықтарында берілген тіркесім құрайтын лексикалық бірліктердің әрқайсысының ішкі семантикалық ерекшелігі бар және тілде функционалды стиль түрлеріне байланысты әр алуан қызметте жұмсалады.

Бастауыш мектепте қашықтық, масса, сыйымдылық, уақыт, аудан, көлем сияқты нақты шамалар туралы түсінік қалыптастырылады. Кейін ол 5-7 сыныптарда тереңдетіліп оқылып, «қазақ тілі» сабағында «сан есім», «үстеу», тіпті «сын есім» сияқты тақырыптарында игеріледі. Шама бізді қоршаған дүниенің жалпыланған қасиетін көрсететін математикадағы ең маңызды ұғым. Шамаларды оқыту оны өлшеумен тығыз байланады. Қашықтық пен салмақ ұғымын оқыту баланың танымдық үрдістерін дамытуға және тәжірибелік дағды мен біліктілігін қалыптастыруға көмектеседі. Материалдар ойлау операцияларын, ес, зейін, бақылаушылық, қимыл-қозғалысын, бұлшықет және сипап сезу, көз мөлшерін, елестетулерін, сөйлеу тілін дамытады. Жасаған әрекеттің нақты және мақсатты орындалуын, бастаған істі аяқтауын, өзін-өзі басқаруын қалыптастырады. Мысалы, мына әдіс-тәсілдерді қарастырып көрейік.

Қашықтық өлшемдерінің халық арасында кең таралғандығы қазақ тілі оқулықтарында берілген мәтіндерде, халқымыздың фольклорлық мұраларында және халқымыздың әдебиетінде анық байқалады. Олардың ішінде жақын аралықтарды қол созым жер, қарға адым жер, қамшы салым жер, таяқ тастам жер, иек астындағы жер, әудем жер

деп атаған. Зерттеушілер бір шақырымды 1000 метрге тең деп есептейді. Ал дауыс жетер жер мөлшерін 2- 3 шақырым, көз ұшындағы жерді - 2,5-3 шақырым, қой өрісіндей жер – 5-6 шақырым, қозы көш жер – 6-7 шақырым, бір көш жер 10-15 шақырым, ат шаптырым жер – 20-35 шақырым, түстік жер – 30-40 шақырым, күншік жер – 90-100 шақырым, ара қоным жер – 200-250 шақырым аралықтай болатындығын да айтады.

Бұлармен қатар өте алыс, қашық аралықты ит өлген жер, ит арқасы қиянда, қиыр шет, жердің түбі деп атаған.

Енді, аталған ұғымдар мен тіркестерді қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында меңгерту үшін пайдалануға болатын әдіс-тәсілдерге тоқталып өтейік:

1) «БРОУНДЫҚ ҚОЗҒАЛЫС»

Сынып ішіне өтіліп жатқан тақырыпқа қатысты мәліметтер мен ақпараттар орналастырылады. Оқушылар бүкіл сынып ішінде қозғала жүріп, берілген тақырып бойынша ақпарат жинайды. 5-сыныпта «Сан есім» тақырыбында сергіту сәті ретінде балаларға осы әдісті қолануға болады. Әр партаға қағаз тілімдері жапсырылған соларды алып, тақтаға шығып сәйкестендіреді. Мысалы, оқушыларды 2 топқа бөліп, бірінші топқа сөздерді, екінші топқа шақырымдарды жазады.

жер мөлшерін	2- 3 шақырым,
көз ұшындағы жерді	2,5-3 шақырым,
қой өрісіндей жер	5-6 шақырым,
қозы көш жер	6-7 шақырым,
бір көш жер	10-15 шақырым,
ат шаптырым жер	20-35 шақырым,

Бірінші топтағы оқушылар мен екінші топтағы оқушылар бір-біріне сәйкестікті табуы қажет. Бұл тілімізде ұмыт болып бара жатқан ұзындық бірліктерінің ұлттық концептісін жаңғыртуға ерекше үлес қосады деп есептейміз.

2) «ОН СҰРАҚ»

8-сыныпта қазақ тілі пәнінде «Тұрақты тіркестер» тақырыбына «Он сұрақ» әдісін қолдану арқылы алған білімін нығайтып, өзіне деген сенімділігінің арта түсуі мәлім.

Мұғалім бір оқушыны таңдап алады және оның маңдайына негізгі сөз жазылған стикерді жапсырады. Қатысушы сыныпқа 10 сұрақ қоя алады, оған жауап не «ИӘ» не «ЖОҚ» деп беріледі. Оқушы сол арқылы бүгінгі сабаққа қатысты ұғымды табады.

Қазақ тілі пәнінен 6 сынып бағдарламасында «Зат есім» тақырыбын оқытуда төмендегідей «Бес жолды өлең» әдісін пайдалансақ болады. Оның ерекшелігі – оқушылардың физиологиялық дамуына сәйкес биологиялық жасқа сәйкес келетіндігінде. Бұл әдіс оқушының шапшаңдығын, алғырлығын және ойының ұшқырлығын көрсетеді.

3) «БЕС ЖОЛДЫ ӨЛЕҢ» ӘДІСІ (НЕМЕСЕ «СИНКВЕЙН») - оқушы берілген тапсырма бойынша өлең құрастырады. Бес жолды өлеңді құрудың ережесі мынадай: бірінші жолда 1 зат есім, екінші жолда 2 сын есім, үшінші жолда 3 етістік, төртінші жолда 4 сөзден тұратын сөйлем яғни ойды түйіндеу, бесінші жолда тақырыпқа байланысты 1 синоним сөз жазылады. Немесе:

- * Зат есім-1
- * Сын есім-2
- * Етістік-3
- * Мағыналас сөз-1
- * Мәндес сөз-1 / немесе т.б./

Мысалы:

- 1 – көлем
- 2 – үлкен, кіші
- 3 – ұлғаяды, артады, кемиді
- 4 – Көлемі жағынан тоғызыншы орында.
- 5 - ауқым

4) «*DEAL*» әдісі

Мәтін беріледі, мәтін бойынша төменгі әдісті орындаймыз.

Тарихи метрология – өткен уақыттарда адамдар пайдаланған ұзындықтың, ауданның, көлемнің, салмақтың және тағы басқалардың өлшем бірліктерін, олардың атауларын, жүйесін, өлшеу құралдары мен әдістерін оқытатын қосалқы тарихи пән. Метрология ұғымы грекше метрон – өлшем, өлшеу құралы, логос – ілім, білім деген сөздерден пайда болған. Бүгінгі таңда метрология барлық өлшем бірліктері жүйелерін, олардың эталондарын, заттар мен материалдардың құрамы мен қасиеттерінің стандарттық түрлерін, өлшем құралдарын тексеру және аттестаттау мәселелерімен айналысатын ауқымды ғылыми сала. Ал тарихи метрология соның бір бөлігі ретінде де қарастырылады.

D – Describe – баяндау, суреттеу (оқығанды сипаттау, мәтіннің тақырыбын анықтау)

E – Explain – түсіндіру (мәтін бойынша зат есімдерді табу).

A – Analyse – талдау (мәтіндегі зат есімдердің қызметін анықтау, оларды талдау).

L – Links – байланыс (қорытынды жасау, өзінде бар біліммен байланыстыру).

Бастауыш мектепте және жалпы білім беретін мектептердің қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында қарастырылатын шамалардың бірі – уақыт аралығы. Бұл ұғым мектеп оқулықтарында ең көп кездесетін мөлшер категориясының бір түрі болып табылады. Уақыт туралы алғашқы түсінікті балалар мектепке дейінгі кезеңде алады. Күн мен түннің ауысуы, жыл мезгілдерінің ауысуы, сағат, минут, апта күндері, жыл, ай, баланың өміріндегі режимдік мезеттердің ауысуы – уақыт жөніндегі түсінікті қалыптастырады. Осылайша, орта буында тек жаратылыстану-математикалық бағыттағы пәндерде емес, қазақ тілі мен әдебиеті пәнінде де уақыт мөлшері беріледі.

5) «*Ой-толғаныс*» әдісі

Бұл кезеңде күнделікті оқыту үдерісінде оқушы өзіндік толғаныс, дағды-машықтарын ұйымдастыру, өзіне де, өзгеге де сын көзбен қарап, баға беруге үйренеді. Бір тақырып беріледі. Тақырыпқа қатысты оқушылар өз ойларын, өздері байқаған ақпараттарды салмақтап, салыстырып, түйіндеп өз сөздерімен айта алады. Мысалы, «Ежелдегі өлшем бірліктер» деген тақырып берілсе, осыған қатысты пікір білдіреді.

Бұл сатыда оқушылар бір-бірімен әсерлі түрде ой алмастыру, ой түйістіру, өз үйрену жолын, кестесін жасау мақсатында басқалармен пікір алмастырады, үйренеді. Бұл үйрену сатысы - ойды қайта түйіп, жаңа өзгерістер жасайтын қорытынды кезең болып табылады. Өртүрлі шығармашылықпен ой салыстыру болашақта қолданылатын мақсатты әрекеттерге жетелейді.

6) «*Сөзден – сөйлем, сөйлемнен - мәтін*» әдісі

Бұл әдісті 8-сыныпта «Сын есім» тақырыбында қолдана аламыз. Оқушылардың қабілеттілігін арттырады, өз ойын жеткізе білуге ынталанадырады. Шашылған түрлі сөздердің ішінен бір-біріне мағыналық қабыспайтын 3 сөз суырылады. Мысалы, «өлшем, құнды, күміс» деген секілді. Осы үш сөзді кіріктіре отырып, сөйлемдер құрастыру керек. Кімнің сөйлемі қызықты әрі ерекше болатынына көңіл аудару. Былай құрастырылуы мүмкін: «Мысқал негізінен алтын, күміс ақшалар мен құнды заттардың өлшемі ретінде қолданылған.»

Бірнеше нұсқаның ішінен біреуін таңдап алып, тақтаға жазып қояды да, келесі 3 сөзді суырып, сөйлем құрайды. Одан да бір сөйлем жазып қояды. Соңында тақтада жазылған сөйлемдерді құрастырып, мәтін жазу керек. Мәтінді әрқайсысы өз дәптерлеріне жазуларына болады.

Қорыта келе, зерттеу нәтижесінде жалпы білім беретін мектепте қашықтық, салмақ ұғымын оқыту жайында; көлем, аудан, сыйымдылық ұғымын меңгерту әдістемесі туралы; уақыт, құн, сандық мөлшерді интербелсенді әдістер арқылы оқытудың маңыздылығын зерттеп ашып көрсеттік. Зерттеу барысында түркі тілдерінің салыстырмалы сөздігі, түркі тілдерінің түсіндірме сөздігі, қазақ тілінің түсіндірме сөздігі, қазақ тілінің этимологиялық сөздігін құрастыруда материал бола алады; жоғары оқу орындарының филология мамандықтарындағы студенттерге қазақ тілінің тарихы, қазақ тілінің тарихи грамматикасы,

когнитивті грамматика, функционалды грамматика, тарихи лексикология, мәтін лингвистикасы пәндерін оқытуда және аталған бағыттар бойынша оқулықтар жазуда материал бола алады. Оның барлығы орта мектептегі қазақ тілі мен әдебиеті пәнінде мөлшер категориясын оқытудың әдістемелік алғышарты бола алады.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Бекмағанбетов Ш. Тілдік таным негіздері және тілдік символдар. – Қызылорда: Тұмар, 1999. – 158 б.
2. Сабырханова Р.Т. М-Жүсіп шығармаларындағы метрологиялық лексика (халық өлшемдері мен нумеративтер). – Павлодар: С. Торайғыров атындағы ПМУ, 2007. – 159 б.
3. Күркебаев К.Қ. Қазақ тіліндегі өлшемдік атаулардың этнолингвистикалық сипаты (ұзындық, арақашықтық, салмақ-көлем өлшемдері негізінде) // канд. дисс. автореф. Алматы, 2003ж.

ӘОЖ 82-1/-9

«ҒАЛИ ОРМАНОВ – ҚАЗАҚ ПОЭЗИЯСЫНДА ӨЗІНДІК АЙТАРЫ, ӨЗІНДІК ҮНІ БАР АҚЫН»

Мухаметкали С.Х., п.ғ. магистрі

*Әл-Фараби атындағы орта мектебі МДШО бар және Еркін бастауыш мектебімен
коммуналдық мемлекеттік мекемесі, Сарқан ауданы, Қарабөгет ауылы*

E-mail: samala_86kz@mail.ru

Қазақ әдебиетінде жарты ғасыр тынымсыз еңбек еткен Ғали Орманов қазақ поэзиясын биікке көтеріп, оған мол қазына қосқан, еңбегі сіңген, кеңес дәуіріндегі көрнекті ақын.

Тірек сөздер: білім, ғылым, адамдық, ақындығы айтылады.

Ғали Орманов, полвека неустанно трудившийся в казахской литературе, высоко поднял казахскую поэзию, внес в нее богатое сокровище, заслуженный, выдающийся поэт советской эпохи.

Ключевые слова: образование, наука, человечество, поэзия.

Gali Ormanov, who worked tirelessly in Kazakh literature for half a century, is an outstanding poet of the Soviet era.

Keywords: education, science, humanity, poetry.

Ғали Орманов қазіргі Алматы облысы, Қапал ауданындағы Ешкіөлмес деген жерде кедей шаруа отбасында туған. Жас кезінде балалар үйінде тәрбиеленген. Бастауыш мектепте сауат ашып, кейін Алматыдағы халық ағарту институтының дайындық курсына оқыған. Жоғары білімді Абай атындағы педагогика институтында алды. Ғ.Ормановтың алғашқы өлеңдері 1928 жылдан бастап баспа жүзінде шыға бастады. 1934 жылы Ғалидың 1927-1933 жылдар арасында жазған өлеңдерінің жинағы «Шеңбер» деген атпен жарық көрді. 1936 жылы «Абысын сыры» атты жинағы шықты. Ұлы Отан соғысы жылдары ақын «Халық қаһарманы» (1941), Емен (1944) деген өлеңдер жинағын ұсынды. Ақынның өлеңдері 1950 жылы шыққан. «Таңдамалы шығармалар» жинағына енді. 1957 жылы таңдамалы шығармалар жинағы тағы да жеке кітап болып шықты. Өмірінің соңғы жылдарында Ғ.Ормановтың қаламынан тағы да бірқатар өлеңдер мен поэмалар туды. Ақын Ленин орденімен, Еңбек Қызыл Ту, Қызыл Жұлдыз ордендерімен марапатталған.

Ғ. Ормановтың 3 томдық шығармалар жинағы 2007 жылы шыққан. Бұл жинақ ақынның 100 жылдық мерейтойының қарсаңында шығарылған болатын. Ғ. Ормановтың шығармашылығы 20-шы жылдардың аяқ кезінде, елдегі болып жатқан ұлы өзгерістер – конфискация, ұжымдану дәуірінде басталды. Ақын өз кезеңіндегі қазақ ауылдарындағы жаңа құбылысты әртүрлі штрихтер арқылы көрсете білді. Қазақстанда бесжылдықтың алыбы Түркістан Сібір темір жолы салынды. Бұл Қазақстан өміріндегі үлкен жаңалық еді. «Шеңбер» деген өлеңі осы үлкен құрылысқа арналды. Құлазыған, дабырсыз кең даланың енді еңбек әнін шырқағанын айтады. Ақын бұл даланың бейнесін тамаша суреттейді де, жұмыскерлердің ерлік істеріне образды сөздер тауып береді. Айналасы айшылық Алыс сапар сарсылып, Аралаған жерлерім. Сол жерлерді меңгерген Қолмен қайып, көмкерген, Жұмыскерім – ерлерім: Күнге қақтап өздерін, Сорғалатып терлерін Жердің иген шеңберін.

Қыйыстырды қыйынды. Қыюласты жео беті – Тауым, сайым, белдерім. Қолға тұтқаны ұстатты, Ұзынды иіп қысқартты. Шебер ылғый зергерім!!!

Міне, осы шумақтағы қыюы қашқан жерді көмкеріп, қолмен қайып тау мен тасты қыюластырған көрініс, немесе жердің шеңберін бейнебір темір жол иіп тұрғандай сурет, айналасы айшылық ұзақ жолды қысқартып тұрған поезд жылдамдығының барлығы – ақындық жүректен образ жасау арқылы, сурет арқылы көрініп отырады. Ақын ең алдымен жұмыскерлердің еңбегін айтады. Оларды шебер зергерге теңейді. [1,57].

Ғ. Ормановтың ақындығының үлкен қуасы Ұлы Отан соғысы жылдары. Отан басына ауыр күн туғанда ақын жауды жеңуге, елін, жерін сақтауға бар күшін жұмсайды. Ақын өнері поэзия болса, Ғали сол поэзиясын шындай түсіп, халықтың патриоттық сезімін қозғайтын жалынды, шынайы лирикаларымен араласты. Бұл кезеңде Отанның адам үшін қаншалықты қымбаттылығын Ғали ақын тебірене жырлады.

Жарасар адам аты Отанымен, Өмір не одан қалып, көрген күн не? Көз түрткі көрінгенге Отансыз жан, Кеткені қайғы – шердің шеңгелінде. Құл етсе азат басын, асау жанын, Адамның тірлігі не, өлгені не?

Ғ. Орманов табиғатында лирик ақын. Ғали ақын қаламынан туған лирикалық шығармалардың ішінде саяси әлеуметтік сарынмен қатар, табиғат, махаббат тақырыптары да бар. Табиғат суретін бергенде ақын оны геройдың көңіл – күйімен, советтік шындықпен байланыстырады. «Өзен» деген өлеңінде өзенмен сырласа отырып, бұрынғы икемге көнбеген арман ғана болған көлді совет адамдарының өз игілігіне жаратып, бұғауланғанын шабытпен айтады. Осы шындықты ақын жырының арқауы етеді де, ол идея тамаша көркем формасын табады. Бұл өлеңде өзіне тән стиль ерекшелігі айқындала бастағаны көрінеді. Ең алдымен ақын тек сыр шертуші ғана емес, суретші де:

Жіңішке жіптей арықтар Жете алмай шелгн үзілді Бұлдырап өткен замандай, Бұрылмай суын көп ақты. Көңілде қалған армандай Мөлдіреп алыс көл жатты, – десе, сол өзеннің суы енді жерді құлпыртып жатқанда, оған жаңа теңеу іздейді, жерді анамен салыстырады:

Қуаңын түлеп жер ана, Құлпыра шықты гүл ұстап. Бұл ақындық көргіштік, сезімталдықтан туған, бояуын дәл тауып реалистік өрнек алған суретшінің жасаған тапқыр суреті.

Ақын табиғаттың қай түріне арнап жыр жазса да оған көңілдегі бір жылылық лепті сездіреді. Өте орынды теңеу табады. Өзінің жазған «Қырғыз жерінде» деген өлеңінде де ақын табиғат көрінісінен халықтар арасындағы ақындық сезімін, достықтың белгісін көреді, сөйтіп Ғали халықтар арасындағы ажырамас достықты жырлайды.

Ғ. Орманов XX ғасырдың 30–шы жылдардан бастап эпикалық жанрда да өз талабын байқап көрді. Жаңарған ауылдың өткені мен бүгінгісін көрсету ниетімен «Шәуілдір» атты ұзақ поэма жазды. Ғали ақынның есте қалар бір ерекше қасиеті – ол әртүрлі сәтті кезеңді тосып, дәл кезін құр өткізбей үн қосып қалмайды, ойы – қыры, қысы – жазы, қуанышы – мұңы бар үлкен өмірде солардың бірі мен бірінің байланысы – шиеленісі барын білетін, алманың өзімен бірге ағашын да, ағашымен бірге тамырын да тамырымен бірге суаруын да ойлай жүретін ақын еді. Ғали ақынның тағы бір ерекшелігі – ол айтайын дегенін құлағыңа

емес, жүрегіңе айтатын еді, сөзбен емес бейнелеу, суреттеумен айтатын. Ғали лирикасының поэтикалық синтаксисі Абай өлеңдерің синтаксисіне тым жақын келеді. Ғалидың қаламымен қайта жөндеп артығын алып, жетпей жатқан жерлерін қосуы, оның өз шығармашылығына деген ұқыптылығын көрсетеді. Бұл қасиет-оның жылы сезімді, жатық тілді лирикасының жалпы құнын арттыра бермек. [2,3,123].

Қазақтың ұлы ақыны «Өлді деуге бола ма, айтыңдаршы, өлмейтұғын артына сөз қалдырған» деген еді ғой. Сол артына өшпес із қалдырған адамдардың сапында біздің Ғалекең де жүр. Ол кісі өзінің игілікті ісімен, өнегелі, өрелі сөзімен халыққа, әсіресе, солардың ішінде жастарға ұстаздық етті. «Ол біздің жақсылығымызға қорған, кемшілігімізге абай еді. Кім болса да жақсы өлең жазғанды іздеп, «айналайындап» тұрушы еді. Жалған жазсаң, қарны ашып қалатын. Өлең деген киелі өнердің иесі, айбынды күзетші еді ол. Сол үшін қымбатты еді» деп жазған еді ақын Ғафу Қайырбеков.

Сонымен қатар жас жеткіншек, жас ұрпақты білімге баулуда өзіндік үлесі бар ақын. Қазақ поэзиясының қазіргі жасампаздарының бірі. Біздің кең байтақ республикамызда Ғалекең үн қоспаған оқиға, құбылыс жоқ шығар. Отты, ойлы өлең иесі жетпісінде де жігіттік мінез танытты. Ғалекең сол шың басына әдемі көтеріліп қана қойған жоқ, оның құзар басына өмірлі өлеңінің өлмес ұясын салды. Қазақ кеңес әдебиетінің негізін қаласқан қайраткер жерлесіміз І.Жансүгіровтың Ғалиды өз қамқорлығына алып, шын жанашырлық танытып, көмектесіп отырғанын алғыс сезіммен әлденеше рет атап айтатын еді. [4,2].

Ғалекең – өмір бойы өнердің отын жандырған адам. Сондықтан артына мол мұра қалдырды. Халық ол кісінің мол мұрасын шашаусыз жинап, ұқыптылықпен пайдаланады. Өмірінің соңына дейін поэзиямыздың алдыңғы легінде жүрген алғыр ақынымыз Ғали Ормановтың күші – қашанда заман тынысын терең сезініп, өз замандастарының көкейіндегісін көркем тілмен келісті етіп айта білуінде, өзінше толғай алуында. Ғалидың әр кітабы бізді әр алуан әлеуетті әсерлерімен байытты.

Ғали Орманов ағамыз өзінің өмірімен де, өнерімен де өсіп келе жатқан жас өркен ұрпаққа үлгі бола береді деп айта аламын. Естеліктерге шолу жасасақ, Дүкенбай Досжан былай дейді. Ғали ақын асқар Алатаудың басына қонған нөсер бұлтты секілді, бірде – төбеңе төңкеріліп келіп көз жасын төгіп- төгіп өтер болса, келесіде – қиырдан шақпақ шағып, жер әлемнің шаңын қағып, күркілдеп жөтеліп қыр асып жоғалады. Бұлт бойында жарқылдаған жасын да бар, жаймашуақ жадыратар азонды ақ жаңбыр да жүреді. Ғали ағаны сол бір асқар Алатаудың құбылмалы қаһарлы нөсер бұлтты ма деп қаламын кейде. Алдымызға ұстаған ағамыздың қабағы салыңқы, сыз көңілді ашулы күйінде де көрдік; жадыраған жаймашуақ күлкісін де естідік. Бәрі көңілден жуылады екен. Өткен ғасырдың нөсері қалың, шуағы мол алпысыншы жылдары Ғали ағамыз көп толғанды, лирикалық әдемі өлеңді мол жазды. Тасы – тұсыры аз, өрік ағашының ерте көктемгі гүл төкенні секілді, таудан құлаған тасбұлақ па деп қаласың. Шалғынды жазықтың тәріне құрылған бояуы келіскен кемпірқосақ болар бәлкім – табиғат пен адам көңіл күйінің қамшының сегіз өріміндей құп кіріге жымдасқан, жан әлемінді желпіп-желпіп өтетін, ұйқысы мен ұнасымы келіскен тәтті жыр жолдарын қалай ұмытарсың! Жастар көбіне алдыңғы буын ағаларын менсінбей, кеудемсоққа салып, екпіні тау құлатардай болып өседі... өктем сөйлейді... өркөкіректенеді... Біліп-білмей үлкеннің алдын кесіп өтеді... «Ә, соны қойшы!» - деп жүре сөйлеседі. Бәлкім, осы қазір Ғали ағаның кебін киіп келе жатқан, үлкен буын болып қалған біздер де кезінде ғажайып лирик ақынның бағасын біле қоймаған шығармыз. Біз бірде артықтау, асылықтау танытқан болармыз.

Әйтсе де ешқашан үлкеннің басын төмендетер, ауыл арасының бықсыма өсегін өрбітер пыш-пыш әңгімеге ат басын бұрмай, тік жүріп өсіппіз. Майда сөз қууға, тілмен шағуға уақытымыз болмапты. Әрдайым ағалар бойынан ірі мінез іздедік, ірі жүруге тырыстық. Ғали ағаның ірі сөзін, ірі мінезін сезініп жетілдік. Қазіргі шыққан биігімізге, үлкендігімізде ол кісілердің «ішті-тысты қосқан әсері» мол болды деп тоқ сеніммен айта аламын. Көңіл түкпірінде, жүрек басында жақсы аға, жарқылдаған ақын, қазақ сөзінің

қасиеті жан әлеміне мол-мол сіңген Ғали ағаға деген сары сағыныш қана қалды. Сол сағынышпен жүріп ол кісіден қалған ырғағы бөтен, ұнасымы жарасқан, ұйқасы келіскен, мөлдіреген тасбұлақтай сыршыл өлеңдерін қайыра қолға аламыз. Жылы жүзін жиі-жиі еске түсіреміз. Біртуар жарық, жақсы, нұсқалы бейнесін қара жердің қойнына қимағандай көз алдымыздан өткеріп, өткен күннің сағымына көз тігеміз. Сол кісінің көзі тірісінде, шіркін-ай, қадіріне жеттік пе, жете алмадық па деп терең ойға шым батамыз!

Қазақтың келіскен көркем сөзі тірі тұрғанда – Ғали ағаның дәмді де сазды өлеңдері өлмейді деп шүкіршілік қыламыз! [5,6 67].

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. С.Сейітов «Өлең өлкесінде», Алматы, 1948ж. «Қазақстан»: Ұлттық энциклопедия / Бас редактор Ә. Нысанбаев – Алматы «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 1998 ISBN 5-89800-123-9, VII том
2. Қазақ әдебиеті. Энциклопедиялық анықтамалық. — Алматы: «Аруна Ltd.» ЖШС, 2010 жыл. ISBN 9965-26-096-6
3. www.topreferat.com.kz сайтының қазақ тіліндегі жұмыстар базасы
4. Абай кз порталы ақпараттық порталы Дүкенбай Досжан
5. Ғ.Орманов «Өмір дастаны», Алматы, 1948ж.
6. Ғали ғибраты «Ғали Орманов туралы естеліктер», Алматы, 2006 ж.

ӘОЖ 82-1

АСЫЛ СӨЗДІҢ АРДА АҚЫНЫ

Сыдықов Тұрсын, филология ғылымдарының докторы, академик, профессор

Мақалада тума талант, қарапайым, отты, жігерлі өлеңмен қазақ әдебиетінде аты қалған Ғали Ормановтың ақындығы, оған келу жолдары, биігі мен шыңы туралы жазылған. Ақынның поэзиясы жан-жақты талданады.

Тірек сөздер: поэзия, табиғат, ұлт даналығы, патриоттық сезім, адалдық, кең пейілділік.

В статье рассказывается о поэзии Гали Орманова, прославившегося в казахской литературе своим врожденным талантом, простой, пламенной и энергичной поэзией, об его достижениях. Подробно анализируется поэзия поэта.

Ключевые слова: поэзия, природа, народная мудрость, патриотические чувства, честность, великодушие.

The article tells about the poet Gali Ormanov, whose name remains in Kazakh literature with an innate talent, simple, fiery, energetic poem, the ways to come to him, the heights and peaks. The poet's poetry is analyzed in detail.

Key words: poetry, nature, wisdom of the nation, patriotism, honesty, generosity.

Ғали үлкен ақындыққа, үлкен екі мектепке, өлең өнерінің екі «қағбасына» тәуіп етіп, мінсіз қызмет етіп, мінсіз зергерлігінің құпиясына қанып, ақындық мінез, ақындық шабыт қонғанның күдіретін көзімен көріп, оларға жұғысқанның айы оңынан, жұлдызы соңынан туатынын бастан кешті. Білім, өнер іздеп «ауыл анадан аттанған» Ғалиды тағдыры «Абайдан соңғы ақынымыз Ілиясқа» (Ғ.Мүсірепов) жолықтырып, жолына гүл бітіреді. Қалаған мектебіне орналасады, оны бітіріп, мамандық алуына, киелі ақындық жолына түсуіне кішіпейіл, көреген, мырза мейір ағасының еңбегі аз сіңген жоқ.

Мұзафар Әлімбаев: «Ғали зергер де, зерделі ақын. Бұл кестенің бізімен, өткірдің жүзімен өрнек салған өнерпаз. Онда Ілиясқа тән тау тасқынындай адуындылық, эпикалық қарымдылық іздесең де табылмайды», - деп «шала бүлініпті». Өнерде қанша ұстаз

болғанымен, шәкірті тапжылтпай қайталап, ізін басса, ол өзін жоғалтып алмақ, сондықтан балаң шағында ұстазына еліктеп-солықтағанымен, қанаты қатайған, ізденіс өрісі ұлғайған, бұғанасы бекіген кезде өз соқпағын, өз болмысын тапқаны абзал. Өзінің майда қоңыр дауысы, майда қоңыр бояуы, полотносы бар, «кестенің бізімен, өткірдің жүзімен өрнек салған өнерпазға» сенде «адуындылық», «эпикалық қарымдылық» жоқ деп даурығудың жөні келіңкіремесі анық. Әлбетте, Ілиясты Ілияс етіп тұрған, жырларының тау тасқынындай адуындылығы, эпикалық поэмалары кең тынысты, полифониялы, көп оқиғалы, су тиген шылбырдай шиеленген тартысты, жұмыр бітімді, кең құлашты, қарымды болып келетіндігі. Демек, М.Әлімбаевтың Ғ.Орманов поэзиясынан тапқан өрнегі қазақ өлеңінің тарланбозы Сырбай Мәуленовке «Даламның эпикалық таңының, Өзің боп қалдың бір гүлі. Қазақтың Алатауының, Сайрайтын мәңгі бұлбұлы» боп көрінсе, оның іздену, есею, толысу жолы жемістілігіне, жеңістілігіне шәк келтірмейсіз.

Ғали ақын «көңілінің шуағымен жібектей есіп, самалдай нәзік, жаз жаңбырындай өлеңдерін қалдырды» (Т.Молдағалиев). Жұп-жұмыр қып, жылмита құя салу, бос сөзден ада, өлеңге ықшам сөйлеу, кестелі өрнектер салу шеберлігі Ғалидың артында қалдырған отыздан астам кітаптарына ортақ. Сондықтан талантты, қызыл тілден қазы айналдырып, ірімшік пісірген ақын інісі М.Әлімбаев «Ақ басты Алатаудың Ғалиымын! Тұрамын төрлерінде әр үйіннің» деп ағасының атынан айтып, ағынан жарылса, құптаймыз. Өйткені, ол поэзияға өзгеше үн, ырғақ, сыр, ой, сезім тазалығын ала келді. Ол кер заманды да, аштық пен геноцидтердің, Ұлы Отан соғысы, тың және тыңайған жерлерді игерудегі қонышынан басқан отаршылдық пиғылдың астамшылдығын, қазақ жерін «қасаптап» үлестірмекші боп шүленсіген жырындылықты, елдің көз жасын көл еткен шовинистік саясаттың тоқпағын, бәр-бәрін, екі дүниені бастан кеше отырып, әлеуметтік, қоғамдық, саяси өзгерістердің шындығын байсалды суреттеп беруден жаңылған жері жоқ.

Ғали туған жерін сүйіп қана қойған жоқ, тұма табиғаттың сырлы суреттерін «Шағалалы бойында», «Бурабай», «Айнакөл», «Оқжетпес», «Қора», «Көктем нұры», «Жаз шырайы», «Қырау қабақ кәрі қыс» т.б. жырларында бейнелеп, өлеңнің құлын мүшесін бүзбай», көркемдік құралдарының ең қуаттысын пайдалана отырып отты, мәнді, кемпірқосақтай ажарлы, сиқырлы суреттерге кемел болмысымен ұлттық поэзиямызға мол үлес болып қосылды.

Тізілген омыртқадай ақ заңғарлар,
Секілді көк тіреуі, бұлт астары.
Кигені-қар кебенек, мұздай жарғақ,
Сауыты-саудыраған құз-тастары.
Алыстан аңсап, шөлдеп бұлттар келіп,
Көрісіп көл болады көз жастары...-деген шумақтан біз «Қора»

алқабының көрінісін көріп, табиғатына тамсанамыз, жанды құбылысты көкірек көзімен сезініп, қуатты зергер қалам салған суретке тамсана үңіліп, сезінеміз. Ғали қаламынан шыққан табиғат лирикаларына Ғабит Мүсірепов: «Боран мен бұршақ, дауыл мен нөсер-табиғаттың сирек құбылыстары ғана. Негізінен, туған табиғатымыз да ойлы, момақан, салмақты-сабырлы пішінде болса, Ғали өлеңдері де табиғаттың сол мінезінен өлшеп-пішкендей сынайда туып жатады», -деп ақынның табиғатты кестелеуде еш әсірелеу, жоқтан бар жасау, бояуды артық жағып алабажақтауға ұрынбайтын сарабалдығына тәнті болады. Басқа ақындарды тіл ұстартудағы жауапкершілігі, кемелділігінен сабақ алуға шақырады.

Ата-бабаларының кіндік қаны тамған жерге жиі барып, әулие қонған киелі орындарды аралап, тәу етіп қайтуды Ғали бұзылмас тәртіп-әдетке айналдырған. Туған жері-тұнып тұрған тарих. Жас кезінен зерек сұңғыла, сұлуға құштар, белгісізді білуге ынтызар Ғали қай жерде қандай оқиға өткенінен, бала күнінен бастап қазіргі шағына қатысты жайларды жадына берік ұстаған. Атақты ақын Сараның туып-өскен жері, кейін сүйегі жерленген ауылды; өмірлік жары Айтбаламен алғаш кездесіп, табысқан қоңыр жотаны бір көру-көктеммен кездесіп, көшпелі алтынды ұстаумен пара-пар. Туған жерінің топырағына

табаны тиген сәтте өзіне ере келген ақын інісі Ғафу Қайырбековке Ғали: «Әне, анау Жоңғар Алатауының басы! Ту, керемет-ай, осыдан енді ол сонау Жоңғар қақпасына барып тіреледі. Оның омырауы толған күмбірлеген көк өзен, көк ала тасқын тентек су. Ғали ізгілік, адалдық, имандылық, азаматтық мәйегін жүрегіне сіңірген анасын, өзінің тал бесікте тербелген шағын «Ана толғауы», «Тәй-тәй», әкелік махаббаттың қызуын «Тұңғышым», «Сақ жүр» өлеңдерінде сырлы, тұщымды, тұздықты сөздермен келістіре кестелеген. Тақырыбын терең зерттеп, айтарын екшеп, қолданатын сөздерін сүзгіден өткізіп, халық қазынасын, сөздік қорын, ұтымды тіркестерді тиімді тұтына білген. Қаламынан шыққан жырларын тас бұлақтың суындай мөлдір бояуы көзді арбап, иір бұтақты емендей қайсар, мың құбылған табиғатына тамсанғанынан болар, қара сөздің тайпалған жорғасы Мұхтар Әуезов айды аспанға шығара «тілді Ғалидан үйрендім» десе, кірпігімізді қақпай қабылдаймыз. Жалған айтуға қаны қас, салқын, самарқау сөйлеуге жоқ, өмірден, шындықтан айнымайтын кірпияздығы, қаталдығының арқасында өлеңдері құнарлы, қамшының өріміндей жұмыр да шымыр. Өлеңді кәсіп емес, өнер деп білген Ғалидың осы мәрттігі сонау балағынан бауы алынбаған сарауыз шағынан басын ақ қырау шалған ата Ғали деңгейіне көтерілгенде де сақталған. Оны ағасының әр адымын жіті бақылап жүрген, шенді мен желдіні тамшысынан сезетін талғам иесі Тұманбай Молдағалиев қалт жібермей: «Шашын уақытының ақ қары түгел басып алғанымен Ғали көкірегінен мәңгі көктемнің нұрын көреміз. Оның шуақты жанынан туған ғажайып жырлар бүгіннің де, ертеннің де біз бар деген болашақ күндердің де ескірмейтін, кіршалмайтын асыл қазынасы екендігіне сеніміміз зор», - деп ағынан жарылып, ұстазынан қалған мұраның мәңгілігіне, мәнділігіне күмәнсіз иландырады.

Ақындық бәйгесіне сары далада жортақтаған сары тайымен қосылған Ғали, 1936 жылы жарық көрген «Абысын сыры» жинағынан бастап шарқ ұрып ізденудің нәтижесінде таланты түлеп, жыр көгінде қанаты қатқан сұңқардай еркін самғады. Уақыт үніне құлақ асып, «Отанға ант», «Отан», «Туған жер», «Қапшағай», «Днепр оттары», «Достық жыры» атты жасампаз еңбекті, бейбітшілік жолындағы табанды күресті, Халықтар достығын келелі тақырыпқа айналдырып, әлеуметтік мәні зор мәселелерді оптимистік ой-сезімге бөлеп, көркемдік ажар-бояуын мазмұны мен формасына үйлестіре, сымбатына қарай сыр-сипатын дөп бейнелеп, реалистік шеберлігімен поэзияға олжа салған. Ұлт даналығы, өмір философиясын негізге ала отырып Ғалекең «Қарағай», «Емен», «Гүл» атты жырларын патриоттық сезім мен поэтикалық символ-бейне деңгейіне жеткізежырлаған. Ой-толғаныстарының беломыртқасы саналатын өлеңдер сырлы, терең астарлы мағынасы тұңғыық, өрісті, философиялық танымының құшағы кең, жылаңқарағы жоқ сұрқай сөздерден ада, таңғы шықтай мөлдір сезімдерге, адами парасат нұрына бөлейтін өрісті туындылар. Көп қарайды сол жаққа, - деген жолдарды оқи отырып аңғарамыз. Мұнда жаныңа жұпар самалдай тиетін әзіл сегіз өрім қамшымен басынды қақ тілетін сатираға айналып кеткен. «Тең-теңімен, тезек қабымен» үйлесім таппаған жерде зорлық, астамшылық, кеудемсоқтық үстемдік құрып, адамды наразылыққа итеріп, қылмысқа бастайды. Ғали жоғарыдағы шумағында қалың малдың күшімен жап-жас қызды тоқал етіп алған күйсеген қарттың өзіне көңілі толмай, үйге келген жас қонаққа «тіл қатып, тайпаң қаққан» ақ тоқалының құбылуына шыдамай, қызғанып, шала бүлінген бейшараның амалсыз күйіне ортақтастырады құндылығы, тума таланттылығының құпиясы осы.

Шашына ақ қырау ерте түскенімен, Ғали-жаны қартаймайтын жайсаң жанды келбет-кескінінен айнымай өткен бекзат жаратылыстағы адам. Ол Ілиясты, Жамбылды пір тұтып, қастерлей білді. Сәбит, Мұхтар, Ғабит, Ғабиден ағаларын асқар тау тұтып, інілік ізетінен жаңылмай өтті. Замандастары соның бір дәлелі ретінде классик жазушымыз Ғабит Мүсірепов оны туған інісіндей бауырына тартып, қимас көңілдің бір белгісіндей өзінің аса ыстық мүлкі «Венчестер» деген мылтығын сыйлапты. Кейін Қазақстан Халық жазушысына айналған, ізін басқан дөкей інілері: Ғафу Қайырбеков, Хамит Ерғалиев, Сырбай Мәуленов, Жұбан Молдағалиев, Мұзафар Әлімбаев, Ісіләм Жарылғапов,

Әнуарбек Дүйсенбиев, Әділбек Абайділданов, Ізтай Мәмбетов, Қалижан Бекхожин, Дихан Әбілов, кейінгі жас толқындардың ішінде Сағи Жиенбаев, Ізтай Мәмбетов, Тұманбай Молдағалиев, Қадыр Мырзалиевтер өлеңмен келіп, өлеңмен өткен, өлеңге келгенде ешқандай ымырашылдыққа, бітімге келмейтін» әзілді әңгімені жек көрмейтін, кесір сөз айтқандарға кектенбейтін, «шашы қартайғанмен, басы қартаймаған, «өлеңінің жұлын мүшесі бұзылмай сақталған, қолы жеткенге қоразданбай, алғанына асқақтамаған сырбаз, «мүдделерді мөлшерлеу мен үміттерді үйлестірудің бесаспап бапкері» Ғали әріптестеріне ағаларына риясыз сырларын айтып, бір арнада тоғысып, толысып аға білген. Адалдық, ақкөңіл, кеңпейілділікті, ар азығына кір келтірмеуді ол әуелі өзінен талап етті. «Ақынның күні тым қиын! Толғатқан жанша ол бейне. Толтыра ойға күнде үйін, Толғанып азап көрмей ме? Сарайлар соқса өрнектеп, Жайың жоқ әсем демеске. Жүректі жырман тербетпек. Содан да қымбат емес пе?» деп ақындық өнерді тоғыз ай көтеріп, ауыр толғақпен өмірге келген перзентке, маңдайынан тері моншақтап, қолы тілім-тілім болып жарылып, қабырғасын сөгіп тұрғызған Сарайға балаған. Әр өлеңін дүниеге әкелу үстінде қаламын жүрек қанына малып жазғандықтан «Болар бәлкім бұл менің соңғы өлеңім, Сөзім қалса соңғыға-сол көмегім. Жылы тисе жырларым, сезер әркім, Жер бетінен шырағым сөнбегенін», - деп екінші өмір мәңгі өмірді сыйлайтын қасиетті өнерді Қағбасы санаған. Сондықтан да тәлімін көп көрген інісі Ізтай Мәмбетов:

Жанымдай көрдім жырыңды,

Жаттадым, ұстаз, сабақ қып.

Алдымнан перде сырылды,

Азайды менде ағаттық, - деп айнаға қарап, кемшілігін түзеудің ұрыс емес, ырыс әкелетінін мойындап, ұстазына бас иеді. Мінезі сабырлы, орнықты, дархан Ғали, өзгенің иненің жасуындай жақсылығын бірден танып, бәйбішесі ұл тауып, аты аламан бәйгеден келгендей қоразданып, бір жасап қалады екен. Тағы да бір алдын көрген шайыр інісі Әнуарбек Дүйсенбиев:

Әрқашан да оған өлең-ту арман,

Өз шабытын ақ тұмадан суарған.

Оқи қалса әлде қалай отты жыр,

Ақын жақсы адам, ізгі дос, ақылшы аға, өнерлі де сұңғыла, барынша қарапайым, кішіпейіл, көпке үйірсек болса ғана оның досы көп, соқпағы сансыз, қанатты, төрткүл дүниенің кілті қолында. Замандастары қызметі ауыр, уақыты санаулы, еркіндегі уақыты қалам ұстаудан аспайтын Ғалекеңнің жайылған дастархан, той-думан басындағы мінез-құлқын жыр ғып айтатындар көп. Ол отырған жер әзіл-айтыстың сахнасына айналып, өзі Ілияс Жансүгіров нұсқасындағы «Әсет», Балуан Шолақтың Жамбыл нұсқасындағы «Әгуғайын» шырқағанда анау-мынау әншілердің астар болмысын айтып, тамсана естелік жазғандары да кездеседі. Асқар Тоқмағамбентовтің Ғалекеңнің өзіне: «Сен қоңыр жүріспен, қоңыр дауыспен жанды қозғап, самғап, сайрап келе жатқан бұлбұл ақынсың. Сен шаңқылдап кетпейсің, жүректі қозғайтын сазды үніңмен, назды лирикаңмен, жан-сезімді қозғайтын жырыңмен, нәзік толғауыңмен баяғы Ілияс Жансүгіров ағаң сықылды ұзын жолдың бойында келе жатырсың», -деуінде гәп бар. Ілияс ойы жүйрік, қабілет-қарымы жоғары, тілі өткір, бай, шабыты қара дауылдай, қаншама жанрдың шахтасынан қажетті кенін сарқып алып, өрісін кеңінен сайлаған көп қырлы талант болса, Асқардың Ғалиы да сол деңгейден орнын сайлаған өнерпаз. Ғали басқаға еліктеумен өлең құрастырып, өлермендікпен өзін ақынға балап жүрген өлеңші емес. Жерлестерінің естелік-аңызына қарағанда, Ғали 14-тен 15-ке қараған шағында Қалмен атасының ұлы Ахметке еріп қой бағып жүреді. Күндердің күнінде шаршап, ағаш көлеңкесінде көз шырымын алып жатқанда, басына ақ шалма байлаған қасиетті әзіз қария Ғалидың басына төніп келіп: «Балам, өлең аласың ба, көген аласың ба?» деп жымыиыпты-мыс. Мұндай аңыздардың Ғали хатшысы болған Жамбылға, пірі Сүйінбайға да қатысы бар. Ақынның немере бауыры Т.Бәрменұлы «Өмір бастауы» атты естелігінде осылай жазып, жұртқа жайған. Ауызша тараған әңгімеде қоспа болатыны әлмисақтан аян. Немере бауыры

ағасының жұрт таныған үлкен ақындар қатарына көтерілген соң, оның өнерге келуіне алып күштердің шапағаты тигенін асыра дәріптеңкіреп жіберуі кешірімді.

Үлкен адамгершілік, ар-ұятты өмірінің мәні еткен Ғалекең-адамға тек жақсылық сыйлаған, дархан пейілінен айнымай өткен жан. Кең қолтығына, бауырына кірген інілеріне тек арайлы таң тілеп, тоқыраған, қиналған, күйзелген шағында басынан сипап, үмітінің шырағын жағып, қойылған қанын сұйылтып, аяғынан кісенін алған. Сондай бір ағалық даналығының допингін ішкен інісі Хамит Ерғалиев: «Тумысында ақын боп жаратылған жарықтық әрқашан тарықсаң қасыңнан табылар еді. Мен бейкүнә партия қатарынан шыққанда сені ақын ғып жаратқан партия емес қой. Қаламын барда қамықпа!-деп асау інісінің қайнап, асып-төгілген шағында сабырдың таяғын ұстатып, алқынын басып, қасты көздегендер көзді шығаратынынан сақтандырып, басты мүддесін байыптатып, тұйықтан шығуға көмектескен. Киелі жер, текті тұқымнан шыққан Ғалекең өкілі өнегелі сөздің мәйегімен арығанға жал бітіріп, шын жүйріктің бәсекеде, жарыста озуына қолдау көрсеткен. Үлкен адамдардың пейілі мен ықыласында таршылық, алалаушылық, шектеушілік болмайды. Ол өз отбасында қандай кең, жомарт, сыншыл, ыстық ықыласты, аса мейірбан, дархан көңіл иесі болса, өзгеге де кішіпейіл, кеуде кермейтін, маздап жанатын, мырзапейіл қалпынан айнымаған. «Әке көрген оқ жонады, шеше көрген тоң пішеді»демекші, Ғали ақын мен Айтбала жеңгеміздің шаңырағынан шыққан бала мен немерелердің бітімі бөлек, мінезі жұрттың талғамынан табылған. Ол жайлы 30 жыл газет редакциясында бірге қызмет етіп, 10 жыл бір шатыр астында көрші тұрған, сырмінез Хамит Ерғалиев: «Ата балаға сыншы деген емес пе? «Жамиғам менің-бөлек жаратылған бөпем»деп ылғи асыра мақтанып отыратын. Ауру шешесінің барлық ісін сегіз жасында өз иығына артып алып, көсегемізді көгерткен дейтін. Өзі азан шақырып атын қойған, Жамиғадан туған Жарасты «Бекзатым менің осы болады» деп 5 жасында мақтағаны және бар. Айтқаны келді емес пе, Жамиға да, Жарас та жұтаң жылда жұрттан бөлек көрініп жүр ғой»-деп әке-ата, ана-әже тәрбиесін мүлт жібермей қабылдаған ұрпақтың кескін-кейпі, ұстанымы, жолы, қанат қағысы өзгеше, үлгі-өнегелі болып келетінін ел сүйсіне еске алған. Ән-күйін ел сүйген, Алатаудың бұлбұлы ақын Ғалидың отбасындағы жай-күйін, бесіктен белі шықпай жатып ауру анасының ауыр бейнетін қабырғасы қайыса, бар ауыртпалықты сәби иығымен көтерген Жамиғаның ерлігін, жүрегің аузыңа тығыла күзеліп, Ғалекеннің отбасындағы тағдырының кілегейі кілкіп тұрмағанын аңғарасың. Алайда оған мойымай, ол қысқа, мазмұнды, майда қоңыр, бесті қымыздай бойға сіңімді жырлар, «Қора», «Шеңбер», «Бетбақдала дастаны», «Абысын сыры», «Алынған қамал», «Шәуілдір» поэмалары мен «Көтерме» атты әңгіме, очерктерін, жалпы саны 30-дан астам кітабын оқырманына сыйлап кетті.

Жырды жүрекпен жазатын Ғали әдебиетің сапасы, көркемдік жетістігі, шындықтың әдеби, эстетикалық принциптері үдесінен табылып, ақындық алымдылық, біліктілік, білімділік, сезімталдық, ойлылық поэзияның басты принциптеріне айналуын көкседі. Қазақ лирикасының майталманы, ақындық өнерге үлкен азаматтық талап қойған оның «жүзінен іні түгілі, аға именіп, сөзінен шала түгілі, дана қаймыққан» (Ә.Кекілбаев). Өйткені, әдебиетіміздің өткен 60-90 жылдардағы «алтын ғасырының» шығармашылық өнерге қоятын талабы қатал, талғам-танымы жоғары, бейнеті қатты, еңбегі тәтті еді. Әдебиетте жас, кәрі деген ұғым жоқ. Шеберлік, жанқиярлық, қолы жеткенге тояттамайтын мәрттік үстемдік құрмақ. Ғабит Мүсіреповтің өзіндей ірі тұлға Сәбит Мұқановқа: «Сәбит-ау! Біз, шалдар, жазбай отыра алмаймыз ғой. Тек бір ғана тілек айтқым келеді- жаман жазбасақ екен. Біздің жаман үлгіміз жастар үшін жақсы үлгі болып көрініп жүрсе, бізге бұдан ауыр кінә болмақ керек...» деп жасы үлкендікті алдыға тартып, сідеттемей, соңынан ерген жастарға жаман жазып, жаман үлгі қалдырмауға міндетті екендіктерін бастасының есіне салып, шап айылды қаттырақ тартуға шақырады. Мұнда көсемсу, шешенсу, ақыл айту жоқ, ар ісіне адалдық бар. Ғали да «жаман жазбайтын» поэзия ақтангерлері Хамит, Жұбан, Қалижан, Асқар Тоқмағамбетов, Мұзафар, Сырбай, Ғафу бастап, Сағи, Жүмекен, Қадыр, Әділбек Абайділданов т.б. жалғастырған мектебін қалыптастырды. Оларда максат, мүдде

бірлігі, мінез даралығы, іс пен ойдың тепе-теңдігі, өлең-сөзге риясыз іңкәрлік, бір-бірінің жазғанына ынтықтық, тілектестік, әділ бағалаушылық, құрмет, сый жоғары еді. Мәселен, СССР Мемлекеттік сыйлығының иегері, дауылпаз ақынымыз Жұбан Молдағалиев: «Қазақ поэзиясындағы Ғали Орманов ізі-үлкен де ұзақ із, өшпейтін із, ұрпақтарға өнеге-өрнек болып, олар салған тың жолдармен қатар жасайтын із»-деп қазақ поэзиясындағы Ғали қалдырған іздің өміршеңдігіне кепілдік береді. Иә, оның артында қалған бес томдық өлмес мұрасын замандастары көзі тірісінде-ақ саралы сөз, асыл кенге балап, жоғары бағасын берген. Ақ бас Алатаудың байлық тұнып, бақ дарыған, арналы өзендері құт емізген, бетегелі қоңыр белдерін ну орман, қалың егін көмкерген туған жері-Қоңырының «түнгі шығына омырауын төсеп, күндізгі мұнарына бетін шайып, кең даланың кер бетегесін сырлас етіп», Қорасының шағаласы шарқ ұрған биігінен құлаған, сарқырамасынан ескен салқын самалға кеудесін тосып, сиқырлы түнде құмыға жеткен құс үніне емірене құлақ түрген Ғали, қалай жаман жыр жазсын! Өйткені, оның алдына қойған мақсаты: «Тән көмілер, көмілмес өткен ісім, Ойлайтындар мен емес бір күнгі ісін. Жұрт ұқпаса ұқпасын-жабықпаймын, Ел бүгіншіл, менікі-ертеңгі үшін», - деп ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынов аңсаған «ертеңгі үшін» тер төгіп, таңды-таңға жалғастырып, Абайдай «аты өшпейтін әкесіне» сыйынып, Ілиястай піріне тәу етіп, Жамбыл жырдың толқынында жүзіп, Қасымның қара дауылынан қуат алып, бір кездегі арындай аққан жыр бұлағы толқыны тауды теңселтіп, Жетісуды желпен қақтырған тағы бір өзеніне айналды. Иә, замандастары Жетісу жеті өзен болса, Ілияс Жансүгіров сегізінші, атақты композитор Мұқан Төлебаевты тоғызыншы, ал Ғали Ормановты оныншы өзеніне балап, Ғали ақынына ғаламат сый ұсынған-ды. Халық айтса, қалп айтпайды, мың өлшеп, бір пішкен әділетті шешім. Ұзын аққан Іледей, арқырап аққан Ақсудай құнарың сарқылмай, тулап, тасып халқыңның жүрегін жыр кәусарымен суарып, мәңгіліпен жұбың жазылмай, арнаң үстемелене берсін, қазақтың майталман лиригі, «майда қоңыр» Ғалиы, Жетісудың оныншы Өзені!

«Белес кетер бел қалар, бегілер кетер ел қалар, ақынның аты өлмейді, ғалымның хаты өлмейді» деген тәмсіл бар. Біздің өтінішіміз, қазақ поэзиясының майталман лиригі, эпигі, жазушы, журналист, қоғам қайраткері, Жетісудың атын әлемге жайған біртуар перзенті «оныншы Өзеніне» деген елінің құрметі, ыстық ықыласының белгісі ретінде облыстың Бас қаласы Талдықорғандағы ақын атындағы көшеде ескерткішімен іргелес тұрған №4 орта мектепке оның есімін беретін кезі жеткенін қалалық ономастикалық комиссия ескерер деген пікіріміз. Қазақ поэзиясының Құлагері, ұлы ақын, даңқты жерлесіміз Ілияс Жансүгіровтің: «Өз елі өз ерлерін ескермесе, ел тегі қайдан алар кемеңгерді?»-деген ұлағатты ғақлиясы соған меңзейді. Заман көшін бастаған, ел тізгінін ұстаған, кеңінен ойлап, кемел ақылмен пішетін азаматтарымыз бұл ұсынысқа немқұрайлы қарамайтынына сенімдіміз.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Әлімбаев М. Өмір. Өнер. Өнерпаз.- Алматы: Өнер, 1991
2. Қабдолов З. Сөз өнері. – Алматы: Мектеп, 1982
3. Мүсірепов Ғ. Әдебиет – кәсіп емес, өнер. - Алматы, «Жалын», 1987.-124-125б.
4. Сыдықов Т. Ілияс Жансүгіров XX ғасыр көзімен. Талдықорған, 2016
5. Ілиястану. Оқу құралы. // Авторлары: Т.Сыдықов, М. Иманғазин, Ш.Кыяхметова, Қ.Сарбасова, Д.Аңсабаев, Г.Сырлыбаева. Талдықорған: ЖМУ баспасы, 2012ж.-519б.

УДК 371.1

**МЕКТЕПKE ДЕЙІНГІ БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМЫНДА БЕЙНЕЛЕУ ЖӘНЕ
ҚҰРАСТЫРУ ҚЫЗМЕТІ БОЙЫНША ЖҰМЫСТЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖОЛДАРЫ**

Тажинова Г. А.

І. Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің оқытушы-дәріскері

Карабаланова Ж.М.

№ 11 «Құлынишақ» бала-бақшысының тәрбиешісі

Бейнелеу іс-әрекетінің бір түрі ретінде сурет салу мектеп жасына дейінгі балалардың шығармашылық қызметінің негізгі түрі болып табылады. Әдетте сурет салу - бұл баланың сүйікті әрекеті. Мектепке дейінгі білім беру ұйымында сурет салу үшін материалдар ретінде түрлі-түсті қарындаштар, акварель немесе гуашь бояулары, фломастер қаламдар қолданылады. Бұл материалдар әртүрлі көркемдік мүмкіндіктерге ие және баланың әртүрлі бейнелеу дағдыларын қажет етеді. Суреттер тақырыбы білім беру міндеттеріне де байланысты.

Балабақшадағы балалардың бейнелеу әрекетін дамыту тікелей білім беру іс-әрекеті кезінде де, балалардың өзіндік іс-әрекеті процесінде де жүзеге асырылады.

Тірек сөздер: *Бейнелеу, іс-әрекет, дамыту, сурет салу, процес.*

Рисование как вид изобразительной деятельности является основной формой творческой деятельности дошкольников. Рисование обычно является любимым занятием ребенка. В качестве материалов для рисования в дошкольном образовании используются цветные карандаши, акварель или гуашь, фломастеры. Эти материалы обладают разными художественными возможностями и требуют от ребенка разных навыков рисования. Тематика картинок также зависит от учебных задач.

Развитие изобразительной деятельности детей в детском саду осуществляется как непосредственно в учебном процессе, так и в процессе самостоятельной деятельности детей.

Ключевые слова: *Изобразительное, действие, развитие, рисование, процесс.*

Drawing as a type of visual activity is the main form of creative activity of preschoolers. Drawing is usually a child's favorite activity. Colored pencils, watercolor or gouache, felt-tip pens are used as materials for drawing in preschool education. These materials have different artistic possibilities and require different drawing skills from the child. The subject of the pictures also depends on the educational tasks. The development of children's visual activity in kindergarten is carried out both directly in the educational process and in the process of independent activity of children.

Keywords: *Visual, action, development, drawing, process.*

Мектепке дейінгі білім берудің мемлекеттік білім беру стандартының талаптарына сәйкес ересек топтағы бала: адам өміріндегі бейнелеу өнерінің рөлі және оның рухани-адамгершілік дамуы туралы алғашқы түсініктері бар; көркем мәдениеттің негіздерімен, оның ішінде туған өлкесінің көркем мәдениеті материалымен таныс, әлемге эстетикалық көзқарасы бар, сұлулықты құндылық ретінде түсінеді, көркем шығармашылыққа, өнермен қарым-қатынасқа деген қажеттілікті сезінеді; өнер туындыларын қабылдауда, талдауда және бағалауда практикалық дағдылар мен қабілеттерге ие; әр түрлі көркем іс-әрекетте (кескіндеме, сурет, мүсін, көркем құрастыру), сондай-ақ ақпараттық-коммуникациялық технологияларға (бейнежазба, цифрлық фотография, мультипликация элементтері) негізделген көркемдік іс-әрекет нысандарында қарапайым практикалық дағдылар мен біліктерге ие [1].

Бейнелеу іс-әрекетінің бір түрі ретінде сурет салу мектеп жасына дейінгі балалардың шығармашылық қызметінің негізгі түрі болып табылады. Әдетте сурет салу - бұл баланың сүйікті әрекеті. Мектепке дейінгі білім беру ұйымында сурет салу үшін материалдар ретінде түрлі-түсті қарындаштар, акварель немесе гуашь бояулары, фломастер қаламдар қолданылады. Бұл материалдар әртүрлі көркемдік мүмкіндіктерге ие және баланың әртүрлі бейнелеу дағдыларын қажет етеді. Суреттер тақырыбы білім беру міндеттеріне де байланысты [2].

Балабақшадағы балалардың бейнелеу әрекетін дамыту тікелей білім беру іс-әрекеті кезінде де, балалардың өзіндік іс-әрекеті процесінде де жүзеге асырылады.

Балаларды бейнелеу іс-әрекетін дамытудың негізгі міндеті - баланың нақты заттар мен құбылыстарды бейнелеу процесінде қоршаған әлемнен алған әсерлерін дәл жеткізе білу қабілетін қалыптастыру. Алайда, баланың бейнелеу процесінде мүмкіндіктері шектеулі екенін ескеру қажет. Баланың айналасындағылардың бәрі бірдей сурет салу немесе мүсіндеу тақырыбы бола алмайды. Бұл мектеп жасына дейінгі баланың бейнелеу дағдылары әлі дамымағандығына байланысты, сондықтан оған тақырыптың барлық сипаттамалық белгілерін бейнелеу қиынға соғады. Мысалы, бала суреттегі адамның эмоциясын, бет-әлпетін, күрделі түс комбинациялары мен өтулерін әлі жеткізе алмайды. Мұндай күрделі бейнелеу дағдылары композицияның, түстер және т.б. перспективалары туралы заңдарды білуді талап етеді. Мектеп жасына дейінгі балалар бейнелеген суреттердің реализмі тақырыпты білуге мүмкіндік беретін тақырыптың кейбір белгілерінің болуынан тұрады. Тәжірибені шынайы ойнауда сурет салу тәсілі үлкен маңызға ие. Балалар заттың пішінін, оның бөліктерінің ара қатынасын, объектілердің кеңістікте орналасуын, олардың түсін және т. б. беруді үйренеді.

Балаларды оқытудың тағы бір міндеті — жалпы тақырыппен біріктірілген бірнеше пәндерді бейнелеу дағдыларын дамыту міндеті болып табылады. Тақырыптық композицияның бейнесі баладан логикалық байланысты объектілер тобын көбейтуді талап етеді. Өмірде бала объектілер арасындағы байланыстар мен қатынастарды оңай ұстайды, алайда бұл қатынастарды суретте немесе құрастыруда беру үшін мектеп жасына дейінгі бала үлкен ақыл-ой жұмысы мен қиялды қажет ететін бірқатар бейнелеу дағдыларын игеруі керек. Заттарды композициялық бейнелеу процесінде бала негізгі не екінші не екенін анықтауы керек; содан кейін олардың арасындағы байланыс көрінетін етіп барлық нысандарды қалай құрастыру керектігін ойлап тауып, соңында қандай түстерді, заттарды бояуды және оларды қандай позицияда бейнелеуді ойластырады [3].

Бұл бейнелеу дағдыларын игеру бала үшін өте күрделі міндет және бейнелі ойлауды дамытуды қажет етеді. Балабақшада композициялық кескін тек үлкен топтан қолданыла бастайды, өйткені ойлау бейнесі 5-6 жасында қалыптаса бастайды.

Балаларды бейнелеу іс-әрекетін дамытудың тағы бір міндеті - ырғақты, симметрияны, түстерді ескере отырып, өрнек салу қабілетін дамыту. Тіпті ерте жастағы мектеп жасына дейінгі балалар үшін қарапайым ырғақты үлгілерді жасауға және қарама-қарсы түстердің комбинациясынан композициялар жасауға болады. Бұл міндет негізінен сәндік сурет салу және аппликация сабақтарында шешіледі. Модельдеу процесінде балалар, мысалы, мүсінделген ыдыстарды ырғақты өрнекпен безендіре алады немесе сәндік тақтайшаларды бояумен немесе қалыптау әдісімен кескіндеме түрінде жасалған өрнекпен безендіре алады.

Бейнелеу іс-әрекетін дамытудың негізгі міндеттерінің бірі — әртүрлі материалдармен жұмыс жасау техникасын игеру міндеті. Техникалық дағдылар бейнелеу шеберлігімен, атап айтқанда, объектінің пішінін, құрылымын, түсін беру қабілетімен, безендірілген пішінді ескере отырып өрнек жасау қабілетімен тығыз байланысты. Мұндай техникалық дағдыларды қалыптастыру баладан белсенді ақыл-ой белсенділігі мен процеске назар аударуды талап етеді. Бала неғұрлым көп жаттығса, соғұрлым тезірек техникалық дағдылар автоматтандырылады және болашақта орындау кезінде көп шиеленісті қажет етпейді.

Материалдарды пайдаланудың әртүрлі әдістері, сондай-ақ жабдықты дұрыс пайдалану техникалық дағдыларға да қатысты. Мысалы, сурет салу процесі қарындашты немесе щетканы дұрыс ұстау сияқты техникалық дағдыларды қажет етеді. Балалардың техникалық дағдылары неғұрлым дамыған сайын, балалардың визуалды белсенділікке деген қызығушылығы соғұрлым жоғары болатындығын ескеру қажет. Керісінше, техникалық дағдылар неғұрлым нашар қалыптасса, бейнелеу қызметіне деген қызығушылық соғұрлым төмен болады. Алынған материалды дұрыс және еркін пайдалану дағдылары механикалық емес, кескін тақырыбының ерекшеліктерін ескере отырып қолданылуы керек [4].

Бұл бейнелеу дағдыларын игеру бала үшін өте күрделі міндет және бейнелі ойлауды дамытуды қажет етеді. Балабақшада композициялық кескін тек үлкен топтан қолданыла бастайды, өйткені ойлау бейнесі 5-6 жасында қалыптаса бастайды.

Балаларды бейнелеу іс-әрекетін дамытудың тағы бір міндеті - ырғақты, симметрияны, түстерді ескере отырып, өрнек салу қабілетін дамыту. Тіпті ерте жастағы мектеп жасына дейінгі балалар үшін қарапайым ырғақты үлгілерді жасауға және қарама-қарсы түстердің комбинациясынан композициялар жасауға болады. Бұл міндет негізінен сәндік сурет салу және аппликация сабақтарында шешіледі. Модельдеу процесінде балалар, мысалы, мүсінделген ыдыстарды ырғақты өрнекпен безендіре алады немесе сәндік тақтайшаларды бояумен немесе қалыптау әдісімен кескіндеме түрінде жасалған өрнекпен безендіре алады.

Бейнелеу іс-әрекетін оқытудың негізгі міндеттерінің бірі - әртүрлі материалдармен жұмыс жасау техникасын игеру міндеті. Техникалық дағдылар бейнелеу шеберлігімен, атап айтқанда, объектінің пішінін, құрылымын, түсін беру қабілетімен, безендірілген пішінді ескере отырып өрнек жасау қабілетімен тығыз байланысты. Мұндай техникалық дағдыларды қалыптастыру баладан белсенді ақыл-ой белсенділігі мен процеске назар аударуды талап етеді. Бала неғұрлым көп жаттығса, соғұрлым тезірек техникалық дағдылар автоматтандырылады және болашақта орындау кезінде көп шиеленісті қажет етпейді. Материалдарды пайдаланудың әртүрлі әдістері, сондай-ақ жабдықты дұрыс пайдалану техникалық дағдыларға да қатысты. Мысалы, сурет салу процесі қарындашты немесе щетканы дұрыс ұстау сияқты техникалық дағдыларды қажет етеді. Балалардың техникалық дағдылары неғұрлым дамыған сайын, балалардың визуалды белсенділікке деген қызығушылығы соғұрлым жоғары болатындығын ескеру қажет. Керісінше, техникалық дағдылар неғұрлым нашар қалыптасса, бейнелеу қызметіне деген қызығушылық соғұрлым төмен болады. Алынған материалды дұрыс және еркін пайдалану дағдылары механикалық емес, кескін тақырыбының ерекшеліктерін ескере отырып қолданылуы керек.

Балалардың бейнелеу әрекетін басқарудың негізгі міндеті - балалардың бейнелеу іс-әрекетінің мотивтерін қалыптастыру. Шамамен 3 жастан бастап ойынның мотивтеріне жақын мотив қалыптасады, суреттегі суретті жеткізу және бала үшін шындықтың маңызды жақтарын тағы бір рет "сезіну" қажеттілігі. Баланың жұмысында эмоционалды реакцияны тудырған оқиғаларды көрсетуге деген ұмтылысы барлық жағынан сақталуы керек, өйткені дәл осы мотив кез-келген көркемдік әрекеттің негізгі мотиві болып табылады.

Мектепке дейінгі білім беру ұйымында балалардың бейнелеу іс-әрекетінің келесі түрлері бөлінеді: сурет салу, мүсіндеу, аппликация және құрастыру. Шығармашылық қызметтің барлық осы түрлері баланың айналасындағы әлем туралы әсерін көбейту кезінде белгілі бір мүмкіндіктерге ие. Осыған байланысты қызмет түріне, материалдардың сипаттамаларына және жұмыс әдістеріне байланысты әр қызмет түрінің міндеттерін нақтылауға болады. Жалпы алғанда, бейнелеу іс-әрекетінің білім беру міндеттері келесі түрде ұсынылуы мүмкін:

- бейнелеу өнерінің әртүрлі түрлеріне балалардың қызығушылықтары мен бейімділіктерін зерттеу және дамыту;

- баланың жеке тұлғасын, оның шығармашылық әлеуетін өнер, бейнелеу және сәндік-қолданбалы іс-әрекет құралдарымен дамытуға ықпал ету;

– бейнелеу іс-әрекетінде дәстүрлі емес құралдар мен әдістерді игеруге қызығушылықты дамыту үшін жағдай жасау;

– оқу және даму процесінде көркемдік қызметті ұйымдастырудың әртүрлі формаларын, заманауи технологияларды қолдану .

Біз зерттеу жұмысымызда балалардың бейнелеу іс-әрекетінің әр түрінің ерекшелігін қарастырдық.

Мүсіндеудің ерекшелігі - тақырыпты бейнелеудің көлемді әдісі. Мүсіндеу процесінде балаға жұмсақ пластикалық материалдармен, мысалы, пластилинмен немесе сазбен жұмыс істеуге болады. Мұндай материалдар икемді және баланың қолына оңай түседі. Балалар әртүрлі тақырыптағы заттарды, мысалы, көкөністер, жемістер, ойыншықтар, жануарлар, қарапайым жиһаз заттарын және т.б. мүсіндеудің әртүрлі тақырыптары ең алдымен баланың танымдық және шығармашылық қажеттіліктеріне бағытталған білім беру міндеттерімен байланысты.

Бейнелеу қызметінің тағы бір түрі — аппликация. Аппликацияны қолдану балаларға заттардың қарапайым және күрделі формаларымен танысуға көмектеседі. Аппликацияны қолданудың мәні — заттардың бөліктерін қағаз парағына кесу және желімдеу болып табылады. Осы жұмыстың нәтижесінде кез-келген заттың силуэті, оның бейнесі алынады. Мұндай силуэт бейнелерін жасау баланың ойлауы мен қиялының көп жұмысын қажет етеді, өйткені силуэт объектінің негізгі белгілері болып табылатын бөлшектерді қамтымайды. Аппликация барысында балалар түс схемасын таңдауды, бөлшектерді түсі, формасы мен өлшемі бойынша біріктіруді үйренеді. Қолдану көркемдік талғамның қалыптасуына ықпал ететін заттардың ырғағы мен пропорциясы сезімін дамытады. Қосымшаның ерекшелігі - суретті орындау барысында мектеп жасына дейінгі балаларға өздері түс ойлап табудың немесе тақырыпты өз бетінше бояудың қажеті жоқ, өйткені педагог оларға түрлі түсті қағаз ұсынады .

Балалардың келесі бейнелеу әрекеті құрастыру болып табылады. Мектепке дейінгі білім беру ұйымында құрастырудың мынадай түрлері пайдаланылады: қағаздан, құрылыс материалдарынан, табиғи материалдан. Құрастыру балалар ойынымен тығыз байланысты, өйткені құрастыру процесінде жасалған ғимараттарды болашақта балалар әртүрлі ойын жағдайларында қолдана алады.

"Құрастыру" термині латын тілінен аударғанда "модель құру, құрастыру, белгілі бір тәртіпке келтіру және жеке заттардың, бөліктердің, элементтердің өзара байланысы" деген мағына береді .

Құрастыру - бұл өнімді қызмет түрі, өйткені оны жүзеге асыру нәтижесінде объект, зат және т.с.с. белгілі бір өнім алынады –

Л.В. Куцакова балалар құрастыруында өзіндік ерекшелігі бар екенін атап өтті. Бұл "құрастыру материалдарынан және конструкторлардың бөлшектерінен түрлі конструкциялар, модельдер жасау, қағаздан, картоннан, әртүрлі табиғи материалдардан (бұтақтар, бүрлер, тас, қауырсындар, қабықтар, мүк және т.б.) және қалдық материалдардан (картон қораптар, пластмасса немесе резеңке бұйымдар, ескі металл заттар және т. б.) бұйымдар жасау процесі" [5].

Құрастыру - бұл балалар іс-әрекетінің ерекше формасы, З.В. Лиштванның пікірінше, қызығушылық "мектеп жасына дейінгі баланың объектілермен іс жүзінде әрекет етуге, өз жоспарынан белгілі бір нәтиже алуға, қолдануға болатын және басқалардың мақұлдауына әкелетін нәрсені жасай алатындығын сезінуге деген ұмтылысынан" туындайды .

И.В. Новикова балалар құрастырудың барлық түрлері "кеңістіктік көріністердің дамуына, әртүрлі материалдардың қасиеттерін білуге ықпал етеді. Бала практикалық іс-әрекеттің әртүрлі тәсілдерін игереді, қол шеберлігі деп аталатын білікке ие болады. Оның қоршаған ортаға шығармашылық көзқарасы бар. Мұның бәрі шығармашылық қабілеттердің дамуына және жұмысқа деген қызығушылықтың дамуына ықпал етеді" [6].

Балалар құрастыру бейнелеу (табиғи материалдан, қағаздан) және техникалық (құрылыс материалынан – текшелерден, арнайы балалар конструкторы) болуы мүмкін.

Балалар жасаған табиғи материалдардан, қағаздан, қалдық материалдардан жасалған ғимараттар мен қолөнер бұйымдары (балалар ойындары, шыршаны безендіру, туысына немесе досына сыйлық және т.б.) кейде практикалық қолдануға жарамды.

Өзінің сипаты бойынша балалардың құрастыру әрекеті бейнелеу әрекетіне жақын.

Дайындау техникасы мен жұмыс үшін қажетті материал бойынша әртүрлі табиғи материалдан жасалған бұйымдарды екі топқа бөлуге болады: 1) табиғи материалдан құрастыру; 2) табиғи материалдан аппликация.

Табиғи материалдан жасалған құрастыру – бұл "бөлшектерді бір-бірімен байланыстыру арқылы табиғи материалдан жасалған қолөнер түрінде көлемді бұйымдарды жасаудың көркемдік техникасы" [7].

Мектеп жасына дейінгі балаларға арналған құрастыруда қолдануға болатын табиғи материал өте алуан түрлі: көкөністер, жемістер, құрғақ жапырақтар мен гүлдер, тамырлар, бұтақтар, түйіндер, мүк, жаңғақ қабығы, құрғақ саңырауқұлақтар, ракушкалар, сабан, құс қауырсындары, мүк, шөп, тұқым, қайың қабығы және т.б. Құрастыруда сурет салу бейнеленген объектінің негізгі бөліктері мен бөлшектерін беру, табиғи материалды өзара байланыстыру арқылы жүзеге асырылады.

Л.А.Парамонованың пікірінше, табиғи материалдан жасалған құрастыру – "құрастырудың көркем-бейнелеу түрі" [8]. Оны ұйымдастырудың әдістемелік негізі – "балаларға табиғи материалдың ерекшелігін сезінуге, ондағы түстердің, пішіндердің, текстуралардың үйлесімін көруге және осы негізде әртүрлі көркем образдар жасауға үйрету. Бұл тәсіл, бір жағынан, баланың шығармашылық ойлауы мен қиялын, оның шығармашылық қабілеттерін дамытады, екінші жағынан, балаларға көрнекілікке сүйене отырып, бейнені құрудың техникалық дағдылары мен жалпыланған тәсілдерін игеруге мүмкіндік береді.

Табиғи материалдан жобалаудың жалпыланған әдістеріне "анықтау" және "қосу" жатады. Мектеп жасына дейінгі балалардың шығармашылық қабілеттерін дамытуда осы әдістердің қайсысына артықшылық берілетініне байланысты, әдістемелік әдебиеттерде МДҰ-да табиғи материалдан құрастыруда ұйымдастырудың 2 тәсілі сипатталған.

Бірінші тәсіл О.М. Дьяченконың еңбектерінде ұсынылған, ол МДҰ-да табиғи материалдан конструкцияны ұйымдастыру әдістемесінде баланың қиял бейнесін құрудағы іс-әрекетінде көрінетін оқытудың екі негізгі сапалы әр түрлі тәсілдерін анықтайды.

Бірінші әдіс "анықтау", онда баланың табиғи материалында белгілі бір затты көруге үйретіледі.

Екінші әдіс – "қосу", табиғи материалда берілген фигура қиял бейнесінің екінші элементіне айналады (мысалы, мүйізді бөліктер – адамның аяқтарына, құрғақ жапырақтар – көбелектің немесе айдаһардың қанаттарына және т.б.) " [9].

О.М. Дьяченконың пайымдауынша, үлкен мектеп жасына дейінгі балалардың шығармашылық қабілеттерін дамытуда екінші әдіс "қосу" «анықтаудан» гөрі тиімді, өйткені ол табиғи материалмен жұмыс жасау кезінде шешімдердің өзіндік ерекшелігі мен өнімділігіне әкеледі [9].

Л.А. Парамонова сипаттауы бойынша, МДҰ – да табиғи материалдан құрастыруды ұйымдастырудың екінші тәсілі, оның мақсаты балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту болып табылады. Бұл автор "екі әдісті біріктіреді және үлкен топтағы балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту үшін алдымен балаларға табиғи материалды болашақ бейненің негізі ретінде анықтауға үйрету, содан кейін балаларға қосу әдісін үйрету керек, яғни, табиғи материалды тұтастықты құру үшін маңызды бөлік ретінде пайдалану мүмкіндігі өте маңызды" деп есептейді [8].

Л.А. Парамонова атап өткендей, "қосу" әдісін үйреткен кезде, "балаларға суретті "аяқтау", "кеңістіктік орнын өзгерту", "артықты алып тастау", "біріктіру" сияқты табиғи материалдардан құрастыру әдістері үйретіледі [8].

Ересек мектеп жасына дейінгі балаларды табиғи материалдан құрастыруға үйреткен кезде, "анықтау" әдісі негізгі болып табылады, өйткені бұл балаларда бөлшектерді ертерек көру қабілетін қалыптастыруға мүмкіндік береді. Баланың шығармашылық қабілеттерін дамыту үшін "анықтау" әдісін үйрену ойын түрінде жүзеге асырылады: ересек адам балаға табиғи материалды көрсетеді және оған не ұқсайтынын, одан не істеуге болатынын еске салады. Бұл сұрақ балалардың қиялының, қиялының механизмін іске асырады, бала түпнұсқа бейнені ойлап таба бастайды. "Анықтау" әдісімен бала өзінің шығармашылық қабілеттерін көрсете отырып, сол табиғи материалдан (түйін, конус, жапырақ және т.б.) бірнеше кескін жасай алады.

Л.А. Парамонованың пікірінше, "анықтау" әдісін игеру негізінде "басқа әдіс пайда болады ("қосу)". Кескінді құрудың осы әдісін игеру табиғи материалдың функционалдығын кеңейтеді: сол материал қолөнердің негізі және оның егжей-тегжейі бола алады. "Қосу" әдісін үйрету кезінде үлкен мектеп жасына дейінгі балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту тапсырмалардың күрделенуімен қолдау табады, мысалы: негізгі кескінге қосымша бөлшектерді алыңыз, оны негізге бекітіңіз, кескінді мәнерлі ету үшін артықты алып тастаңыз, тұтас сюжеттік композицияны алу үшін екі-үш табиғи материалды біріктіріңіз және т. б.

Ересек мектеп жасына дейінгі балалардың табиғи материалдан жасаудағы шығармашылық қабілеттерін дамыту балалардың болашақ бейнені алдымен көру керек екенін, содан кейін бейнені немесе бүкіл сюжетті толық жеткізу үшін ондағы бір нәрсені толықтыруға, аяқтауға (немесе, керісінше, бір нәрсені алып тастауға) негізделген. Бұл әдістемде балаларға "анықтау" және "қосу" әдістері және "аяқтау", "артықты алып тастау", "кеңістіктік жағдайды өзгерту", "біріктіру" және т.б. әдістері үйретіледі. Бұл алдымен балалар мен ересектердің тікелей білім беру және бірлескен іс-әрекетінде, содан кейін өзін-өзі ұйымдастырған іс-әрекетте болады, онда педагог кеңесші, көмекші рөлін атқарады.

Н.В. Шайдурова "табиғи материалдан құрастырудағы ересек мектеп жасына дейінгі балалардың шығармашылық қабілеттерін дамытудың негізгі әдістері балаға көңіл көтеру және эмоционалды әсер ету болып табылады" деп атап өтті:

- баланың құрастыруға деген қызығушылығын арттыратын және оның шығармашылық қабілеттерін белсендіретін ойын-сауық тапсырмалары;
- мұғалімнің эмоционалды әңгімесі, баланың қиялына және шығармашылық ойлауына әсер ететін оқиғалардың бейнелі сипаттамасы, содан кейін бұл оқиғаларды табиғи материалдан сюжеттік құрылыста жеткізуге мүмкіндік береді" [9].

Табиғи материалдан жобалау әдістемесінің кейбір ерекшеліктері мектепке дейінгі білім берудің негізгі білім беру бағдарламаларында сипатталған.

Табиғи материалдан өнімді қызмет ретінде жобалау мектепке дейінгі білім берудің барлық негізгі білім беру салаларына енгізілген.

Авторлар балалардың табиғи материалдан қолөнер жасау үшін тікелей білім беру, бірлескен және тәуелсіз іс-әрекеттерін ұйымдастыра отырып, мұғалім балаларға бұтақтардың, конустардың, бұтақтардың, каштан жемістерінің және т.б. табиғи пішінін қолдануға үйретеді; фигураларға әр түрлі тәсілдермен (желім, сым, пластилин, сіріңке және т. б.) бекітілген композицияға сәйкес мәнерлілік беруді үйретеді. Балалар адамдардың, құстардың, балықтардың, көбелектердің және т.б. түрлі фигураларын жасайды. мұғалімнің тапсырмасы бойынша (шарт бойынша, тақырып бойынша) және өз жоспары бойынша. Осының арқасында балалар қызығушылық, қиял, фантастика, бейнелеу өнерін дамытады – мұның бәрі шығармашылық қабілеттердің негізі болып табылады.

Үлкен топтағы балалардың табиғи материалдардан құрастыруға деген қызығушылығы мен шығармашылық қабілеттерін дамыту үшін авторлар экскурсиялар, әңгімелер, көрсетілім қолдануды ұсынады. Бейнелеу қызметінің бұрышында табиғи материалдан жасалған қолөнер суреттері бар альбомдарды орналастыру ұсынылады. Олар шығармашылық қиялды ояту, балалардың табиғи материалдан ойыншықтар жасау

тәуелсіздігіне деген қызығушылығын ояту үшін қажет. Балалар жасаған кез-келген өнім өз ойындарында қолданылуы керек. Сіз балалардың өз жұмыстарын қарастыратын мұражай ұйымдастыра аласыз, талдай аласыз. Сонымен қатар, ең қызықты, өнімдерді бөліп көрсету керек, табиғи материалды сәтті пайдалануға, шығармашылық әрекетке, көзқарасқа назар аудару керек.

Л.А. Парамонова табиғи материалдан ойыншықтар, қолөнер жасау үшін тікелей білім беру немесе бірлесіп ұйымдастырылған іс-әрекеттің келесі схемасын ұсынады [8]:

1. Тәрбиешінің балалар ойыншық немесе қолөнер жасауы керек табиғи материал туралы кіріспе әңгімесі. Бұл әңгіме осы материалды көрсетумен бірге жүруі керек: балаларға қол тигізуге, бетін сезінуге, пішінін тексеруге, түсіне назар аударуға рұқсат етіледі.

2. Тақырып туралы хабарлама және ойыншық, қолөнер үлгісін көрсету.

3. Шығармашылық жоспарды талқылау - "анықтау" әдісі, яғни қолөнер авторы табиғи материалда қандай бейнені көргенін және оны қалай енгізгенін анықтау.

4. Үлгіні талдау және ойыншық, қолөнер жасау әдістерін көрсету. Педагог балалардан үлгіні талдауды сұрайды, оларды ойыншықтың, қолөнердің реттілігі туралы болжам жасауға шақырады. Содан кейін мұғалім балалардың жауаптарын түзетіп, олардың назарын осы материалмен жұмыс істеу ерекшеліктерін бөлуге бағыттайды.

5. Практикалық бөлім. Балаларға ойыншықтар, қолөнер жасау. Тәрбиеші балалардың жұмысын бақылайды, құралдарды пайдалану кезінде олардың қауіпсіздік ережелерін сақтауын бақылайды, қиын балаларға көмек көрсетеді, Балаларды ойыншықты (қолөнердің) құрастыруды жетілдіруде, оны безендіруде тәуелсіз шығармашылық шешімге шақырады, балалар арасында достық қарым-қатынас орнатуға ықпал етеді.

6. Дайын ойыншықты (қолөнерді) талдау, оның барысында балалар өз жұмысының және жолдастарының жұмысының нәтижесіне баға бере алады.

Осылайша, балалардың құрастыру әрекеті - бұл құрылыс материалдары мен құрастыру бөлшектерінен әртүрлі конструкциялар мен модельдерді жасау, қағаздан, картоннан, әртүрлі табиғи (бұтақтар, жапырақтар, мүк, конустар, жаңғақтар, тастар, раковиналар, көкөністер және т.б.) және қалдық (қораптар, пластикалық контейнерлер, ағаш катушкалар, түймелер және т.б.) материалдардан қолөнер жасау. Табиғи материалдан жасалған құрастыру - бұл бөлшектерді бір-бірімен байланыстыру арқылы табиғи материалдан қолөнер түрінде көлемді бұйымдар жасаудың көркемдік әдісі.

МДҰ-да табиғи материалдан құрастыруды ұйымдастыру әдістемесі үлкен мектеп жасына дейінгі балалардың шығармашылық қабілеттерін дамытуда үлкен педагогикалық әлеуетке ие. Бұл балаларға шығармашылық ойлау мен қиялдың еркіндігін, икемділігін және өзіндік ерекшелігін дамытатын кескін бейнесінің ("анықтау", "қосу", "аяқтау", "артықты алып тастау", "біріктіру") әдістері мен тәсілдерін үйретуді қамтиды.

Мектепке дейінгі білім берудің негізгі білім беру бағдарламаларында табиғи материалдан құрастыру процесінде ересек мектеп жасына дейінгі балалардың шығармашылық қабілеттерін дамытудың әдістері мен тәсілдері көрсетілген. Бұл сөздік, көрнекілік, практикалық және ойын әдістері. Сондай-ақ, көңіл көтеру принципін, проблемалық жағдайларды қолдану маңызды. Шығармашылық қабілеттерін дамыту диагностикалық негізде жүргізілуі керек, яғни, әр балада және тұтастай алғанда балалар тобында олардың даму деңгейін ескеру.

Осылайша, бейнелеу және құрастыру әрекеттерін оқытудың міндеттері өнердің осы түрінің ерекшелігімен тығыз байланысты және сонымен бірге білім беру міндеттерін жүзеге асыруға, балалардың көркемдік қабілеттерін дамытуға ықпал етеді.

Мектеп жасына дейінгі балалардың бейнелеу және құрастыру әрекеті баланың жеке басының дамуында шешуші рөл атқарады, өйткені бала үшін бұл білім мен шығармашылықтың қуанышы. Бейнелеу қабілетінің қажетті шарты - бұл әлемді көрнекі қабылдау.

Мектеп жасына дейінгі балалардың бейнелеу әрекеті – бұл ойды, талдауды, синтездеуді, салыстыруды және жалпылауды дамыту.

Бейнелеу және құрастыру іс-әрекеті сабақтарында балалардың сөйлеуі дамиды: формалардың, түстер мен олардың реңктерінің, кеңістіктік белгілері мен сөздікті байытуға ықпал етеді; объектілерді бақылау процесінде, объектілерді, ғимараттарды зерттеу кезінде, сондай-ақ суреттерді, суретшілердің суреттерінен репродукцияларды қарау кезінде мәлімдемелер сөздік қорын кеңейтуге және байланыстырып сөйлеуді қалыптастыруға оң әсер етеді. Психологтар атап өткендей, балалардың әртүрлі іс-әрекеттерін, ақыл-ой дамуын жүзеге асыру үшін сурет салу, қолдану және құрастыру үрдісінде алатын қасиеттері, дағдылары, біліктері үлкен мәнге ие.

Жаңа мемлекеттік білім беру стандарттары аясында қазіргі білім беру жүйесі балаға жоғары талаптар қояды. Осыған байланысты тәрбиешінің осы даму кезеңінің өзіндік құндылығын сақтауды және мектептің бірінші сыныбында оқыту мазмұнын қайталаудан бас тартуды қамтамасыз ететін мектепке дейінгі ересек жастағы балаларға білім берудің мазмұнын, әдістері мен тәсілдерін таңдауға ерекше назар аударуы қажет. Осы кезеңдегі білім танымдық қабілеттердің дамуына, оқу іс-әрекетінің алғышарттарына және нәтижесінде жан-жақты дамыған жеке тұлғаның қалыптасуына ықпал етуі керек [10].

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты (2018 ж. 31 қазандағы ҚР БҒМ № 604 бұйрығы);
2. Рузанова Ю. В. Развитие моторики рук у дошкольников в нетрадиционной изобразительной деятельности. - М.: Наука, 2005. – 366 с.
3. Косминская В.Б. Теория и методика изобразительной деятельности в детском саду: Учеб. Пособие для студентов пед. ин-тов/ В.Б.Косминская, Е.И.Васильева, Н.Б.Халезова и др. – М.: Просвещение, 1977. – 253 с.
4. Сакулина Н. П. Рисование в дошкольном детстве. - М.: Просвещение, 1965. - 214с.
5. Куцакова Л.В. Конструирование и художественный труд в детском саду. Программа и конспекты занятий. М.: Сфера, 2015. 223 с.
6. Новикова И.В. Аппликация и конструирование из природных материалов в детском саду. Конспекты занятий для детей от 3 до 6 лет. Ярославль: Академия развития, 2010. 192 с.
7. Лыкова И.А. Конструирование из природного материала. 5-8 лет М.: Карапуз-Дидакт, 2012. 144 с.
8. Парамонова Л.А. Детское творческое конструирование. М.: Издательский дом «Карапуз», 2013. 240 с.
9. Дьяченко О.М. Воображение дошкольника и продуктивные виды деятельности. М.: Детство-Пресс, 2011. 197 с.
10. Шайдурова Н. Развитие ребенка в конструктивной деятельности. М.: Сфера, 2014. 128 с.

ӘОЖ 541.124

ӨНІ ӨЗГЕРСЕ ДЕ СӨЛІ ҚАЛҒАН, ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ БАЙЫРҒЫ ҚАРА ЕСЕПТЕРІ

Тойлыбаева Ләйлә Иембергеновна

І.Жансүгіров атындағы “Zhansugirov college” математика пәнінің оқытушысы

E-mail: toilybaevalaila@gmail.com

Мақалада қазақ халқының математикалық білімінің қазіргі тілмен алғанда санаудың әр түрлі жүйесін үштік, ондық, тоғыздық буындарын пайдаланғандығы туралы айтылған. Сонымен қатар, бұрынғы қара есептерді қазіргі есептеу құралдарымен де

шешіп, логикалық ойы, қабілетін арттыруда оқуда саналы сезімге өз бетінше еңбектенуге тәрбиелеуді қазақтың байырғы қара есебінен байқауға болады.

Тірек сөздер: ұлттық педагогика, халықтық, идея, жасұрпақ, жүйе, логика, есеп, қабілет, буындар, құрылым, сызба, ақыл-ой, тәрбие, ұлттық ғылыми тілі, терминология, мәтінді есептер, жас ерекшеліктері, тізбектеліп, ұрпақ, байтақ, техника, болашақ, шек, заман, ауыз-екі, ой қозғау, алтын балдақ

В статье говорится о том, что математические знания казахского народа в современном языке используют разные системы счета, троичную, десятичную, девятичную. В то же время древние черные задачи восходят к древним казахам, которых воспитывали работать сознательно и самостоятельно, обучаясь решать логические задачи современными средствами счета.

Ключевые слова: народная педагогика, народная, идея, молодое поколение, система, логика, расчет, умение, суставы, структура, схема, разум, образование, национальный научный язык, терминология, текстовые задачи, возрастные особенности, последовательный, поколение, обширный, техника, будущее, лимит, время, рот-два, наводит на размышления, золотой костыль

The article says that the mathematical knowledge of the Kazakh people in the modern language uses different counting systems, ternary, decimal, nine. At the same time, the ancient black problems go back to the ancient Kazakhs, who were brought up to work consciously and independently, learning to solve logical problems with modern counting tools.

Key words: folk pedagogy, folk, idea, young generation, system, logic, calculation, skill, joints, structure, scheme, mind, education, national scientific language, terminology, text tasks, age specifics, consistent, generation, extensive, technique, future, limit, time, mouth-two, suggestive, golden crutch

Бүгінгі таңда елімізде жүріп жатқан жанару үрдісі өткен тарихымыздың сан қырын объективті тұрғыдан дұрыс бағалауға және ондағы рухани құндылықтарды қазіргі ағарту, оқу-тәрбие ісінде кеңінен пайдалануға қолайлы жағдайлар туып отыр. Әсіресе ұлттық педагогикамыздың қайта жаңғыруына байланысты халқымыздың ғасырлар бойы жинақтаған ұлттық педагогикадағы құндылығымыз - бүгінгі ұрпақ тәрбиесіне, ойлау қабілетіне қажетті деп ойлаймыз. Ұлт педагогикасының мазмұнын құрайтын әрі тәлімдік мән-маңызы бар мұра – халықтық идеялар. Ал педагогикаға негізделген халықтық идеялар – жас ұрпақты еңбек, отаншылдық имандылық пен адамгершілік, сыр мен сымбат, ақыл-ой тәрбиесіне баулуда біртіндеп бойға сіңіретін нәрлі өзек деп білеміз. Жас буынның кішкентай кезінен «Халық айтса, қалып айтпайды», «Халықтың ойы озық», деп санасына мықтап сіңірген қазақ елінің халықтық идеяларға негізделген ұлттық тәрбиесінің сан алуан түрлерін арнаулы жолдар мен арнайы тәсілдер арқылы жүргізіп отырғаны белгілі.

Соның қатарына қазақ тіл білімінің, оның ішінде ғылыми терминологияның қалыптасуы мен дамуы туралы сөз қозғағанда, алдымен Ахмет Байтұрсынұлының есімі ойымызға оралады. Себебі, қазақтың ұлттық ғылым тілінің, терминологиялық қорының дамып, қалыптасуының тұтастай бір кезеңі ғалым еңбектерімен, оның ғылыми-педагогикалық, ағартушылық және ғылыми-ұйымдастырушылық қызметімен, қайраткерлігімен тікелей байланысты. Сондықтан да қазақ терминологиясының тарихы, оның даму, қалыптасу кезеңдері туралы сөз қозғағанда Ахмет Байтұрсынұлының ғылыми шығармашылығы мен қоғамдық қызметіне жан-жақты тоқталу, оны терең зерттеу өте маңызды.

А. Байтұрсыновтың еңбектері қазақ халқы мен қазақ мұғалімдеріне өзіндік жаңашыл, ұлттық бағыттағы оқу-тәрбие жүйесін құруға мүмкіндік туғызды, ондағы оқу жұмысын ұйымдастырудың өзіндік ерекшеліктері мен әдіс-тәсілдерінің орын алуына зор ықпал етті. Ахмет Байтұрсынов берілетін білім көлемін, жас өспірімдер тәрбиесін мәселе етіп көтерді. Мектептегі оқытуды ұйымдастыру, оқытудың әдіс-тәсілдері мен түрлері оқушылардың сан

білімді игеруіне, олардың рухани күші мен қабілеттерінің жетік дамуына, саналы ой-пікірлерінің қалыптасуына зор әсер етуге тиіс деп есептеді. Берілген материалдың көлемін және әдістерін анықтауда оқушылардың жас ерекшеліктерін, олардың ой-өрісі мен қабілеттерін қатаң еске алуды, материалдың біртіндеп және тізбектеліп берілуін, қорытындылар мен тұжырымдардың анық, дәл айтылуын талап етті[1].

Ғылым мен техника дәуірлеген бүгінгі таңда еліміздің болашағы, халқымыздың тірегі болар ұрпағымызға сапалы да нәрлі білім берумен бірге ұлттық тағлымдарды бойына сіңіре тәрбиелеу басты міндет. Физиканы және математиканы оқыту кезінде халқымыздың ұлттық ерекшеліктеріне көңіл аудара отырып, математикалық білімінің өмірде қолданылуы басым келетін құнды тәлімдерін пайдаланған абзал. Өмірде қолданылуы басым дейтініміз — халқымыздың этноматематикалық білімі өскен ұясынан, баққан малынан, еккен егінінен, түрлі жасаған қолөнер бұйымдарынан, салған әні мен күйінен, яғни күнделікті өмірінен бастау алып дамуында. Еліміздің әрбір парасатты азаматы, ең алдымен, өз халқының тілін, дінін, өткенін білуі қажет, себебі өзін, өз халқының жақсысын түсіне білген адам ғана өзгені де сыйлай алады. Қазақтың барлық сөзінің шегі, өлшемі болған. Адамдар әрбір өлшемнің атқаратын міндеті бар екенін білген, сөйтіп оны ішкі рухани салмақтың сыртқы көрінісі деп қараған. Заман талқысынан өтіп, өңі өзгерсе де сөлі қалған, көк шыбықтай майысып, атадан балаға мұраға қалған, жүрек қылының пернесі - ауызекі тараған математикалық халқының байырғы қара есептері, қазіргі таңда логикалық ойлау қабілетін арттыруға берер ықпалы зор[2]. Ой қозғау иірімдерінің бүге-шегесін, зерде тезіне салып, керегін көгіндей атқаратын қызметін түсіну, көген түймесін табу-есепті шешудің алтын балдағы. Алтын балдақ-қарашық біреу емес. Ол көп. Із кессең табасың. Есеп осыдан да сан қилы жауап табады. Ол қазақ халқының ауызекі тараған есебінің кемшілігі емес - артықшылығы.

Қазақ халқының математикалық білімінің қолданыс жағы басымдау. Ол осынысымен құнды. Осылай десек те қазақтың білімінің тамыры терең. Олар қазіргі тілмен алғанда санаудың әр түрлі жүйесін, мәселен үштік, ондық, тоғыздық пайдаланған. Бұрынғы қара есептерді қазіргі есептеу құралдарымен де шешуге болады. Логикалық ойлау қабілетін арттыру, оқуға саналы сезімге, өз бетінше еңбектенуге тәрбиелеу. Алдағы уақытта қазақтың байырғы есептерін қарастыра отырып, олардың кейбіреулеріне сипаттама береміз. Есепті шешудің мынадай бірнеше кезеңін бөліп көрсетуге болады:

1. Есептің мазмұнын түсіну, қабылдау және талдау.
2. Есепті шешу жоспарын іздестіру және құру.
3. Есепті шешу жоспарын орындау, жүзеге асыру.
4. Есептің шешуін тексеру және жіберілген қателерді түзету.

Есептің талабына орындалу туралы толық қорынды тұжырымдама жасау немесе есептің сұрағына жауап беру, яғни есепті шығару барысындағы кезеңдер бір бірінен нақты ажыратылып отырады.

Мысалы:

1. Үнді шәйі» есебі.

Сәске кез болатын. Анам кесеге шәйді толтырып қоя салды. Кенже інім қолындағы қантын сол кесеге түсіріп алды. Алайда қант құп-құрғақ күйінде қалды. Неліктен деп ойлайсың?

Бұта түбі кеуегі,
Кеуегінде көжегі.

Бұлай деп айтуы есепті шешуге болатындығын, әрі ол өзіне таныс нәрседен басталады дегенге тіреледі.

Жауабы: қант құрғақ шай үстіне түсті.

2. «Бәрін бірге ойлап қой» есебі.

Түйе, бота маң басқан,
Төрт аяғын тең басқан.
Шұнақ құлақ бес ешкі,
Қос-қос лақты қос ешкі,

Төрт қозылы екі қой,
Бәрін бірге ойлап қой.

Бұл есеп Қырық бір түйір құмалақ, өтірік айтпай, шынын айт, - түйіндеуімен бітеді де қазақ даласында да құмалақшының да өз есебі бар екендігі, оның құрмет пен сенімге ие болғанына құмалақшы да бірлікке шақырғанына күмәнданбаймыз. Жауабы: 19 бас мал.

3. «Нар түйеден жүк ауыспас» есебі.

Әр түйе төрт қанар жүк көтерсе, жиырма екі қанар жүкті Шалқардан Жармолға дейін жеткізу үшін, Ыбырай оқушысы Медресінге неше түйе керек болар еді? - дейді баласы Емберген Терекөв [3].

Нар түйеден жүк ауыспас.

Жауабы. 6 түйе.

4. «Жыл қайыру» есебі.

- Неше десің? - деді ақсақалға жігіт ағасы.

- 4 жылқы, тоқтымын, - деді Тәттімбет күйші.

Тәттімбет неше жаста? Дананың сөзі асыл тас.

Жауабы. Тәттімбет 4 жылқы деу арқылы өзіне төрт мүшел толғандығын айтты және тоқты деу арқылы 2 жас қос деді, яғни $49+2=51$.

5. «Бесжиырма мен бесжақсы» есебі.

Ең бай қазақ баласының қалыңына шектен шықпай бесжиырма мен бесжақсы берді. Бір жылқысы орта есеппен 20 сом тұрса, бай баласының қалыңына қанша жылқы берді деп ойлайсың?

Бесжақсы, бесжиырма деген не?

Бірінші байлық - денсаулық, Екінші байлық - ақжаулық.

Жауабы. бесжиырманың мағынасы 50 жылқы. Бұл жерде 50 жылқы ішімен есептеліп отырғандықтан, небәрі 100 бас болады. Бесжиырма да 100 деген сөз. Ал бесжиырма қалыңдық сәукелесіне арнап, күйеу беретін кәде. Бесжақсы үшін 500-600 сом береді. Есепте «шекпен шықпас» деген тіркеске жүгінсек 600 сом берген болады. Бір жылқы 20 сом тұратындықтан бесжақсы үшін 30 жылқы бергені. Сонда небәрі 80 жылқы қалыңмалға берілген.

«Қыңырдың жасы » есебі.

Есепке құмар бір кісі қыңырдан жасың нешеде? - деп сұрапты. Сонда ол:

- Менің 3 жылдан кейінгі жасымды үш еселесеңіз, содан соң 3 жыл бұрынғы жасымды үш еселеңіз. Алғашқы көбейтіндіден соңғы нәтижені шегеріңіз. Сонда менің жасымды табасыз. Ол кісі нешеде?

Жетесінде жоқ,

Жете сыйламайды.

Жауабы. Жасы 18-де.

Шешуі.

Қыңырдың қазіргі жасын x деп алайық, сонда есеп шарты бойынша $3*(x+3)-3*(x-3)=3x+9-3x+9=18$.

Тексеруі. $18+3=21$;

$18-3=15$; $21*3-3*15=63-45=18$.

«Шекпен киген қара мен қарқаралы хан» есебі.

- Мейірімді алдияр! Өз бағыңыздан бір алма алуға рұқсат етіңіз, - деді. Хан алуға рұқсат етті. Қара баққа келсе, бақ үш рет қоршауға алынған екен. Әрбір қоршау қақпасында жасауыл тұр. Қара бірінші жасауылға келіп:

Хан маған бір алма алуға мейірімділік жасады, - деді.

- Ал, бірақ шығарда алған алманың тең жартысын және бір алма бересің, - деді жасауыл.

Қақпадағы екінші және үшінші жасауыл да оған осылай деді. Жасауылдарға сұраған алмаларын беру үшін, Қара бақтан наша алма алуы керек?

Өзінің шарқын білген, Өзгенің нарқын біледі. Жауабы. 22 алма. Есепті ауызша шығарайық.

Бірінші қақпадан шығарда жасауылға барлық Алманың жартысын және бір алма беруі керек. Ал өзінде бір алма қалуы тиіс. Осы жердегі екі алма - жасауылға беретін алма. Демек, қараның бірінші қақпадан шығар алдында 4 алмасы болуы керек.

Екінші қақпадан шығарда қара жасауылға барлық Алманың жартысын және бір алма беруі керек. Бұрынғы 4 алма мен жасауылға берілетін алма 5 алма кұрайды. Демек, екінші қақпадан шығарда қараның 10 алмасы болуы керек.

Осы сияқты талқылап, үшінші қақпа алдында 22 алмасы болуы керек.

Есепті теңдеу құру арқылы шығарайық. Мұнда x деп қараның жұлып алатын алмасының саны десек

$(x/8)-7/4=1$ теңдеуі алынады.

Мұнан $x=22$.

Қазақ педагогикасының математикалық астарлары да түрліше. Олар біресе жұмбақ, біресе өлең, біресе қарасөз, біресе ертеке, біресе ілмек, біресе дұзақ, біресе сиқырлы ой айту тағы басқа түрде кездеседі. Халық есептерінің өзімен туыстас, жалғас, көршілес елдердің салт-санасымен астарласып, үндесіп, қабысып жататындығы бар болып келеді.

Қазіргі уақытта қазақтың байырғы қара есептері логиканы дамытуға, оқушылардың білім білік дағдысын қалыптастыруға өте қажетті. Жалпы мәтінді есептерді бастауыш мектепте көбінесе арифметикалық және алгебралық тәсілмен шығарады. Арифметикалық тәсіл - бұл жағдайда барлық логикалық операциялар нақты сандар арасында арифметикалық амалдарды қолдана алу білімін пайдаланылып негізгі тұжырымға сүйенеді.

Алгебралық тәсіл - мұнда есеп теңдеу құру арқылы шығарылады. Математиканы оқытудың жалпы жүйесінде есептер шығару тиімді жаттығулардың бір түрі болып табылады. Есептер шығаруға үйрету оқушыларда негізгі математикалық ұғымдарды қалыптастырып, олардың бағдарламаларда анықталған теориялық білімді меңгеруде маңызды орын алады. Есеп шығару оқушылардың ақыл-ойының дамуына өте игі әсерін тигізеді себебі ол анализ және синтез нақтылау және салыстыру, жалпылау, арқылы оқушы ой өрісін дамытады. Мәтінді есепті шығарғанда арифметикалық амалдар орындалады. Демек, нәтижені есептеп шығарудың тәсілдерімен оқушыларды күн ілгері таныстыру қажет. Осыған орай 1-ді және 2-ні қосудың, 1-ді және 2-ні азайту тәсілдерін оқып үйрену де мәтінді есептерді енгізудің дайындық кезеңінде қарастырылады.

1. Осы сияқты ұғымдар жайындағы оқушылардың түсінігі әрі қарай дамуда қарапайым кеңістік және уақыт ұғымдарымен, қозғалыспен байланысты мәселелерді, сондай-ақ 10 көлеміндегі сандардың аталуын, реттік қатарын және заттарды санауды, әрбір санды шығарып алуды оқып үйренуде тиянақтала түседі.

2. Есеп мәтінінің мазмұнын оқушылардың тұтас қабылдауы және оны шығаруда қандай да бір амалдың нәтижесінен қолданылатын жетік түсінуінің қамтамасыз ететін мәселенің қатарына жатады. 3. Демек, есептің шарты мен сұрағы болады, сұрақсыз есеп болмайды. Есеп бір амалмен шығарылса, құрама есеп деп аталады.

Бастауыш буын математика курсына әр алуан жаттығулар кездеседі.

Мысалы:

а) Дүкенге 1-ші күні 200 кг, ал 2-ші күні одан 100 кг артық қант түсірілді.

2-ші күні қанша кг қант түсірілген?

I күні-200 кг;

II күні-? 100 кг.

Есеппен жұмыстың басты кезеңі-есеп терминін енгізу және есептің құрама бөліктерін (шарты, сұрағы) талдау және шешу кезеңдерімен таныстыру.

Балаларды есеп шығаруға үйрету-берілген мәліметтер мен ізделіп отырған мәліметтер арасындағы байланысты айқындау және соған сәйкес арифметикалық амалдарды таңдап алу, содан кейін оны орындау.

6. Есеппен жұмыстың 3 кезеңі бар.

Бірінші кезеңде мұғалім есептердің қарастырылып отырған түрін шығаруға

дайындық жасайды. Оқушылар бұл кезеңде берілген есептерді шығарғанда қажетті амалдарды таңдап алатындай байланыстарды игерулері тиіс.

Екінші кезеңде мұғалім оқушыларды есептердің қарастырылып отырған түрін шығарумен таныстырады. Мұнда балалар берілген мәліметтер мен ізделіп отырған мәліметтер арасындағы байланысты айқындауға және осының негізінде арифметикалық амалдарды таңдап алуға үйренеді, яғни олар есепте көрсетілген нақтылы жағдайдан сәйкес арифметикалық амалды таңдап алуға үйренеді.

Үшінші кезеңде мұғалім қарастырылып отырған есептерді шығара білу білігін қалыптастырады. Оқушылар бұл кезеңде есептің нақты мазмұнына қарамастан, қарастырылып отырған түрдегі кез келген есепті шығара білуге үйренулері тиіс, яғни олар осы түрдегі есептерді шығару тәсілін қорыта білулері керек.

6. «Қораға қамалған қой» есебі.

99 қой 15 қораға қамалған. Неліктен ең болмағанда қораның біреуінде қойдың саны тақ болады?

Ақ сандығым ашылды, ішінен жібек шашылды.

Жауабы. Егер әрбір қорада жұтан қой қамалса, онда олардың қосындысы жұл сан болады. Ал 99-тақ сан. Демек, ең болмағанда қораның біреуіне тақ санды қой қамасақ, қана, тақ сан шығады.

Ертегілер елінде.

Ендігі кезекте ертегі есептерді баяндайық.. Ертегі есептер десек те олардың ой орамы, түйіні - шындыққа жүгінеді. Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні бар дегенді ескерсек, ертегі есептердің көбінің бір-ақ жауабы бар. Есеп шығарғанда бірден осыған көңіл аударып, басты мәселені ажыратып алған жөн. Ертегі есептерге мысалдар қарастырайық.

7. «Жүз қаз» есебі.

Келеді ұшып бір топ қаз,

Суалып көлі болып саз.

Ескі жерге оралмақ,

Мұны білмей жалғыз қаз.

Есенсіз бе, жүз қаз,

Деді келіп бір қаз.

Мойнын бұрып бастаушы,

Білдірді оған былай наз.

- Топқа тағы осындай

Жетпей түр ғой қосылмай.

Оның және ширегі,

Болсын жарты керегі.

Өзің жалғыз кезіккен,

Қосыларын сезіп пе ем?!

Бәрін бірге жинайық,

«Жүз» атауын сайлайық,

Қанша едік баста біз?

Деп Сізді де қинайық. Жауабы: 36 қаз [4].

8. «Қасқыр, ешкі және қырықбуын» есебі.

Шаруа өзеннен қасқыр, ешкі және шөпті алып өту керек. Қайыққа шаруаның өзі мінеді. Одан соң не қасқырды, не ешкіні, не шөпті алуына болады. Егер шаруа жағаға ешкі мен қасқырды қалдырып, шөпті алып кетсе, онда қасқыр ешкіні жеп қояды. Ал егер қасқырды алып, ешкі мен шөпті қалдырса, онда ешкі шөпті жеп қояды. Шаруа өз жүгін қалай өзеннен аман-сау алып өтеді?

Жауабы: әуелі ешкіні алып келіп жағада қалдырып, қайтып келіп қасқырды алып кетеді. Бірақ қайтарында ешкіні қайта ала кетеді. Енді шөпті тиеп, ешкіні қалдырып кетеді. Қайтып келіп, шаруа ешкіні алып кетеді.

9. «Ерте, ерте, ертеде» есебі.

Ерте, ерте, ертеде,

Ешкі құйрығы келте де. Қырғауыл деген қызыл екен, Құйрық жүні ұзын екен.

Бір шал мен оның кемпірінің үш баласы болыпты. Ағайындылар жұмыртқа теріп ну қамысты Шалқар көліне барыпты. Жұмыртқа қызығына түсіп, оны тере беріпті, тере беріпті. Ақыры олар адасып кетіпті. Үлкені басқаларын күте-күте қарны ашып, шәйнекке су толтырып, жұмыртқаны толтыра салып, астына от жағып, бойы жылыған соң қисайып ұйықтап кетіпті. әлден уақыттан соң ортаншысы келіп, жұмыртқаның үштен бірін жеп, ұйықтап қалады. Мұны білмеген кенже інісі де қалған жұмыртқаның үштен бірін жеп, қисая кетті. Бір кезде үлкен ағасы оянып, қалған жұмыртқаның үштен бірін жейді. Сонда қалған сегіз жұмыртқаны кімнің сыбағасы?

Жауабы. Небәрі 27 жұмыртқа. Ортаншысы оның үштен бірін, яғни 9 жұмыртқасын жейді. Сонда қалған 18 жұмыртқаның үштен бірін кішісі жейді. Яғни 6 жұмыртқа. Ендігі қалған жұмыртқаның үштен бірі 4 жұмыртқаны үлкені жейді. Қалған 8 жұмыртқаны үлкені 5, ал кішісі 3 жұмыртқадан бөліседі. Себебі, ортаншысы 9 жұмыртқа жеді.

10. «Түлкі мен ешкі» есебі.

Жорытып келе жатқан түлкі байқамай терең апанға түсіп кетіпті. апаннан шыға алмай тұрғанда, су іздеген ешкі түлкіні көріп: -Әй, түлкі, неғып тұрсың?-депті.

Түлкі: - Қырда әрі сусап, әрі ыстықтап едім. Апанның іші әрі салқын, әрі түбінде тұнық суы бар. Соны ішіп, жаным Райс тауып тұр, -деді. Жан рахатына түскісі келген ешкі апанға секіріп түскенде, қу түлкі секіріп ешкінің үстіне мініп, онан екі қарыс мүйізіне шығып, мүйізінен сондай жердегі далаға шығып, жөніне кетті. Апан тереңдігін анықта. Ешкі нешеде?

Жауабы. Апан тереңдігі 2 метрдей, себебі 1 қарыс= 21см. Ешкі мүйізі 2 қарыс болғандықтан, ешкі мүйізі қазіргі есеп бойынша 42 см шамалас және сондай жерде дала. Олай болса, 84 см-дей жерде апан ернеуі. Апан тереңдігін табу үшін, бұған ешкі бойын қосамыз. Ешкі бойы шамамен 70 см, онда апан тереңдігі 1 м 54 см болады. Ал ешкі жасын оның мүйізіндегі бунақтар саны көрсетеді.

Қорытынды. Қазақ педагогикасының математикалық астарлары да түрліше. Олар біресе жұмбақ, біресе өлең, біресе қарасөз, біресе ертеке, біресе ілмек, біресе дұзақ, біресе сиқырлы ой айту тағы басқа түрде кездеседі. Халық есептерінің өзімен туыстас, жалғас, көршілес елдердің салт-санасымен астарласып, үндесіп, қабысып жататындығы бар. Барған жерін Балқан тау, О да біздің көрген тау, -демекші, қытайдың буы, орыстың ну-фуы, қазақтың түүі түп тамырлас.

Қазақтың байырғы математикасында пәнаралық байланыс өте кең дамыған. Соның ішінде әдебиет пәнімен байланысты байқауға болады. Қандай есепті алсақ та, мақал немесе нақыл сөзбен түйінделген. Бұл түйіндеулерге зер салсақ, әрқайсысының тәрбиелік мәні зор. Тәрбие - сан қырлы. Ата-тегінің табысын айту, халқыңның дәстүрін сақтау, оны өз заманыңның қағидаларымен шендестіру тәрбиенің бір көзі. Қазақтың байырғы есептерінен жастарға деген тәлім-тәрбиенің бастау көздерін көріп отырмыз.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Оспанов Т. Бастауыш сыныптарда математиканы оқыту әдістемесі (сынама басылым) . – Астана: Фолиант, 2003.- 504бет.

2. Т.Оспанов, Ж.Қайыңбаев, Б.Қосанов, Қ.Ағанина Математика. Оқыту әдістемесі .- 2-басылымы.- Алматы: Атамұра, 2004.- 144бет.

3. Жолтаева, Г.Н. Бастауыш сынып мұғалімінің математиканы оқытудағы диагностикалық әрекеті .- Талдықорған: 2012

4. Оспанов Т.Қ., О.В.Кочеткова, Астамбаева Ж.Қ. Жаңа буын оқулықтары бойынша бастауыш сыныптарда математиканы оқыту әдістемесі. Алматы, Атамұра, 2005.

ӘОЖ 378.016:81

«ӨТІРІК» КОНЦЕПТІСІНІҢ КОГНИТИВТІК СИПАТЫ

Шайкен А.Г., 4-курс студенті

Ғылыми жетекшісі: оқытушы-лектор, PhD Г.Шүкенай

І.Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, Талдықорған қаласы

E-mail: donimedieva@mail.ru

«Өтірік» концептісінің философияда, психологияда, лингвистикада зерттелуіне үңіліп қана қоймай, оның астарынан тілдік бірліктердің этнолингвистикалық, танымдық негіздерін қарастыруымен, сол арқылы бүгінгі таңдағы оқыту жүйесінде мейлінше ізгілендірілген мазмұндағы зерттеу жұмыстарын ұсынуымен ерекшеленеді.

«Концепт» дегеннің анықтамасы не өзі? Бұл тақырыпта орта және жоғары буын сыныптарының оқушылары қанишалықты хабардар. «Концепті» сөзін бұған дейін тек жоғарғы оқу орындарының филология факультетінде ғана оқытылып келді. Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі тек филологиялық білім аясымен шектелмей, оны педагогикалық (оқыту) іс-тәжірибелермен үндестіре білсе, мақсатының жоғары деңгейде орындалғаны. Ендеше, мұғалімдер қазақ тілі оқулықтарын шолып шығып, сөз әдебіне қатысты тапсырмаларды тақырыптық-мазмұндық зерттеумен қатар, «Өтірік» концептісіне жататын тілдік концепциялар кеңістігінде қарастып, сонымен қатар, танымдық аяда қарастыра отыра, оны мектеп деңгейінде оқыту әрекеттеріне бағыттау болып табылады.

Тірек сөздер: өтірік, концепт, когнитивтік сипат, сөздік, анықтама, таным

Изучением понятия «ложь» отличается не только в философии, психологии, языкознании, но и изучением этнолингвистической, когнитивной основы языковых единиц, тем самым представляя наиболее гуманное исследование в современной системе образования.

Каково определение понятия «концепция»? Насколько хорошо учащиеся средних и старших классов знают эту тему? Раньше слово «концепт» преподавалось только на филологических факультетах вузов. Если учитель казахского языка и литературы не ограничивается областью филологического образования, а может совмещать его с педагогической (педагогической) практикой, цель достигается на высоком уровне. Таким образом, учителя проводят рецензирование учебников казахского языка, а также тематическое и предметное исследование заданий, связанных с грамматикой, понятие «ложь» состоит в том, чтобы акцентировать внимание на учебной деятельности на школьном уровне, рассматривая ее в пространстве языковых понятий, а также в когнитивном контексте.

Ключевые слова: ложь, концепт, когнитивное свойство, словарь, справка, познание.

The study of the concept of "lie" is distinguished not only in philosophy, psychology, linguistics, but also in the study of the ethnolinguistic, cognitive basis of language units, thereby representing the most humane study in the modern education system.

What is the definition of concept? How well do middle and high school students know this topic? Previously, the word "concept" was taught only at the philological faculties of universities. If the teacher of the Kazakh language and literature is not limited to the field of philological education, but can combine it with pedagogical (pedagogical) practice, the goal is achieved at a high level. Thus, teachers conduct a review of Kazakh language textbooks, as well as a thematic and subject study of tasks related to grammar, the concept of "lie" is to focus on learning activities at the school level, considering it in the space of language concepts, as well as in cognitive context.

Keywords: lie, concept, cognitive property, dictionary, reference, cognition.

«Өтірік» сөзінің анықтамасын қазақ әдеби сөздіктерден және басқа да анықтамалық еңбектерден қарастырған болатынбыз. Біздің байқағанымыз «өтірік» анықтамасына ежелден халқымызда көптеген түсініктер мен анықтамалар болған екен. Бұл анықтамаға қатысты «Өтірік өлең» сияқты ежелден халқымызда сатираға негізделген ауызекі поэзиялық туындылар таралған болса, сонымен қатар, «өтірікке» қатыста кері мағыналы да мақал-мәтелдер, нақыл сөздер ауызекі тілде көптеп айтылған екен. Мақал-мәтелдерге алдағы тарауларда тоқталатын боламыз, ең бірінше, анықтамалық сөздіктерге түсініктемелерге жүгінсек.

«Өтірік» - белгілі, сенген немесе ойлаған құбылысқа қарама-қайшы немесе дәл емес көрініс. Шындыққа сай келмеуімен қатар, адал болмау, орындалмаған «иллюзиялық» жағдайды шындай айту, опасыздық жасау сияқты түсініктермен ұштасады [2].

«Өтірік» - антивалюция, өйткені бұл адамгершілікке жатпайтын негіз болып табылады. Жалпы, «Өтірік» - қарым-қатынасты бұзатын, екіжақты сенімді алшақтатын әрекет. Қазақта «өтіріктің құйрығы – бір-ақ тұтам» дегені сол, бұл позицияны ұстанған тарап ұзаққа бармастан ұятқа қалатыны не заң алдында «алаяқтық» әрекеті үшін жауап беретіні белгілі [2].

«Өтірік» сөзінің шығу тегіне тоқталар болсақ, ежелден келе жатқан ұғым ретінде танылады. Әдетте, «өтірік» термині жағымсыз ұғымды білдіреді және контекстке байланысты өтірікті айтқан адам әлеуметтік, құқықтық, діни немесе қылмыстық жазаға тартылуы мүмкін. Қазіргі заманда арнайы өтіріктің арты залалға ұласпаса, әрбір адамның жеке ар-ұяттық, ождандық ісіне тапсырылатыны жасырын емес. Яғни, ертеде белгілі бір өлшемді құн төлетсе, қазір жалған сөйлеудің де жазасының құны түсіп не жоққа айналды.

«Өтіріктің» салдары: әдетте өтірік айту мақсатты орындалады: алдау сәтті болған кезде тыңдаушы жалған нанымға сенеді, тіпті оның арты ашылмауы да мүмкін. Ал «өтірік» сәтсіз болса, ұзаққа созылмасы белгілі. Өтіріктің ашылуы сол айтушының (спикердің) басқа беделін түсіріп, оның беделіне нұқсан келтіреді. Спикердің әлеуметтік немесе құқықтық деңгейіне кері әсер етуі мүмкін. Мысалы, сотта өтірік айту – қылмыстық жауапкершілікке жатады (яғни, жалған куәлік ету) [2].

«Өтіріктің» түрлері және «өтірікке» байланысты терминдер:

Үлкен өтірік – жәбірленушіні бұрыннан бар кейбір ақпаратқа немесе олардың ақыл-ойына қайшы келуі мүмкін жәбірленушіні үлкен нәрсеге сендіруге тырысу.

Көк өтірік – бұл ұжымға пайда келтіру үшін немесе «ұжымдық игілік үшін» деп айтылатын өтіріктің түрі. «Көк өтірік» терминінің шығу тегі, мүмкін айыпталушыға қатысты сот ісінің сәтті аяқталуы үшін жалған мәлімдемелер жасалатын жағдайлар болуы мүмкін.

Блюффинг – бұл ойын контекстінде орын алғанда сиреу әдепсіздеу көрінетін алдау әрекеті. Мысалы: покер, мұнда ойыншылар мұндай алдау түріне алдын-ала келісім беріледі.

Мысалы, құмар ойыншылар басқа ойыншыларды өздерінің карточкаларында әр түрлі карталар бар деп алдауы.

«Бұқа» өтірік (сонымен қатар B.S., қорап, бұқа) – міндетті түрде толық жалған болуы шарт емес. Өтірік айтылған сөзді жалған деп санайтын спикер айтса, айтылған сөздің рас екендігіне мән бермейтін спикер бұзақылықты ұсынады. Өйткені, сөйлеуші тыңдаушыға біраз әсер қалдырумен айналысады. Бұл өтіріктің түрі заманауи манипуляторлық медиа тіліне қатысты келеді.

Диффамация – жеке адамның, бизнестің, өнімнің, топтың, үкіметтің, діннің немесе ұлттың беделіне нұқсан келтіретін жалған мәлімдеме туралы хабарлау.

Фейк жаңалықтар – жалған ақпарат немесе жалған ақпаратқа негізделген әлеуметтік медиа. Кейде бұл термин зейінді ыңғайсыз шындықтар мен фактілерден алшақтатын құрал ретінде қолданылады.

Алаяқтық - өтірікшінің материалдық немесе қаржылық пайдасын қамтамасыз ету үшін басқа адамды немесе адамдарды өтірікке сендіруге мәжбүр ету әрекеті.

Жартылай шындық – бұл алдамшы мәлімдеме құрамына кіреді. Мәлімдемеде ішінара шындық болуы мүмкін, немесе толығымен шындық болуы мүмкін, бірақ

шындықтың бір бөлігі алдамшы элементтерден құралуы сияқты. Мысалы, алдау ниеті болса жалтару, шындықты бұрмалау, т.б.

Адал өтірік (конфабуляция) – тарихты және қазіргі жағдайды дұрыс емес сипаттайтын ауызша мәлімдемелермен немесе әрекеттермен анықталуы мүмкін.

Жалған куәлік – маңызды мәселе бойынша өтірік айту немесе шындыққа сәйкес жалған мәлімдеме жасау. Жалған куәлік – қылмыс, өйткені куәгер шындықта айтуға ант береді.

Сыпайы өтірік – сыпайылық пен стандартты талап етеді, алайда бұл екі тараптың да шындыққа сәйкес келмейтіні белгілі. Мұндай өтіріктің мақұлдануы мәдениетке өте тәуелді. Халықаралық этикетте жиі кездесетін сыпайы өтірік «жоспарлау қиындықтарына» байланысты шақырылулардан бас тарту немесе «дипломатиялық ауру». Мұнымен ұқсас, «өтірік өтірігі» - әдетте электронды түрде жіберілетін және сөйлеуді тоқтату үшін пайдаланылатын ұсақ өтірік.

Ісіну (өтірігі) – көбінесе жарнама мен жарнамалық хабарландыруларда кездесетін өтірік. Мысалы, «ең төменгі сападағы ең жоғары сапа» немесе «барлық уақытта адамдардың мүдделері үшін дауыс беру» сияқты асыра айтылатын талаптар [3, 45-46].

Мұндай мәліметтердің шындыққа сай келуі екіталай, бірақ оның жалғандығын дәлелдеу мүмкін емес. Өйткені, бұл нарық талабы саналады, дегенмен тұтынушы оның абсолютті шындық емес екенін анықтай алады деп күтіледі.

Ақ өтірік – зиянсыз немесе болмашы өтірік, әсіресе, сыпайы болу үшін немесе келесі тараптың көңілін ренжітпеу үшін айтылатын өтірік. Ақ өтірік, сонымен қатар, үлкен жақсылық үшін пайдаланылатын өтірік болып табылады (көркем мінезділік). Тіпті бұл адамды эмоцияналды зақымдайтын шындыққа қарсы қорғаныс үшін қолданылады.

Қазақ түсінігіндегі «өтірік» түсінігі туралы «Мәдени мұра» басылымдарында көптеген мағлұматтар береді (құрастырушы: Б.Майлбаев, Ә.Асқаров):

«Өтіріктер» – қазақ халқының тұрмыс-салтына байланысты туындаған фольклорлық мұралардың ең көне жанры. Оларда суреттелетін оқиға желісі нақтылы шындықтан алынғанымен, ондағы іс-әрекет, кейіпкерлер бейнесі қазіргі тұрмыс-тіршілікке, қоғамдық қағидаттарға жанаспайды. Бүгінгі оқырманға сенімсіз, қиялға, әзіл-оспаққа, кекесін-әжуаға құрылады [4, 37-38]». – дейді анықтамасында.

Расымен, мұнда көркем бейнелер арқылы жасалып, қиыннан қиыстырылған тапқырлық, ойдың өткірлігі мен логикалық жүйенің қисыны сарапқа түседі. Өтірік сөзді балалар ғана емес, ересектер де қызығы, түйсіне тыңдайды, тіпті қазіргі айтыстарда да бұл жанр қайта жанданып, түрленіп, тыңдармандардың көңілінен шығып жүргені белгілі.

«Өтірік» сөзінің құқықтық сипаттамасы


Мемлекеттік қызмет саласындағы үрдіс бойынша лауазымды орынға қабылданған қызметкер арнайы ант қабылдайды. Алайда, лауазым иелерінің халық қызметшісіне жат тірлікпен айналысып, берген антынан айнитыны соңғы кезде жиі кездеседі. Бұл да өтіріктің бір түрі – ант бұзу. Салтанатты түрде берілген антты бұзу халықты алдаумен тең, бұл ол адамның ар-намысынан айырылуы, ең ұятты өтірік.

Қазіргі қоғамда билік деңгейіндегі өтірік (манипуляция) сайлау кезеңінде қыза түседі. Сайлауға түсетін үміткерлерді түрлі мәлімдемелер мен үгіт насихаттарында, жарнамаларда асыра (жоғарыда айтылған – ісіну өтірігі) дәріптеудің нанымдылығы сондай, олар өз өтірігіне өздері сеніп қалатындай десе болады. «Өтірікті шын қылған, ол – адамның қызылқөзді пәлесі!» - деп, жыраулардың жырлағаны осыған саяды.

Құқықтық деңгейдегі фактілер мен ресми ақпарат шынайы мәліметтерден асырып көрсетілуінің бір мысалы: 2014 жыл қорытындысында индустрия және жаңа технологиялар министрі Ә.Исекешов Қазақстанда 1-бесжылдық бойынша 700-ден астам кәсіпорын іске қосылды деп есеп берген. Ал, 2015 жылдың мамыр айында ҚР Парламентінің мәжілісінде Есеп комитеті берген ақпаратта пайдалануға берілген осы 770 жобаның жартысы (42%) немесе 322 кәсіпорын толық қуатымен жұмыс істеуде, ал қалғандары жартылай жұмыс істейді немесе мүлдем тоқтап тұр делінеді [6].

Осылайша, өтіріктің белең алуына бүгінгі қоғамда мына факторлар себеп деп көрсетеді әлеуметтанушылар:

- Қазақтың дәстүрлі адамгершілік мәдениетінің жоғала бастауы (ар-ұят, тыйым, т.б.);
- Ақпараттық кеңістіктің шектен тыс ұлғаюы нәтижесінде жат елдің жалған мәдениет экспансиясының бел алуы;
- Баланы тәрбиелеуде отбасы институты шегеріліп, интернет көздерінің әлеуметтендіруші агент қызметіне ие болуы;
- Қоғамда макиавеллизмге жол ашылуы (пара беру-алу, ашыналық, жағымпаздық, тамыр-таныстық, т.б.);
- Әлеуметтік теңсіздік – бай мен кедей арасының алшақтай түсуі, материалдық байлықтың БАҚ арқылы шамадан тыс насихатталуы;
- Тұтынушылықта күнкөріс қамы, бәсекелестік, пайдакүнемдіктің шектен тыс берілуі [6].



Сурет – 1. Өтіріктің белең алуының сипаттамасы

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Коммуникативтік тілдесім тоналдылығының коннотаттық прагматикалық ерекшеліктері // Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Хабаршысы. Филология сериясы, №2/2 (160). – Алматы «Қазақ университеті», 2016. Б. 22-27.
2. Коммуникациялық бірліктердің сөйлеу актілер теориясындағы көрінісі // Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті Хабаршысы. «Филология ғылымдары» сериясы, № 2 (56). – Алматы, 2016. Б. 20-24.
3. Тілдік коммуникация нормаларының ерекшеліктері // «Тіл құрал – қуатты күш» атты Халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары. – Алматы, 2016 жыл, 29-сәуір. – Б. 86-90.

МАЗМҰНЫ СОДЕРЖАНИЕ CONTENT

Баймырзаев Қ. М. АЛҒЫ СӨЗ	3
Mussekenova A. METHODS AND MEANS OF TEACHING LEGAL DISCIPLINES	4
Адилбекова Г.А. ФОРМАТИВТІ БАҒАЛАУ - ОҚУШЫНЫҢ ОҚУ ЖЕТІСТІГІН САПАЛЫ БАҒАЛАУ КЕПІЛІ	7
Алтай А.А. ҰЛТТЫҚ МАЗМҰНҒА ИЕ МӘТІНДЕРДІ ТАНЫМДЫҚ-КОНЦЕПТІЛІК ТҮРҒЫДА ЗЕРТТЕУ МОДЕЛІ	10
Амыргалиева Л. С. ҚҰҚЫҚТЫҚ ПӘНДЕРДІ ОҚЫТУ ҮРДІСІНДЕГІ ОҚЫТУШЫ МЕН БІЛІМгерлердің бірлескен іс-әрекеті	14
Ансабаев Д.С. Ғ. ОРМАНОВ – ЛИРИК АҚЫН	18
Әбішева М.Е. СӨЗ ӘДЕБІНІҢ ҰЛТТЫҚ-ТАНЫМДЫҚ НЕГІЗДЕРІ	21
Варгентина А.А. ОСОБЕННОСТИ ХРОНОТОПА В ПРОИЗВЕДЕНИИ Ф.М.ДОСТОЕВСКОГО «ДЯДЮШКИН СОН»	25
Дюсенбекова Д.Ж. ҚАЗІРГІ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ БІЛІМ: ҚАЗІРГІ ТЕНДЕНЦИЯЛАР МЕН ДАМУ ЖОЛДАРЫ	29
Есимкулов Б.Н., Қалиақбар А.Ж. НАРУШЕНИЕ ЛЕКСИЧЕСКОЙ И СЕМАНТИЧЕСКОЙ СОЧЕТАЕМОСТИ СЛОВ В РЕЧИ УЧАЩИХСЯ С НЕРУССКИМ ЯЗЫКОМ ОБУЧЕНИЯ	33
Кусайнова Д. З. СӘНІКТІҢ «СЕРГЕЛДЕН» РОМАНЫНЫҢ ЭТНОФОЛЬКЛОРЛЫҚ СИПАТЫ	37
Қожағұлов С.Қ. Ғ.ОРМАНОВТЫҢ ОЙЛЫ, СҰЛУ СЫРЛЫ ЛИРИКАСЫ	41
Қожағұлова М. АБАЙ МҰРАСЫ - ҰЛТТЫҚ ҰСТАНЫМНЫҢ ТЕМІРҚАЗЫҒЫ	45

Құсайынқызы А. 3.СӘНІК ЗЕРТТЕУІНДЕГІ ФОЛЬКЛОР ТУЫНДЫЛАРЫНЫҢ ТАРИХИЛЫҒЫ МӘСЕЛЕСІ	51
Меирхан Ш.Е. «ҚАЗАҚ ТІЛІ» САБАҒЫНДА МӨЛШЕР КАТЕГОРИЯСЫН ОҚЫТУ	55
Мухаметкали С.Х. «ҒАЛИ ОРМАНОВ – ҚАЗАҚ ПОЭЗИЯСЫНДА ӨЗІНДІК АЙТАРЫ, ӨЗІНДІК ҮНІ БАР АҚЫН»	59
Сыдықов Т. АСЫЛ СӨЗДІҢ АРДА АҚЫНЫ	62
Тажинова Г. А., Карабаланова Ж.М. МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМЫНДА БЕЙНЕЛЕУ ЖӘНЕ ҚҰРАСТЫРУ ҚЫЗМЕТІ БОЙЫНША ЖҰМЫСТЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖОЛДАРЫ	68
Тойлыбаева Л. И. ӨНІ ӨЗГЕРСЕ ДЕ СӨЛІ ҚАЛҒАН, ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ БАЙЫРҒЫ ҚАРА ЕСЕПТЕРІ	75
Шайкен А.Ғ. «ӨТІРІК» КОНЦЕПТІСІНІҢ КОГНИТИВТІК СИПАТЫ	82

**«ҒАЛИ ОРМАНОВ МҰРАСЫНЫҢ ҚАЗІРГІ ӘДЕБИЕТТАНУДАҒЫ
ОРНЫ МЕН МАҢЫЗЫ»**

Республикалық ғылыми-тәжірибелік (онлайн) конференция

МАТЕРИАЛДАРЫ

МАТЕРИАЛЫ

Республиканской научно-практической онлайн-конференции

**«РОЛЬ И ЗНАЧЕНИЕ НАСЛЕДИЯ ГАЛИ ОРМАНОВА
В СОВРЕМЕННОМ ЛИТЕРАТУРОВЕДЕНИИ»**

MATERIALS

of the Republican scientific and practical online conference

**«THE ROLE AND SIGNIFICANCE OF THE LEGACY OF GALI ORMANOV
IN MODERN LITERARY CRITICISM»**

Компьютерлік қалыптаушы – Жепенова Г.М.

Мұқабының дизайні – Айдарбеков Р.А.

(Тапсырыс беруші файлынан басылды)

Басуға қол қойылды 03.06.2022 ж.

Өріп түрі «Times New Roman». Қалыбы 60x84/8. SvetoCopy қағазы

Таралымы 20 дана. Ш.т.б. 11.0. Тапсырыс № 00439

І.Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, Имидждік саясат орталығы
040009, Талдықорған, Жансүгіров көшесі, 187а

(Распечатано с файла заказчика)

Подписано в печать 03.06.2022 г.

Гарнитура «Times New Roman». Формат 60x84/8. Бумага SvetoCopy.

Тираж 20 экз. У.п.л. 11.0. Заказ № 00439

Жетысуский университет им. И. Жансугурова, Центр имиджевой политики
040009, Талдықорған, ул. Жансугурова, 187а